

НЫҒМЕТ ҒАБДУЛЛИН

# ӨМІР КҮЙІ

*Очерктер*

Северо-Казхстанская  
ОБЛАСТНАЯ БИБЛИОТЕКА  
г. Петропавловск

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ  
ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ

Алматы — 1961

5

## ОНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ

— Менің шахтада жұмыс істегеніме биыл отыз екі жыл, Қарағанды көміріне 1928 жылы келіп түскенмін. Өзімнің еңбек жолым, нағыз өмір жолым сол жылдан басталады.

— О кезде жасыңыз қаншада еді?

— Дәл жиырма үште болатынмын...

Енді біз де осы адамның өмір жолына көз тігіп қалып едік...

### 1

Қазақ арбаға жегілген күрең ат ақырын ғана бүлкілдеп жортып келеді. Басын шұлғып, жиі-жиі пысқырынады. Күн шыжып тұр. Көптен жаңбыр жаумағандықтан даланың реңі кетіп, қуқыл тарта бастаған. Ат жегіп отырған дөңгелек шоқша сақалды шал бөркін алып, тершіген маңдайып қалың шапанының ұзын жеңімен сүртіп жатып:

— Мына күнің қайтеді, жарқыным, қуырып, күйдіріп барады ғой. Қарағандыға жеткенше түтігіп кетпесек жарар еді,— деді де қасындағы жас жігітке бұрылды,— үйден алып шыққан сусын-мусының жоқ па, шырағым?

— Сусын жоқ. Орап алған азырақ піскен ет пен нан бар,— деді жігіт.

— Үйден сусын алып шықпағаның жарамаған,— деді шал. Ол енді көршісіне таңырқай қарады.— Өзің ауылдан жаяу-жалпы шығыпсың. Сенің аулыңнан Қарағандыға дейін елу шақырымдай жер. Жолшыбай мен кезікпе-

сем қайтер едің? Күн болса мынау, күйіп тұрған. Таңдайым кеуіп, қаталап өлермін деп ойламадың ба? Шыныға кұйып, тым болмаса бір тостаған су ала шықпағаның ағаттық болған.

— Шешем шалап жасап, торсыққа кұйып қойып еді, үйден шығарда ұмытып кетіппін.— деді жігіт.

— Е-е, ұқтым сырынды, бұдан бұрын үйіңнен арқач бойы ұзап жолаушы шықпаған пенде екенсің ғой.— деп күлді шал.— Ендігәрі есінде болсын, шырағым, бұрынғылар айтқан сөз бар: жолаушы өз үйінен қырық қадам ұзап шыққаннан кейін мүсәпір болады... Ал енді жөніңді айтшы, өзің немене, Қарағандыға қонаққа бара жатырсың ба?

— Жоқ.

— Онда туыстарың бар ма еді?

— Жоқ.

— Ендеше не аласың Қарағандыдан?

— Жұмысқа келе жатырмын. Шахтаға кіремін...

— Өзің тым нәзіктеу көрінесің, бойың да қораштау. Шахтаға сені алар ма екен?

— Қайдан білейін... Жұмысқа орналасуыма біреу жәрдем етпесе...

— Ондай танысың бар ма еді?

— Жоқ.

— Ендеше өзіңнің талабың мен қайратыңа ғана сен,— деді шал.

Бұл сөз жас жігіттің жүрегіне жылы тиді. Көңілінде үміт сәулесі қылаңдап, қара торы жүзінде әсерлі бір толқын білінді. Ол енді тәтті бір ойдың құшағына еніп кетіп еді.

Шал да бір ойға шомды білем, делбені бос ұстап, төмен қарап, үнсіз отырып қалды. Сауыры ақ көбікпенін тершіген күрең ат пыскырынып қойып, ақырын ғана бұл кілдеп жорта берді. Күпшегі қаңсыған қазақ арба шығыры сып әндетіп келе жатты.

Бір жайпақ жоннан еңкейіп түсе бергенде, көз ұшағы да бұлдырап, оқшау-оқшау шаншыла біткен сүйір таулар көрінді. Жас жігіт орнынан сәл көтеріле беріп, қозығып, таңырқап қараған еді.

— Шахты дегенің сонау көрінген төбелер, — деп сіндірді шал.

— Төбелер? — Жас жігіт шалдың сөзін ұғындырмай қалды.



— Не, сол төбелер. Бірақ бұлар табиғаттың жасағаны емес, адамның жасаған таулары. Жер астындағы көмірді алу үшін ең алдымен оған жетер жолды үңгіп қазып, жердің бірталай қабатын сыдырып, сыртқа шығарып тастайды. Анау төбелер — сол үйінділер. Қызып, қоңырсып, бықсып жатады.

— Шахтаның іші де қоңырсып, бықсып жата ма екен? — деп жүдіктене сұрады жігіт.

— Өтірік айтпайын, о жағын білмеймін, шырағым. Ал шахтадан қайтып келе жатқан жұмыскерлерді бірнеше рет көрдім. Кімнің кім екенін айыра алмайсың. Жылтыраған көздері ғана көрінеді. Жеті қабат жер астына түсіп, көмір қопару оңай деймісің, шырағым. Жандары сірі ғой олардың. Өзің де осыларға қосылғалы келе жатыр екенсің, жолың оңғарылтсын!..

Бұлар алыстан бұлдыраған сүйір тауларға жақындаған кезде төменде, ойпанда, қаз-қатар тігілген кигіз үйлер көрінді. Жарты денесі топыраққа көмілген аласа жер-барактар көзге шалынды. Жас жігіт енді-енді анық байқай бастады, үймелеп, ығы-жығы орнаған жер үйлер тіпті көп екен. Біріне бірі ұқсаған, терезелері сығырайған, төбелері жалпиган баспаналар. «Мынаның ішінен өзіңнің үйінді адаспай тауып алу да оңай болмас» деп ойлады жігіт.

Бір ұзын барактың тұсына келгенде шал аттың басын оң жаққа бұрды да қос терезелі аласа жер үйді қамшысымен нұсқап көрсетіп:

— Анау біздің үй,— деді. Одан соң қамшысымен алдыңғы жақты нұсқап.— Анау биік ақ үй — төртінші шахтаның кеңсесі. Анықтап көріп ал, межелеп ал,— деп ескертті.

— Отағасы, мен осы арадан түсіп қалайын,— деді жігіт.

— О несі, әуелі біздің үйге түсіп, шай-суан ішіп, әлденіп алмайсың ба? — деді шал.

— Ең алдымен кеңсеге барып, жұмыстың жағдайын білейін, келген шаруамды тындырайын,— деп жағдайын айтты жігіт.

— Ендеше өзің білесің, шырағым,— деді шал.

Жас жігіт шалмен қоштасып арбадан түсіп қалды да, төртінші шахтаның кеңсесіне қарай бет алды. Кейін қайтқанда келген ізінен адасып қалмау үшін жан-жағына абайлап қарап, әр белгіні көңіліне тоқып, ақырын

жүріп келе жатыр еді. Иықтарына қайласын салған екі кенші мұның алдынан көлденеңдеп өте берді. Жас жігіт бір ғаламат көргендей оларға таңырқай қарап, қозғалмай тұрып қалды.

— Жігітім-ау, жолдың қақ ортасында неге тұрып қалдың? — деді біреу ту сыртынан. Жас жігіт селт етіп, жалт бұрылып қарап еді, үсті-басы, бет-аузы қап-қара күйе бір адам аппақ күрек тістері жылтырап, жымыып тұр екен.

— Немене, біз сияқты адамды көрмеп пе едің бұрын? Көрмесең, жақсылап көріп ал. Мен — шахтермін. Осы қазір шахтадан, жұмыстан шыққан бойым, — деп күле сөйледі ол.

Жас жігіт бейтаныс адамның оқыс сөзіне аң-таң боп қалды.

— Сіз кімсіз? Мен тани алмай тұрмын, — деді.

— Өзің кімсің? Қайдан жүрген адамсың? Бұл маңда бейсеует кісі жүрмейтінін білесің бе?

Бұл сұраудан жас жігіт қорқайын деді. Сәл шегіне түсіп:

— Мен бейсеует жүрген кісі емеспін, осында жұмысқа орналасуға келдім, шахтер болғым келеді, — деп ақтала сөйледі.

— Ә-һә, шахтерлерге сыртынан қызыға қарап тұрғаның сол екен ғой... түсінікті, түсінікті. Ал, ер соңымнан! — Бейтаныс адам әлгі екі кенші кеткен жаққа бұрылып, ілгері жүрді. Жас жігіт оған ілесудің де, ілеспеудің де орайын таба алмай, кібіртіктей беріп еді.

— Ер соңымнан! — деп қаттырақ дауыстады бейтаныс адам. Жас жігіт аяғын жүгіре басып қасына жақындағанда ол, — өзің су жүректеуісің, қалайсың? — деп әзіл қағыта күлді.

— Мен төртінші шахтаның кеңсесін іздеп келе жатыр едім...

— Шахтаның бастығы керек пе еді?

Жас жігіт бас изеді.

— Ол қазір кеңседе жоқ. Құн ұзын шахтада болып, үйіне әлгі әзірде ғана кеткен. Ертең жолығасың.

Жігіт томсарып қалды.

— Ертең өзім ертіп келіп жолықтырайын. Асықпа, құн жетеді. Алыстан келген түрің бар көрінеді, бүгінше жатып дем ал, — деді де бейтаныс кенші ауылдан келген жігітті қасына ертіп аяңдады.

— Өзіңнің ныспың кім? — деді ол жаңа танысына жымыя қарап.

— Төлеубай.

— Менің атым Шәкен. Қай ауылдансың?

— Жетінші ауылданмын.

— Нұраның жоғарғы жағынан екенсің ғой. Әке-ше-шең бар ма?

— Бар. Ауылда.

— Аға-іні, апа-қарындасың бар ма?

— Жалғызбын...

Шәкен танысының тағдырына ой жіберіп, біраз жерге дейін үндемей келе жатты да, сөзін қайта сабақтап сұрау қойды:

— Жұмысқа орнығып, үй-жайыңды сайлаған соң әкешенді осында көшіріп әкелетін шығарсың?

— Көшіріп әкелемін, — деді Төлеубай.

Екеуі аласа жер үйлердің ара-арасымен төтелей жүріп, қатар-қатар тігілген кигіз үйлерге қарай беттеді. Шеткерірек қонған жұпынылау кигіз үйге жақындағанда, Шәкен негін көтеріп:

— Біздің отау осы. Бөксесі жерге батқан землянкеге кірмей, еркіндеп отырмыз. Мен де шахтаға жуықта келген адаммын. Тәуірірек үй салып алуға, қысқа жіп күрмеуге келмей жатыр. Әлі жаз ортасы ғой, қарашаның суығы түскенше әйтіп-бүйтіп бір харекет жасармын, — деді.

Кигіз үйден орта бойлы, ақ көйлекті, оқалы жасыл барқыт қамзол киген бір қыз шыға келді де, лып етіп қайтадан ішке кіріп кетті.

— Өзімнің қарындасым. Мен жұмыстан оралар мезгілде тамақты пісіріп, үйдегі бар жанды маған қаратып қойып, өстіп күтіп жүреді ылғи, — деп көңілдене жымыды Шәкен.

Кигіз үйдің есігі қайтадан ашылғанда, ар жағынан үлкен жез құман көтеріп келе жатқан қыз көрінді. Шәкен сырт киімдерін шешіп, есік алдындағы қадаға іле салды да, іш көйлегін де басынан сыпырып тастап, беті-қолын жууға әзірленді. Мойнын тосып, еңкейе беріп:

— Суды әуелі төбемнен құйып жіберші, сергіп алайын, — деді қарындасына.

Төлеубай қыздың әр қимылын көзінің қиығымен ғана бақылап үнсіз тұр еді. Бір кезде қыз бұған жалғ етіп

қарап қалғанда, жігіттің екі беті дуылдап, құлағына дейін қызарып кетті.

— Бибіғайша, шәйнектегі жылы су қонаққа жетпей қап жүрмесін, маған үнемдеп құй,— деді Шәкен мойнын жуып жатып.

— Қонақ көмір қазбаған сияқты ғой, бір қасық су да жететін шығар ол кісіге.— деп қыз сыңғырлап күлді.

Төлеубай төмен қарап қызара жымиды.

— Қонақ, бері келіңіз, қолыңызға су құяйын,— деді қыз бір кезде оған.

Төлеубай үнсіз барып қолын жуды. Қыз орамал әперді.

— Көп жасаңыз,— деді Төлеубай сөзің тісінің арасынан әрең шығарып.

— Айтқаныңыз келсін! — деді қыз.

Үйге кіргенде Шәкен қонаққа жол беріп, төрге шығарды да, отырғандарға бұл жігіттің аты-жөнін, қай жақтан, қандай мақсатпен келгенін айтып таныстырып өтті.

— Дәм үстіне тура келдің, жолың болады екен. Шахтер болсаң, бағың жанады, қарағым,— деді үйдегі ақсақал адам.

Төрге дастарқан жайылып, табақ тартылды. Бибіғайша ағасының оң жағынан келіп бір қырындай отырып еді. Төлеубай ептеп қана қарап қойды. Қыздың жазық мандайы, ұшы келтелеу қырлы мұрыны, жұмырлау біткен негі қырынан қарағанда аса сүйкімді көрінеді. Ендігі бір сәтте жігіт қыз жүзіне телміре ұзақ қарап қалды. Мұны ең алдымен Бибіғайша өзі байқады да, қымсына қызарып, сәл жымнып, жүзін бұрып әкетті.

— Төлеубай, ауылдан бүгін шықтың ба? Жаяу шықсаң, қалай тез жеткенсің? — деп сұрады Шәкен, қонағының көлігі жоғын енді ғана есіне алып.

— Ауылдан екі шақырымдай ұзаған кезде осы сіздер жақтың бір жолаушысына тап болдым. Жақсы кісі екен, атының терін аяған жоқ, арбасына мінгізіп алды,— деді Төлеубай.

— Жөнін айтты ма? Кім деген кісі екен?

— Білмеймін. Сұрамадым... әйтеуір осы тұста, бір жер үйде тұратын көрінеді.

— Е, Рашиттің әкесі екен ғой. О кісінің баласы үлкен шахтер,— деді Шәкен.

— Мен онысын қайдан білейін, әйтеуір шалдың өзі

өте жақсы адам екен, соған көзім анық жетті, — деп Төлеубай шынын айтқанда, үйдегілер қонақ жігіттің сөзін қызық көріп күлісіп қалды.

— Құрбым, бір ескерту жасайын, біздің халық: «мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл» дейді ғой, бұдан былай осыны есінде сақтарсың, — деп Шәкен қонағының нығына қолын салып күле сөйледі.

Төлеубай да күліп басын изеді.

Тамақ желініп, дастарқан жиылғаннан кейін Шәкен мен Төлеубай тысқа шықты. Екеуі қигіз үйдің көлеңкесінде қисайып жатып әңгімелесті.

— Сауатың қалай? Қара танысың ба? — деп сұрады Шәкен.

— Мәз емеспін, — деді Төлеубай.

— Шахтаның бастығына «жұмысқа ал» деп өтінішті қалай жазасың?

— Орысша жазу керек пе?

— Қазақша жазуға да болады.

Төлеубай ойланып қалды.

— Сен көмектессең, мен өзім жазып көрейін, — деді Шәкенге.

— Мақұл!

Шәкен орнынан шапшаң тұрды да, үйден қағаз, қарындаш алып келді. Екеуі Төлеубайдың атынан Қарағандының төртінші шахтасының бастығына өтініш жазуға кірісті.

## 2

Төртінші шахтаның бастығы самай шашы буырыл тартқан, көпті көрген, егде коммунист еді. Төлеубайдың өтінішін ішінен оқып шықты да, жігітті сынағысы келгендей, оқыс-оқыс сұрау қойды.

— Шахта жұмысы ауыр жұмыс. Қиындыққа шыдамай, бір күні ауылға қашып кетіп жүрмейсің бе?

— Жоқ, — деп сөзге сараң Төлеубай да жауапты келте қайырды.

— Әйелің бар ма?

— Жоқ.

— Қалыңдығың ше?

— Жоқ.

— Ұнатқан қызың да жоқ па?

— Бар, бірақ ауылда емес...



— Осы Қарағандыда ма?

Төлеубай үндемеді.

— Сырынды ашқың келмей ме?.. Мейлің ендеше,— деп шахта бастығы езу тартты, — Қарағандыда туысқаныңның үйі бар ма?

— Жок.

— Ендеше бойдақ жігіттер тұратын баракқа орналастырамын. Жеке пәтер алғың келсе, қалыңдығыңды үгіттеп, тезірек үйлен,— деп шахта бастығы сөзінің сонын әзілге тіреді...

Жас жігіт бастықтың кабинетінен көңілді шықты. Коридорда Шәкен күтіп тұр еді.

— Жұмысқа алындым! — деді Төлеубай қуанып.

— Бүгіннен бастап енді сен де шахтёрсің! — деп Шәкен оның қолын қысып құттықтады...

Төлеубай сол күні Шәкенмен бірге түнгі сменаға жұмысқа барды. Шахтаның аузына тақап келгенде, ол жұрттың соңын ала беріп Шәкенге өзінің аздап жүрексініп тұрғанын айтып еді.

— Ештемеден қорықпа, менің соңымнан ере бер, бәріміз бір лавада боламыз,— деді Шәкен.

Жұрттың алды шахтаға түсіп кетті. Төмен қарай құлаппа, қатты жүріп барады. Ештемеден қаймығар, жасқанар түрлері жоқ, жер астының жолына әбден үйреніп алған. Төлеубай әрең ілесіп келеді. Ұзын штректің төбесіне қойылған тіреуге қараймын деп, аяғы сүрініп кетіп, бір рет етпетінен жығылды. Әйтеуір аброй болғаны, артта келе жатқандықтан, оның құлағанын ешкім де аңдамай қалды.

Бұлар көлбеу штректі бойлап, шамасы бір жарым шақырымдай жүргеннен кейін, жер астының жолы екі айырылып кетті де, кеншілер оңға бұрылды. Штрек әрі аласарып, әрі тарыла түсті. Бұл тұстың жарығы да әлсіз екен, штрек іші қаракөлеңке тартып тұр.

Төлеубай жан-жағына күдіктене қарап келе жатыр еді. Бір кезде оған штректің төбесі күтірлеп құлап бара жатқандай елестеп кетті.

— Жолдастар, сақтаныңдар! — деп алда келе жатқан бригадир дауыстап қалғанда Төлеубай үрейленіп Шәкенді құшақтай алды.

— Ой, не болды саған, адамның даусынан қорыққаның ба? — деп Шәкен күліп жіберді.

— Бұ не мынау дүрсілдеген? — деді Төлеубай үрпиіп.

— Көмір тиелген вагонеткалар ғой келе жатқан. Қазір алдымыздан зымырап өткенін көресің. Бригадир осы вагонеткалардан сақтаныңдар деп дауыстады әлгінде,— деді Шәкен.

Тарсыл-гүрсіл күшейген кезде Төлеубай лүпілдеген жүрегін басып, алдыңғы жаққа мойнын созып қарап еді. Көмір тиелген вагонеткалар тізіліп өтіп жатыр екен. Біркелкі екпінмен, біркелкі әуенге басып тартып барады. Төлеубай қызыға бастады. Ең соңғы вагонетка өткенше таңырқап қарап тұрды.

Кеншілер тағы да ілгері жүріп кетті. Елу метрдей ұзап барды да, оң жақтағы лаваға бұрылды. Төлеубайға, алғашқыдай емес, бұл жердің жолы қиындау тиді. Көбінесе еңкейіп жүріп, кей тұстардан тіпті еңбектеп өтті. Топқа ере алмай қалып қоймас үшін бар күшін салды. Әбден терледі. Шәкен жиі-жиі бұрылып, оны бақылап қойып отырды.

— Бірінші рет қиын болады, кейін бұл жолмен аттай жортасың,— деп жолдасына демеу береді.

— Жеттік забойға! — деді ол бір тұсқа келгенде.

— Қайсы? — деп Төлеубай қалт тоқтады.

Шәкен кеншілердің алды іркіліп бөгелген тұсты қолымен нұсқады.

— Қайсы? Анау үңгірді айтасың ба? — деді Төлеубай.

— Иә, соны айтамын. Ол үңгірдің арғы жағы қаптанған көмір, қайнаған өмір,— деп Шәкен ақындарша сөзінің соғын тақпақтап әкетті.

Кеншілер сәл тыныстап, аялдағаннан кейін бригадир өз тобына тапсырмалар берді. Әркім үйренген орнына барып, дағдылы жұмысына кірісті.

— Сен тачка тартасың,— деді бригадир Төлеубайға. Төлеубай мұның қандай жұмыс екенін білмесе де, басын изеді.

— Шәкен, бұл жігітке сен бас-көз бол, істің жайын үйретерсің,— деп тапсырды бригадир.

Шәкен жайпақ астау сияқты жалпиған темір шананы сүйреп әкелді де, шыпжыр бауын Төлеубайдың қолына ұстатып:

— Міне, тачка дегенің осы. Мен де тачка тартамын. Ендігі бар жұмысты маған қара да істей бер,— деп, өзі алға түсіп, забойды бойлап, ағаш тіреулердің арасымен ілгері жүрді.

Нағыз қарбалас жұмыс забойда екен. Қайлашылар тас көмірмен бетпе-бет айқасып, қалың жынысты екпіндей ұрып, жігінен соғып, опырып құлатып жатыр. Тачка тартушылар опырылған көмірді темір шаналарына тиеп алып, забойдың бергі басына сүйреп әкеліп, вагонеткаларға төгуі керек.

Қара жермен шана сүйреу оңай ма! Төлеубай тачкасына көмірді үйіп салып, енді жылжымақ болып еді, бірақ жүгін орнынан қозғалта алмады. Тачка табаны бір бұдырға тіреліп тұрма деп ойлап, ол қос қолдап, жұлқып тартып қалғанда, жалаңаш алақанына темір шананың шынжыр бауы қатты батып кетті. Уысын жазып жіберді. Екі алақаны удай ашыды. Қалтасынан биялайын алып киді де, тачкаға қайтадан жегілді. Шірене тартып, әрең-әрең жылжып бара жатыр еді. Шәкен мұны нығынан қағып тоқтатып:

— Мына қалыңмен қазір-ақ болдырасың. Жеңілдет жүгіңді. Көмірді әліне қарай тие де, мықшындамай тарт.— деді ескертіп.

Төлеубай оның тілін алды. Жүгін аздап жеңілдеткен соң тачканы еркін сүйреп әкетті. Шәкеннен қалыспай, забойдың басына тоқтамай жетті де, әкелген көмірін вагонеткаға салдыр-гүлдір еткізіп төңкере салды... Сөйтіп, өзінің бірқалыпты жүйесімен осы жұмыс қайталана берді...

Смена уақыты бітіп, кеншілер шахтадан сыртқа шыққанда, таң атып, күннің көзі арқан бойы көтеріліп қалғанды. Жұмыскерлер әр тарапқа бөлініп, өз тұрақтарына бет алды.

— Қарның да ашқан шығар, шөлдеген де шығарсың. Баракқа барған бойда саған кім ыстық шай бере қояр дейсің. Жүр, біздікіне бұрыл. Біздің үйдің сары самауыры қазір есік алында күжілдеп тұр, — деп Шәкен Төлеубайды өз үйіне шақырды. Бой жеткен қызы бар үйге осы жұмыстан шыққан күйінде баруға ұялып, Төлеубай тартыншақтап еді, Шәкен оның ыркына көнбеді. Жігітті қасына ертіп, қолтықтап алды.

— Сен бір айтсан, айтқаныңнан қайтпайды екенсің,— деп Төлеубай еріксіз жымыды.

— Сенің тұйықтау мінезің бар екен. Жадырауың керек. Өтірік ұялатын кәрі қыз емессің ғой,— деп Шәкен әзілдеді.

Бұлар үйге келгенде, Шәкеннің айтқанындай, сыртта,

есік алдында сары самауыр екі иінен дем алып, бұрқылдап тұр еді. Ағасы дыбыс бергенде, Бибіғайша үлкен жайпақ шелекпен су алып шықты. Бір қолына сабын ұстап, қарына орамал ілген.

— Жігітім, әуелі сен жуынып ал,— деді Шәкен сырт киімін шешіп, қағып-сілкіп жатқан Төлеубайға.

Төлеубай бұрыла берді де, қасына шелекпен су алып келіп қалған Бибіғайшаны көргенде, өзінің шаң-тозаң басқан кір-кір сиқынан қысылып, бір түрлі ыңғайсызданды. Жігіттің жас балаша қымсынған түріне қыз күліп жібере жаздап, жұмыр білегімен бетін қалқалады. Төлеубай енкейіп қолын тосқанда ол сырты тостағандағы суды лақ еткізіп бірден құя салды. Жігіт ыстық темірге алақанын басып алғандай, қолын шапшаң тартып алды. Қыз мырс етіп күліп жіберді:

— Өзіңіз қандай қорқаксыз!

Ол Төлеубайдың қолына қайнаған су құйып жіберген жоқ еді. Тачка тартқан жігіттің екі алақаны қып-қызыл боп қолдырап қалған екен де, су тиіп кеткенде, ойып түсе жаздаған. Төлеубай бұл сырып қызға байқатпауға тырысып, қолын суға қайыра тосып, бірақ алақанын қатты ысқыламай, ақырын жуынды.

Ол осы үйден шай ішкеннен кейін, өз барағына кетті. Жол бойы Бибіғайшаның қылықтарын, сөздерін есіне түсіріп, ақ жарқын мінезді қыздың әсем жүріс-тұрысын, сыпайы, епті қозғалысын, қара торы келбетің көз алдына елестетіп барды. «Көңіл қосқан адамы бар ма екен?» — деп ойлады Төлеубай. «Сірә, жоқ шығар. Өздері де бұл жерге жақында көшіп кепті ғой», — деп топшылады.

Төлеубай Бибіғайшаны әуел көргенде-ақ ұнатып қалғанды. Шахта бастығына өтінішін алып барғанда, оның: «ұнатқан қызың бар ма?» деген сұрауына жауап қайырығанда, жас жігіт Бибіғайшаны есіне алған. Ол қазір келе жатып сол айтқан сөзің жөнсіз көрді. «Қыз мені ұната ма, ұнатпай ма?» — деп ойлады. Осы ойын әр саққа жүгіртіп, сынап-байқап көрді де «сірә, ұнататын шығар. Мен де ешкімнен кем емеспін ғой», — деп түйді. Қыз бен жігіттің бірін-бірі қалтқысыз адал сүйі, ғашық болуы адамшылық қасиеттердің асылдығына байланысты деп біледі. Төлеубай қазір өз бойынан осындай асыл, жақсы сапа іздегендей, көңілі алабұртқандай. Жүрегіне өзгеше бір нәзік сезім оралғандай...

Сол күннен бастап оның Бибіғайшаға деген ынтығы

арта берді. Әр нәрсені сылтауратып, Шәкен құрбысының үйіне жиі барып жүрді. Бірақ қызбен сөйлесудің ретін таба алмай қойды. Еркін, ерке мінезді Бибіғайша кейде бұл тұйық жігітті жұрттың көзінше әзілдеп, сөзбен іліп-қағуды шығарды. Осындай сәттерде де Төлеубай оған жауап қайтара алмай, шекесі қызарып, төмен қарап, құр жымияды. «Бұл қыз мені келеке еткісі келе ме?» деп, соңынан ойға шомып, томсарып қалады.

Төлеубай дәл осылай томсара қалған бір жолы Бибіғайша оған күлімсірей бұрылып:

— Сөзімді көңіліңізге ауыр алып қалмаңыз. Жек көрген кісіммен бұлай әзілдеспеймін, осы айтқанымды ұмытпаңыз,— деді.

Қыздың сөзі жігіттің ішін жылытып жіберді: «Мені жақсы көреді екен ғой өзі!» деген бір үміт көңілінде қылаң ете қалған Төлеубай жүзі нұрланып:

— Ұмытпаймын осы айтқан сөзіңді,— деді қызға ақырын ғана.

Екеуі кигіз үйдің сыртында, көлеңкеде оңаша отыр еді. Сөзімді бөгде біреу естіп қоймады ма дегендей, Төлеубай мойнын созып жан-жағына қарады.

— Ауылда өскен қазақ қыздарының көбі ұяңдау болады ғой. Мен де ауылда өстім. Бірақ ұяң емеспін,— деді Бибіғайша. Содан кейін жымияп, ернін тістеп, үндемей қалды да, сәлден соң ойын қайтадан өзі дамытты.— Сөзімнің әлпетіне қарай, мені жеңілтек қыз екен деп ойлап қалмаңыз. Қиындық көрмей бұла боп өскен қыздар ғана жеңілтек болады. Біздің әкеміз, ағайындарымыз — бәрі де жарлы болған. Жоқшылықтың зардабын қаршадай кезімізде көріппіз. Үйішімізді қатты күйзелтіп кеткен бір оқиға әлі есімде. О кезде мен он екі жаста едім. Бір үйлі жан ағына қарап отырған жалғыз снырымызды бір түні ұрлап әкетті. Әкем неше күндей сабылып іздеді, біз де зыр жүгірдік, табылмады. Сиырдан айрылып, сондағы ашыққанымыз әлі есімнен кетпейді.

— Енді оқасы жоқ, қазір заман жақсарды ғой,— деді Төлеубай.

— Әрине, қазір жақсы. Мен өткенді еске түсіріп отырмын. Сіз, мүмкін, біз сияқты жоқшылық көрмей өскен шығарсыз,— деді Бибіғайша.

— Біздің тұрмысымыздың да жетіскен жері жоқ.

— Онда тағдырымыз ұқсас екен. Өз өміріңізден әңгіме айтыңызшы,— деп өтінді Бибіғайша.

— Өмірімде елеулі ештеме жоқ... не айтамын...— деп Төлеубай екі алақанын жайды.— Өзім ауылда тудым, ауылда өстім. Мал бақтым, пішен шаптым. Өткен жазда ауылға келіп кеткен бір қызметкер немере ағайдың ақын алып, Қарағандыға келдім. Шахтаға кірдім... Басқа айтарым жоқ. Бар өмірім осы...

— Болашағыңыз қандай болады? — деді қыз.

— Оны мен қайдан білейін,— деп Төлеубай ақырын мырс етті.

— Неге білмейсіз? — деді Бибіғайша күліп.

Қыздың бұл сұрауы шыны яки ойыны екенін Төлеубай айыра алмады. Сонда да жақсылыққа жорып, қыз осы сауалды менде көңілі болғандықтан қойып отыр-ау деп ойлады. Қазір өз жүрегінің сырын ағытса, қыз құп алардай сезілді оған. «Іркілме, айт сүйетіндігіңді!» деп, бір батыл сезім алға түсіп ілгері жетелегендей болды. Бірақ тілі күрмеліп, жігіт мүдіре берді...

... Төлеубай Бибіғайшаны сүйетіндігін қызға бір жылға дейін айта алмай жүрді. Талай орайы келгенде, аузына сөзі құрғыр түспей қалып, діңкесін құртты.

«Бір жыл қалай тез өтіп кетті?»

Төлеубай осы ойға көміліп, барактың алдындағы ұзын скамейкада оңаша отыр еді. Қараңғы түсіп, ымырт үйіріліп бара жатқан кез болатын. Пар ат жегілген көк арба салдырлап, барактан өте беріп тоқтады да, бір адам қараңғыда қалбаңдап жерге түсті.

— Осы маңайдан біреуден сұра, балаңның қай баракта тұратынын сілтеп жібереді ғой,— деді арбадағылардың біреуі. Көк арба қайтадан салдырлап кете барды.

Төлеубай басын көтеріп қарап еді, әлгі арбадан түскен жолаушы қалай беттерін білмей аңырып тұр екен.

— Уа, кімді іздедіңіз? — деп дауыстады Төлеубай.

— Әй, сен, Төлеубайдың өзімісің?

Төлеубай әкесін даусынан танып, қарсы жүгірді. Жете беріп сәлем берді. Әкесінің нығындағы дорбаны өз қолына алды.

— Адасып кетем бе деп қорқып едім, жақсы болды-ау далада отырғаның,— деп қуанды әкесі.— Кеше шықтым, жүргінші кездеспей, жолда бір қондым. Әрең жеттім,— деді. Содан кейін баласының хал-жайын сұрастырды, үй ішінің, ауылдың амандығын білдірді.

Үйге кіріп жайланып отырған соң Тұрсынбек баласы-

на өзінің осы жолы екі түрлі мақсатпен келгенін айтты.

— Әуелі сені, тұрмысыңды өз көзіммен көргім келді. Үсті-басыңды, төсек-орныңды әп-әдемі түзетіп алыпсың. Бізге жіберген ақшаларыңа біз де қонданып қалдық. Жұмысты жақсы істейді деген жақсы атағыңды естідім. Мұның бәріне ата-анан разы,— деп Тұрсынбек сүйір сакалын бір сипап қойды,— осы келгенде айтпақ болған екінші бір мақсатым бар. Келуімнің ең басты себебі де осы... Әке-шешен жасарып бара жатқан жоқ. Күтіп жүргеніміз жалғыз сенің қызығың. Үй болған қызығыңды қашап көрсетесің бізге? Осыны біле келдім. Не дейсің?

— Не дейін... айтқаныңның бәрі де дұрыс,— деп Төлеубай бәсең үнмен сөз қатты.

— Олай болса, біз енді қамданамыз, біреуге құда түсеміз. Бұған не дейсің?

— Хабарын кейін берейін, өзім айтайын,— деп тілек қылды Төлеубай.

Байлау осы болды. Тұрсынбек ертеңіне бір жүргіншілерге ілесіп, ауылға жүріп кетті. Төлеубай әкемен арада болған әңгімені әрі ойлап, бері ойлап, «өздері біреуге құда түсіп қояр» деп бір жағынан күдіктеніп, не де болса, Бибіғайшаға тезірек сөз салуға бел байлады.

Кеш батып, көше қаракөленке тартқан кезде ол осы ниетпен Шәкеннің өткен күзде салып алған жаңа үйіне ақырын аяндап, беттеп келе жатыр еді. Сәті болғанда, Бибіғайша сыртта самауыр қойып жүр екен. Төлеубай білдірмей келіп, қыздың есімін атап, дыбыс берді. Самауырға кәкпірмен шоқ салып тұрған Бибіғайша жалт етіп қарап, Төлеубайды көріп, жымнып күлді.

— Бибіғайша, мен саған келдім...— деді Төлеубай ақырын сөйлеп.

— Айтыңыз,— деп қыз мойнын бұрды.

Төлеубай кібіртктеп қалды.

— Айтыңыз,— деді Бибіғайша көзі күлімдеп.

— Менің әкемнің келгенін естідің бе? — Төлеубайдың үні тіпті бәсең шықты.

— Естідім. Иә, оны неге сұрадың?

— О кісі бір мақсатпен келіпті... Менің үй болғанымды тезірек көрсем дейді... Маған үйлену керек... Осы ойымды қалай көресің?

— Менен ақыл сұрап тұрсыз ба? — деді Бибіғайша. Төлеубай жымнып, басын изеді.

— Үйленіңіз. Бұған кім қарсы болады? — деп күлді қыз.

— Ешкім де қарсы емес, бірақ... Төлеубай мүдрил қалды.

— Күдігіңіз бар ма?

— Ешқандай күдік жоқ, бірақ... менің ұсынысымды қыз қалай көреді...

— Қандай қыз?

— Өзің...

Бибіғайша жалт беріп, бетін басып, үйге жүгіріп еніп кетті.

Төлеубай самауырдың қасында сілейіп тұрып қалды.

### 3

Ол шахтаға жұмысқа өңі қашып, көңілі жабырқау тартып барды. Селқостанып, ешкіммен сөйлескісі келмеді. Наряд кезінде участок бастығының тапсырмасын үнсіз отырып тыңдады да, кеншілер шахтаға түсуге бет алғанда солардың соңынан ілбіп ерді. Шәкен мұны маңадан байқап тұр екен, Төлеубайды есік алдында күтіп, ол тақала бергенде:

— Өңің неге сынық? Сырқат емесіңіз? — деп сұрады.

— Саумын, — деді Төлеубай солғын үнмен. Ақырың гана күрсініп қалды.

— Әй, сен сау емессің, ішінде бір дерттің бар, — деді Шәкен.


Төлеубай үндемеді...

Ол со күні ешкіммен сөйлесуді қаламады. Тачкасына көмірді үнсіз тиіп, үн-түнсіз тарта берді. Дем алмады. Өзімен бірге жүріп, бірге тұратын Қаден құрдасының әзіліне де құлақ аспады, жадырамады. Кеншілер шахтадан үйлеріне қайтып келе жатқанда Қаден Төлеубайды ырқына жібермей, окшау шығарып әкетті де, оңаша қыспаққа алып еді, сыр айтқыза алмады. Майда тілді, епті жігіт Қаден енді бір қулық ойлады.

— Сені қара басып, тілің байланып осылай жүргенде, Бибіғайшадан айрыласың ғой бір күні. Сен сөз айтар деп қашанға дейін күтіп жүреді ол, — деді қасақана.

— Мен сөз айттым оған, — деп қалды Төлеубай.

— Сенбеймін. Қашан айттың? — деді Қаден оны ілгері жетелеп.





— Кеше...

— Қыз не деді? Саған тиетіп болды ма?

— Білмеймін...— деді Төлеубай күбірлеп.

Ол кешегі болған оқиғаны құрдасына ептеп-ептеп айтып берді.

— Сонымен, қыз үйге кіріп кетті, сен самауырдың қасында қалып қойдың. Осымен іс бітті. Бүгін күні бойы сенің тілінді байлаған ой осы ма? — деп күлді Қаден.

Төлеубай ләм демеді. Қаден оны ныққа қағып, жадырата сөйледі.

— Қыздың үйге тұра қашқаны — махаббаттың белгісі. Ол сені сүйіп жүрген. Сол сырын сезіп қойдың. Сен сөз айтқанда, қыз дәл осылай ойлады да, ұялып жалт берді. Сүйген жігіті сөз айтқанда, қай қыз болмасын, осындай бір мүшкіл халге түседі, — деп езу тартты. Төлеубайдың нұрлана қалған ажарын байқады да, сөзін ілгері дамытты, — ендігі мәселе — құда түсу. Қыздың ағасына да туысқандарына да мен сайлесіп берейін.

— Бір-екі ай кідіре тұр... мен үй-күйімді түзеп алайын, — деді Төлеубай.

— Көш жүре түзеледі, — деді Қаден.

— Әуелі әке-шешемді қалаға көшіріп әкелуім керек.

— Тез қимылда...

Келесі күні Төлеубай шахта бастығынан рұқсат алып, ауылдағы әке-шешесін қалаға көшіріп әкелу үшін аттанып кетті.

Ол ауылға келгенде, үлкен өзгерістің үстінен шықты. Кедей шаруалар бірігіп, азын-аулақ малдарын ортаға салып, колхоз құрылып жатыр екен. Баласының біржолат көшіріп әкеткелі кеп отырғанын естігенде, Тұрсынбек бір жайға өкінішін білдіре сөйледі.

— Екі-үш күн бұрын хабарламағаныңды қарашы. Жәке меншігіміздегі бір ат, бір сиырды кеше орталыққа салып қойып едім. Қайыра алудың қисыны қалай болады? — деп Төлеубайдан ақыл сұрады.

— Қайтарып алу ұят болар. Мүмкін құнын ақшадай төлейтін шығар, — деді Төлеубай.

Қазандықтың отын ысырып, бұларға қарай ақырын бұрылған Ықи шешей Тұрсынбектің сөз әлпетін жақтырмай:

— Бергенінді қимай отырсың ба? Орталыққа мал салған жалғыз сен бе екен? Ауылдың бар кедейі жиылып отау көтеріп жатыр. Отауға берген еншіні қайтарып ал-

ғанды қай атамыздан көрдік,— деді де, сөзінің соңын Төлеубайға бұрды.— Ақша сұрау да ұят болады, балам. Бір ат, бір спырды берген екеміз, қайтарып алмаймыз. Халықтың игілігіне, кәдесіне ассын,— деді.

— Апа, сөзің әбден дұрыс, мен жағдайға жаңа түсіндім,— деді Төлеубай шешесіне. Ықи шешей киешегін түзеп, ұлына жадырай қарады...

Қаладан шыққанына төртінші күн толғанда, Төлеубай ауылдағы үйі-ішін Қарағандыға көшіріп әкеп түсірген еді. Келген бойда көңілдегідей үйдің реті келе қоймады. Бір семья аядай ғана тар бөлмеге орналасты. Құрдасы ауылға кеткенде қалада қалған Қаден де тек жүрмепті. Ол ең әуелі қыздың бір жеңгесі арқылы Бибігайшаның Төлеубайды шын сүйетіндігін біліпті де, Шәкенмен жеке сөйлесіп, өзара ақылдасыпты. Қыздың ағасы қарындасының Төлеубайға қосылуын шын пейілмен құп көріпті. «Біріне бір тең. Бақтары ашылып, бақытты болсын!» деп, тілегін де білдіріпті.

Қаден бар әңгімені Төлеубайға оның әке-шешесінің көзінше айтты. Бұл хабарға Тұрсынбек пен Ықи шешей қатты қуанды. Құрдасының сөзін қызарып тындаған Төлеубай да Қаденнің әрекетіне ішінен өте сүйсініп отыр.

— Жастар жағымен біз сөйлесіп біттік. Қариялар жағымен енді өзіңіз сөйлесіңіз,— деп Қаден Төлеубайдың әкесіне көңілдене қарады.

— Біз кешіктірмейміз ғой. Күткен қызығымыз осы еді ғой,— деді Тұрсынбек қуаныштан көңілі толқып.

Сол күннен бастап Ықи шешей баласының үйлену тойына әзірлік қамына кіріскен еді. Бір айдан кейін Бибігайша осы үйге келін боп түсті. Той жасалды, думан болды, жан-жақтан құтты болсын айтушылар келіп жатты. Жас келін иба сақтап сызылып, торғын жібек шәлісімен бетін бүркеңкіреп, тар үйдің бір бұрышында үнсіз ғана отыра берді.

Сонымен арада бір аптадай уақыт өтіп еді. Танертеңгі шай үстінде жас келін үйдегілерге оқыс көрінген бір сөз көтерді.

— Төлеубай да, атам да еңбек етіп жүргенде мен сап-сау, жап-жас басыммен үйде қайтып отырамын? Мен де жұмыс істеймін. Шахтаға барамын,— деді.

Тұрсынбек Қарағандыға көшіп келген күннің ертеңінде-ақ баласы жүрген шахтаға жұмысқа кірген болатын. Забойға ағаш тіреулерді тасушы боп орналасқан-ды.

Таң сәрідеп тұрып, асын асыға ішіп, қария да жұмысқа кетеді. Сонда жап-жас адам қол қусырып үйде текке отырады. Жас келінге бәрінен бұрын осы батты. Ол мұны өзіне ұят көріп еді. Бірақ үйдегілер оның бұл халін бірден ұға қоймады.

— Қарағым-ау, бұ не деген сөзін? Желегін желкілдеп жұмыс істемекпісің? Қой әрі. Ата-енесі, баласы — бәрі жабылып асырай алмай, келінін жұмысқа сапты деп жұрт та сөгеді. Төлеубай мен әкесі жүр ғой, бір үйлі жанға жетеді сол екеуінің табысы. Бармайсың жұмысқа! — деп Ықи шешей тыйым сала сөйледі.

— Осы үйдегі төрт жанның екеуі жұмысшы. Сені Төлеубай асырайды, кемпірді мен асыраймын. Сонда кібит болады, — деді Тұрсынбек.

— Апамның да, әкемнің де сөздері дұрыс. Сенің жұмысқа барғаның ұят болатын шығар, — деп Төлеубай өз ойын білдірді.

— Еңбек еткісі келген кісіні ешкім сөкпейді. Мен жұмысқа шығайын, — деді Бибіғайша. Ойлаған бетінен қайтпайтын ыңғайын білдірді.

Ол келесі күні шахта кеңсесіне өзі барып, өтінішін айтып, жұмысқа жолдама алып келді. Үйге қуана кірген бойында Бибіғайша шахта бастығы қол қойған бір жапырақ қағазды Төлеубайға ұстата қойып еді.

— Біздің начальниктің қолы тұр ғой, — деп Төлеубай қағазға үніле қалды.

— Не нәрсе? — деп Ықи шешей баласына бұрылды.

— Келінің біздің шахтаға жұмысқа орналасып келіпті. Соның жолдама қағазы, — деді Төлеубай. Келіншегінің ақылдаспай, өз бетінше әрекет еткенін ұнатпаған ажармен оған таңырқай қарады.

— Қандай жұмысқа орналасыпты? — деді Ықи шешей.

— Парода тереді. Былайша айтқанда көмірді топырақтан тазартады, — деп түсіндірді Төлеубай.

Ықи шешей келініне қарап, қабағын шытты.

— Ақыры айтқаныңа жетіпсің. Мейлің енді... Бірақ есінде болсын, — Тұрсынбектің үйі күнін көре алмағандықтан келінін жұмысқа салыпты, топырақ тырмалатыпты деген сөзді біреуден естіген күні, айтпады деме, жұмыстан шығарып аламын, — деп ескертті келінге.

— Еңбек еткен адамды ешкім де сөкпейді, апа. Қәміт сеніңіз бұған. Ертең-ақ бәріне де өзіңіз қуә боласыз, —

деп күліп келіп, Бибіғайша енесінің мойнынан құшақтан еді.

— Жаным-ау, мен сені жаман болсын деп ойлаймын ба? Сөйлеп жүрсем, сені аяп сөйлеп жүрмін. Тілегенім — бір ғана Төлеубай екеуінің бақытын.— деп Ықи шешесі еміреніп, келінін маңдайынан сүйді.

Төлеубай ене құшағында жүзі нұрлана балқыған келіншегіне қарап күлімсіреді...

Таңертең күн шығып келе жатқан кезде Төлеубай мен Бибіғайша шахтаға жұмысқа қолтықтасып бірге бст алған еді. Ықи шешесі келіні мен баласына сүйсіне қарап, есік алдында ұзақ тұрды...

\* \* \*

Қарағандының қазіргі 18 шахтасының данқты кеншісі Төлеубай Тұсынбеқовтың нағыз өмір жолы осылай басталған еді. Ол алғаш еңбек еткен төртінші шахта 1932 жылы көмірі таусылып жабылды да, оның бүкіл кеншілері сол жылы жаңадан ашылған он сегізінші шахтаға ауысқан болатын. Содан бері талай жылдар өтті. Бір кезде тачка тартқан Төлеубай бірте-бірте өнері артып, мамандығы көбейіп, дәрежесі өсе берді. Ол навалотбойщик, кен мастеры, участок бастығы, шахтаның бас инженерінің көмекшісі болды. Шахтада отыз жылдан астам уақыт еңбек еткен Төлеубайға 1958 жылы арнайы генсия тағайындалды. Сонда да ол өзінің бауыр басқан еңбек ұясынан кеткісі келмеді. Қазір ол он сегізінші шахтада 1-участок бастығының көмекшісі. Бір кездегі тұйық мінезді жас жігіт бұл кезде самай шашы буырланданып, бетінде әжімі көбейіп, егде тартқан. Зайыбы Бибіғайшаның шашын да қырау шалған, ол — қадірлі ана. Үлкен қызы медициналық институтты бітірген дәрігер, одан кейінгі ұлы Қарағандының политехникалық институтының соңғы курсының студенті, қалған балалары орта мектепте оқиды.

Бибіғайшаның ағасы Шәкен — бұл күнде пенсияға шыққан, құрметті карт шахтер. Ал Төлеубайдың ежелгі досы Қаден — кен мастеры, әлі де баяғы мінезіне басып, Төлеубайды сөзбен іліп-қағып, қатты әзілдейді.

— Бақыттымын! Осы балаларым мен немерелерімнің бар қызығын көріп отырмын. Бәйбішем 1947 жылы 68 жасында дүние салған. Жақсы өмірден ертерек өтіп кет-

ті байғұс,— деп Тұрсынбек қария бізге өзінің осы бір ғана ауыр мұңын білдірді.

Бүгінгідей нұрлы өмірде адамның ғұмыр жасы ұзақ болып, көп жасағанға не жетсін! Бұдан зор арман болар ма!

*1960*

## ШӘМШИНУР

### 1

Аласа дөңгелек столға дастарқан жайылып, тамақ жасалып, Оспан шопан іңір асын ішуге енді орнығып отыра берген кезде есік алдына бір жеңіл машина келіп тоқтады.

— Балғаным, тамағынды қоя тұр, қонақ келді ғой деймін, қарсы алайық,— деп Оспан асығып түрегеліп, әйелін ертіп тысқа шықты.

Машинадан үш адам түсті. Біреуі — мол денелі, кесек жүзді, егде тартқан кісі — колхоз председателі Есенгелді. Екіншісі — тығыршықтай қара жігіт — таныс шофер Әділғазы; үшіншісі — орта бойлы, ақшыл жүзді, талдырмаш қыз Шәмшинур. Оспан бұл үшеуімен де қол беріп, қуанып амандасты да, Шәмшинурға бұрылып:

— Онжылдықты жақсы бітіргеніңді әкең Жылқыайдардан естіп едім. Енді Алматыға оқуға барасың ба, қарағым? — деді.

— Мен осында, сіздің қарауыңыздағы оқуға келдім,— деп Шәмшинур күлімсіреп сөйледі.

— Не дейді, жаным-ау! Менің қарауымда нендей оқу бар еді? — деп Оспан таңырқап қалды.

— Отағасы, қартайып қалғансыз ба, оп-оңай сөзге жас балаша түсінбей тұрғаныңыз қалай? — деп тығыршық Әділғазы оған әзіл айтты да, «бір ауыз сөзбен қатырдым ғой өзін» дегендей Шәмшинурға қарап көзін қысып қалды.

Жігіттердің осындай бір сүйкімсіз қылығын Шәмшинур ұнатпаушы еді. Өз сөзіне өзі мәз боп күлген Әділғазыға қабағын түйіп, суық қарады.

— Біз секілді қария түсінбей қалса кешірімі болар. Өзін дүр санап жүріп, қатарынан қалып қоятын, сонда да өз мінін көрмейтін қайсыбір жастар туралы не айтамыз? Ауылдағы оқуды бітірген соң, қаладағы оқуды тауысамын деп, екі жыл бойы бұрау басын сындырмай, бос сенделіп шерменде атанған кім еді осы? — деп Оспан Әділғазының бұдан төрт ай бұрын ауылда текке жүргенін мысқылдап, түйреп айтып қалғанда, Шәмшинұр қарт шопанның сөзіне қатты сүйсініп, сыпайы жымиды. Әділғазы қызарақтап төмен қарады. Оспан шопан енді оны жұбата сөйледі.

— Әзілім ғой, шырағым, көңіліңе ауыр алма. Осы бетіңнен танба! — деді.

Шәмшинұр қарт шопанның бұл сөзіне де іштей сүйсініп, күлімсіреп тұр еді.

— Дұрыс айттым ба, қызым? — деп Оспан бұған бұрылғанда:

— Өте дұрыс! — деп Шәмшинұр басын изеді.

— Ал енді жаңағы сөзіңнің мәнісін түсіндірші.

— Мен сізге шәкірт боламын.

— Не дейді, жаным-ау!

— Ауылдағы орта мектепті бітірген бір топ жас қолхозда жұмыс істеуге тілек білдіріп, өтініш етті. Біз қабыл алдық, — деп председатель Есенгелді мән-жайды ұғындыра сөйледі.

— Ал мына Шәмшинұр сіз секілді шопан болуды қалады.

— Бәрекезде! Ұзағынан сүйіндірсін, қарағым. «Сіздің қарауыңыздағы оқуға келдім» дегеніне енді түсіндім ғой. Көп жаса! — деп қуанды Оспан. — Ал енді не тұрыс бар, үйде асымыз да әзір еді, — деп кигіз үйдің есігін шалқайта ашты да қонақтарды дәмге шақырды.

## 2

Бұл кеште қонақтар қарт шопанның әңгімесін тындаумен болды. Алыс жайылымдарда отырған малшылар тіршілігіне жөнді қанық емес Шәмшинұр Оспанның сөзінен көп жайларға қанды. Кең нықты, дөңгелек қара сақалды Оспанның жасы қазірде алпыс беске толған. Ұзақ жылдар мал баққан момын адам, жаңа бір кеселге душар болып қалмаса, өзінің осы бауыр басқан ісінен қол үзгісі

келмейді екен. Бүгінгі заманда шопан есінен орысша ардақталып отырғанын мадақтай сөйледі: «Бұл сөздері мен үшін әдейі айтып отыр-ау» деп ойлады Шәмшинур. Осы сәт оның көңіліне бір күдік те оралды. Мал бағу ондай шаруа емес қой. Шілденің күйдірген ыстығында, қаңтардың қақаған суығында қой соңында жүреді шопан. Жаңбырға да талай-талай малшынады, үскірік боранға да ұрынады. Жапан далада қой жайып жалғыз жүргенде кеш батпайтын да шығар. «Осы қиындықтарға төзе аламын ба?» деп күдіктенді Шәмшинур.

Оспан оның дәл осы ойының үстінен түсті.

— Малшыға ең керек қасиет — қайрат пен ынта. Бір бойға осы екеуін сыйғыза білсең, ешқандай қиындықтан қаймықпайсың, — деп ол Шәмшинурға қарап сөйледі.

Әңгіме үстінде Шәмшинурдың ендігі бір аңғарғаны — Оспан кигіз үй тіккен бұл жайылымда бес отар бар екен. Шопандар қосы бір-біріне көрші қонған. Оспан қонақтарын бастап сыртқа шыққанда әр жерден жылтырап солардың оты көрінді. Түн желсіз, тымық еді. Мүлгіген дала. Бар төңірек тыныш ұйқыға енгендей. Қой шетінде жатқан сақ төбеттің анда-санда бір маңқ етіп үргені естіледі.

Шәмшинур көрші отарлар жақтан жылтыраған оттарға қарап біраз үнсіз тұрды да Оспанға:

— Атай, көршілеріңізбен қарым-қатынастарыңыз қалай? — деп қызыға сұрау берді.

— Өзара шаруамыз болса қатысамыз. Шаруамыз болмаса — жоқ, — деді Оспан.

Шәмшинур бұл сөзге таңырқағандай болды.

— Бірақ күнде таңертең қойды өріске шығарғанда бір-бірімізді ат үстінен алыстан көріп жүреміз, — деді Оспан.

— Ал жұмыстан қолдарыңыз бос уақытты қалай өткізесіздер, — деп Шәмшинур тағы да бір жай-күйді білуге ынттықты.

— Шопанның бос уақыты аз-ау, шырағым. Дегенмен кейде қолың бос уақыт болады. Мұндайда жатып демалғанды тәуір көремін өзім. Біз жым-жырт тыныштыққа үйренгенбіз, соны ұнатамыз. Әлі өзің де осыған үйреніп аласың.

Шәмшинур үндеген жоқ. «Мен ондай мүлгіген тыныштықты қаламаймын», — деді ішінен.



Арада біраз күндер өтті. Шәмшинур әуелгі кезде күндіз қой бағуға қарт шопанмен бірге шығып жүрді. Қойды қалай өргізіп-жайғызудың, қай кездерде суарудың көпкөп сырын жас бақташыға Оспан қадағалап үйретті. Шәмшинур бұрын: «дала кең емес пе, жер жетеді, малды қалай қаптатып жайса да болады ғой» деп ойлайтын. Енді байқаса, мұнда да есеп бар екен. Даланың құлпырып тұрған әсем түрін мал тұяғына бсталды қаптатып жаныштата беруге болмайды. Қойды еркіне жіберсе, жердің отын қуалап, ентелеп өре жайылып, шырқай беретін мінезі бар екен. Сондықтан алдын қайырып, бетін қағып отыру керек. Сөйтіп бір өңірдің шөбін тақырлаған қойды жаңа өріске түсіреді.

— Күзге қарай бастапқы өрістерге тағы да ораламыз, бұл кезде ол жерлердің шөбі қайтадан жетіліп қалады, — деп түсіндірді Оспан.

Қой бағудың осы секілді тәсілдері, жұмыс жағдайы турасындағы бұл әңгімені Шәмшинур соншалық зор ықыласпен ден қойып тыңдайтын еді. Көрген-білгені көп тәжірибелі қарт шопанның ақыл сөзін көңіліне тоқитын. Көп ұзамай Шәмшинур күндіз қой жаюға өзі жалғыз шығатын болды.

Шопан қыз қойды өріске шығарып бара жатыр еді. Таңғы дала шырайы қандай әсем! Күншығыс жақ көкжиек әуелі бозғыл тартып тұрды да бірте-бірте сарғышқызыл түске еніп құлпырды. Боз торғай аспанда сергіп ұшып ән салды. Бұл әсем құс күн шапағын әр таңда әнмен қарсы алады. Шәмшинур кішкентай ғана жуас құстың үлкен өнеріне таң-тамаша қалады... Міне аспанға күннің көзі жүзіп шықты. Күн ашық, шуақ. Кең далада еркін көсіліп, жайылып жатқан сәнді түлік. Әсем даланың құп-құрғақ, тап-таза жұпар ауасы. «Қандай рахат!» деп сүйсінеді Шәмшинур. Қойлардың өткір тісімен көдені бырт-бырт үзгені естіледі шопанға. Ол бұған да тамашалап қарайды. Бір ауық кең атырапқа қуана көз салады. «Табиғат қандай әсем!» деп сүйсінеді. Енді бір кезде басына бөтен бір ойлар келіп, көңілін қобалжытып кетеді.

«Шопан күн ұзын далада қой жайып жүргенде, осы өзім құсап, тек табиғат көркіне сүйсініп, жапан түзде

үн-түнсіз, оңаша түйік жүргені келіспейді-ау расында.— деп ойлады Шәмшинур,— осы ұзақ күн ішінде ел өмірінде қаншама жаңалық туып жатады. Мойынға асып алатын кішкентай радиоқабылдағыш болса ғой, жаңалықты далада жүріп-ақ уақтылы естіп отырамыз. Сонда шопанның өмірі өте көңілді болар еді ғой».

Шәмшинур аға шопанға жәрдемші боп келгеннен бері көрші отарларға барып, ондағы қойшылардың да жайкүйімен танысқан еді. Әр қоста үлкен радиоқабылдағыш бар екенін көрген. Бірақ шопандар бір арыз айтқан. Осы радиоқабылдағыштың бір тетігі бұзылса, оны біз ондай алмаймыз, қашан тілін білетін адам келгенше сөйлемей қалады, апта ғана емес-ау айлар бойы үнсіз тұрады деп ренжіген. Жаңа газет-журналдар да алыс жайылымда отырған малшыларға мезгілінде жеткізілмейді екен. «Он бес-жиырма күнде бір түйдектеліп келіп қалады. Соған шейін еш нәрседен бейхабар боп отырамыз» — деді Оспан, Шәмшинур бір күні одан газет жайын сұрағанда. Бірақ Оспан да, өзге шопандар да, Шәмшинурдың байқауынша, бұл жағдайды елемейтін сияқты, жым-жырт тіршілікке көндігіп алған. «Жаңалық қайда қашар дейсің, естиміз ғой кейін. Малды жөндеп бақсақ — сол аброй», — дейді.

Шәмшинур осы жайларды ойлағанда қабағын түйіп алды. Әлде біреуге ашуы бардай. Бүгін таңертең қойды өріске шығарысарда Оспан айтқан бір сөз есіне түсті. «Түнеукүнгі уәдесінде тұрса, Есенгелді бүгін біздің отарымызға келіп қалар», деген ол.

Шәмшинур колхоз председателіне айтатын ұсыныстарын әзірледі.

Ымырт үйіріле Оспан шопанның үлкен кигіз үйіне көрші отарлардағы шопандар түгел жиылды. Жиналыс басталып кетті.

— Бүгінгі жиналысты осындағы бір жас шопанның орынды тілегі бойынша өткізгелі отырмыз. Қаралатын мәселе біреу-ақ: Малшылардың мәдени-тұрмысын жақсарту туралы,— деді председатель Есенгелді.

— Е, жақсы мәселе қаралады екен!

— Тұрмысымыз жақсара бергенін бәріміз де тілейміз ғой,— десіп шопандар құптау білдірді.

— Бірінші сөз номер бесінші отардың жас шопаны Жылқайдарова Шәмшинурға беріледі, — деді председатель.

Шәмшинур екі беті ду етіп қызарып, орнынан лып етіп түрегеліп еді.

— Қарағым-ау, отырып-ақ сөйлей берсеңші,— деді Оспан.

Шопандардың бәрі де іргеге айналдыра төселген сыр-мақтар мен көрпелердің үстінде малдас құрып отырғанды. Ортаға құрылған, атаса сирақ дөңгелек столда керосин шам жанып тұр. Шәмшинур жиналыста отырып сөйлеуді ұят көреді. «Тіпті ерсі ғой» деп ойлады ішінен.

Ол сәт кідіріп, күндізгі ұсыныстарын есіне түсірді де нәзік майда даусымен жайлап сөйлеп кетті. Шопан еңбегі — барша жұртымыз қадірлейтін қасиетті еңбек екенін әсерлі тілмен қысқа ғана айтып өтті де, әдемі бір ой түйді.

— Осы қадірлі еңбектің иесі өзінің ісімен ғана емес, бар өмірімен, тіршілігімен, семьясын, өз басын ұқыпты, мәдениетті ұстауымен де басқаларға өнеге көрсететіндей болуы керек,— дегенде отырғандар Шәмшинурдың сөзін тамсана құптап, бас изесті.

— Ой бәрекелді! Өте ойлы сөз айттың, қарағым,— деп Оспан шопан өз шәкіртіне қатты риза боп қалды.

— Бірақ осындағы шопандардың мәдени тұрмысынан көптеген кемшілікті, ірі мінді көргенде өте қынжыласыз,— деп Шәмшинур үлкен бір мәселені қозғады. Отырған жұрт осы сәт оның сөзіне ерекше зейін қойып, қадала қарасып қалып еді. «Жаным-ау, осы қызым мені сынайын деп келе ме өзі?» деп Оспан шопан күдіктеніп қойды. Шәмшинур анық, дәл деректер келтіре сөйлеп, көп сырды ашты. Күндіз қой жайып жүргенде ойына келген ұсыныстарын кенейтіп айтты. Ауылдан жырақтағы малшыларға мәдени қызмет көрсету жайы нашарлығын, киноның тым сирек келетіндігін, шопандарға газет-журналдар, жаңа кітаптар уақытында жеткізілмейтіндігін — зор кемшілік деп көрсетті. Осы аса маңызды мәселеге колхоз председателі қалайша көңіл бөлмей келгеніне таңырқады. Шопан қыз: «Менімше бұл — еңбек адамының өміріне жеңіл-желпі қараушылық» дегенде председатель жалпақ жүзі күрленде қызарып, тұнжырап төмен қарады.

— Бірақ өз үйінің ішін сәндеп, мәдениетті ұстауға ең алдымен әр адамның өзі жауапты,— деді Шәмшинур. Үні қаттырақ шықты.— Мысалды алыстан іздемей-ақ қояйын. Осы отырған үйімізге жақсылап қараңыздаршы. Іргеге тақап, жерге жиылған жүк. Кереует дегенің жоқ.

Кісі келсе отыратын орындық, биік стол дегені де жоқ. Оспан атайдың өзі жақсы хат тапиды, бірақ үшінде бір әдеби кітабы жоқ. Ал осы кісінің табысы аз ба? Жоқ. Былтыр еңбеккүнге бір өзі ғана елу мыңға тақау ақша алды. Қысқасы үйін қалай сәндеп жасаулаймын десе де, ол кісінің қаржысы жетеді. «Кереует, шкаф, буфет секілді қажет заттарды неге алмайсыз?» дедім атайға бір күні. «Ой қарағым-ай, соларыңның не керегі бар, әшекей кереуегіңнен гөрі көрпеңі қалың салып жерге жатқаным жайлы ғой»,— дейді ол. Бұрынғы заманда көшіп-қонып жүрген ата-бабаларымыз осылай десе, бұл сөздің регі бар шығар. Ал бүгінгі озат шопанның мұндай сөз айтуы келіспейді ғой.

Шәмшинурдың сөзін Оспан шопан төмен қарап үнсіз ғана тыңдап отырған еді. Өзінің ісін жөн көріп, аса қысыла қоймаған. Шопан қыздың соңғы сөзі оның жанына батып кетті. Оспанның осы уақытқа дейін ешкім айтпаған мінін, еңбекке жаңада ғана араласқан жап-жас қыз — өз шәкірті бадырайтып тұрып көрсетті. Қарт шопан Шәмшинурдың ендігі сөзіне жөндеп құлақ қоя алмай, өзімен өзі болып, іштей бір ойларға шомып қалды.

Ол осылай үнсіз төмен қарап отыра берді. Жиналысқа жиылған азғана адам бәрі де сөйледі.

— Ал, Осеке, сіздің айтарыңыз бар ма? — деді председатель Есенгелді.

Шәмшинурдың сөзі есінен кетпей қалың ойда отырған Оспан шопан өзінің аты аталғанда селт стіп, басын көтеріп:

— Қызымның айтқанының бәрі дұрыс, менің ешқандай қосарым жоқ,— деді.

## 5

Қылаңдап таң атып келе жатты. Шәмшинур қойды өріске шығаруға тұрып еді. Ол тысқа шыққанда алдында ерттеулі тұрған өзінің аты мен Оспан шопанның атын көріп таңырқап қалды.

— Екі атты бірдей ерттеп қойған себебім — өзім де қазір жол жүремін,— деді Оспан. Үстіне жеңіл қаптал шапан киіп, белің буышып, тобылғы сапты кішкене қамшысын етігінің қонышына қыстырып алыпты.

Екеуі кекілі жалбыраған жуас аттарын шылбырынан

жетелеп жүріп, қойды өріске беттетті. Жүз метрдей ұзаған соң Оспан атқа қонды.

— Ал, қызым, малға сақ бол, мен түнделетіп ораламын. Ауылға барамын. Үйіме өзің айтқан керек-жарақтың бәріне ақшаны бүгін төлеп қайтамын,— деді де, атын тебініп, жортақтатып жүріп кетті.

— Жолыңыз болсын, ата! — деп дауыстады Шәмшинур.

Ол қойын өргізіп келе жатып, бірнеше рет кейін бұрылып қарады. Салтатты жолаушы бозғыл таңда қылаңдап ұзап бара жатты...

## ӨМІР КҮЙІ

### 1

Жауын жаумай, дала шаңытып тұрғалы қыруар күн болған. Түтіндей бұрқырап, ашық аспанға жиі-жиі құйын көтеріледі. Ызылдап, гуіл қағып ауық-ауық өткір жел соғады. Жақында ғана жарық көріп, қылтиып-қылтиып шыққан жас балауса егінге әсіресе осы жел қатер төндіре бастап еді. Топырағын суырып қуалап, көк балғын өсімдіктің іргесін жалаңаштап, қуартып кетсе, не шара...

Көңілге күдік оралып, егінші жұрт қобалжып отырған осындай бір хал үстінде мол ризық белгісіндей қалың нөсер жаңбыр жауды. «Төк селінді, құй жаңбыр. Далам қаңсып бара жатыр еді, мейірі қапсын, тойынсын, селдет, селдет, жаңбырым» деп қарт бригадир Уәйхан аспан суына алақанын тосып, балаша мәз болып, жауын астында тұрды. Брезент шекпенінің шошақ күләпәрәсін қалқайта киіп алып, қуана дауыстайды.

— Уа, немене, ешкі болдыңдар ма ықтап! — дейді әзілдеп, жаңбырдан паналап будкаға тығылған жұртқа.

Жаңбыр ірі суық тамшылары сатырлап, қатты жауып кетті де, түнге қарай бәсеңдеп, сіркіреп барып, келесі күні сәскеде ашылды. Уәйхан жарау торы төбел атты салт мініп, бригада отырған қоңыстың күнгеі беткейіндегі егінді аралап келуге асығыс жөнеліп кетті. Жер ала, бұлт шола, осы өңірге жаңбыр төгіе жауды ма деп, барлағалы аттанды.

Қашан жаны жай тауып, көңілі көншігенше тыным, дамыл таба алмайтын бір сөзсөзек адам — осы Уәйхан болатын. Беген дейтін ескі қыстауда жаңа ауыл — Чапаев атындағы колхоз орнанаңда, қолындағы бірер қарасын жетелеп келіп: «Артельге ақшамз басы бүтін бердім» деп,

кеңсе алдындағы ат байлайтын ашаға жұрттан бұрын әкеп матаған сол Уәйхан еді. Өзі бар рахат-бақытты осы бірлескен орталықтан, колхоздан тапқан. Маңдайдан тер шұбыртқан еңбегі жанып, шаруасына ырыс енген жері де осы құтты мекен. Жаңа социалистік ауылдың іргесін қаласқан күннен бері табан аудармай еңбек сіңіріп келеді. Жұрт оны 1938 жылы егіс бригадирі етіп алғаш сайлаған еді. Қазір де жасы жетпіске тақау жүрген қарт бригадирдің жан-жүйесінде ерекше бір сергек ширақтық бар.

Уәйхан егінді жағалап жүріп отырып, ойлаған жерін түгел шолып аралады да, бір қайқаңға шоқытып шыға беріп, атын тежеді. Көз ұшында, жалғыз оба үстінде, күз басына қойылған жансыз мүсін ескерткіштей салт атты біреу қарауытады. Уәйхан алақанымен маңдайын қалқалап, ұзақ сүйліп қарады. Танымады. Анау адам мұны алыстан шырамытып тұрғандай екі қайыра бөркін бұлап шақырды. Бригадир атын тебініп жорта жөнелгенде, ол да төмен түсіп, қарсы аяндады.

Бұл адамды Уәйхан жақындағанда таныды. Ауылдағы электр станциясының күзетшісі Рүстем қария еді.

— Е, бригадирім, саламат па, дені-қарың сау ма? Шақырмасам, бұрылар түрін жоқ қой,— деп, Рүстем Уәйханмен күле сөйлеп амандасты. Терең әжімді қоңырқай жүзінде нұрлы шырай білінді.

— Көңілдісің ғой өзің. Екі бетің бал-бұл жанып... Кәдуілгі жиырма бестегі жігіт қалпың,— деді Уәйхан.

Рүстем шокша сақалын сипап, сығырая жымыды.

— Иә, бүгін айырықша көңілдімін... Қуаныштымпы. Осы тұрғанда бірталай жерді шолып шыққан бетім. Жаным енді ғана жай тауып, көкіректі қуаныш кернеп тұр. Әйтеуір кешегі жаңбыр жер мейірін қандырған екен. Егін бой сылап, бір күнде қалай құлпырып қалған. Жаным сүйсінді. Бұл аймақтың егіні жаңбырға тексі қенеліпті, ала-құла қалған жері жоқ,— деп көтеріліп, серпіліп сөйледі.

Неше күннен аспаппаң жаңбыр тамбай қойғаны Рүстемнің жүрегін ауыртып жүр еді. Қараңғы түнде күзетте отырғанда тұңғық әуеге талай барлап көз қадайтын. Жұлдыз жымындайды. Жел гуілдейді. «Бүгін де жаңбыр жауар белгі жоқ» деп күзетші қарт мұңайып, ойға шомып қалады. Сол ой тұманын өткен түнгі жаңбыр сейілтті. Сонда да жайланып жата алмай, ат ерттеп, даланы аралап көріп келуге шыққан-ды.

Рүстем осы жайын айтқанда Уәйхан

— Кәрі тарланым-ай, жүрегің де, жаның да асыл ау сенің. Қуаныш десек, осыдан асыл жүректің қуаныштан айтайық. Еңбек десек, осы туған жеріміз үшін сен еңсіңірген еңбек аз ба екен,— деп шын сүйейді.

Осы сәт үлкен бір оқиғалар оның көз алдынан елес беріп өткендей боп еді.

Азамат соғысы жылдарында генерал Анненковтың ақ әскері бұл өлкеге де ылаң салған. Қызыл Армияның екпініне төтеп бере алмай ығысып бара жатып, осы жердегі елді шауып-тонап, баса-көктеп өтпек болған. Беген ауылының он жігіті «жаумен айқасамыз, туған жерімізді қорғаймыз» деп, бір-бір жарау ат мініп, өздері тіленіп қызыл жауынгерлер сапына барып қосылды. Он жігіт үстеріне сұр шинель, бастарына шошақ төбелі, қызыл жұлдызды шлем киіп, иыққа винтовка асынды. Ұлы жорыққа араласты. Қызыл Армия ақ генерал Анненков тобырының тас-талқанын шығарды. Беген ауылының он жігіті жеңімпаз қызыл ерлер сапында Семейге дейін барып, бұл қалада алты айдай әскер қатарында болып, азамат соғысы аяқталар жылы үйлеріне қайтты. Сол он жігіттің бірі — әлгі Рүстем қария болатын. Ауылға, туып өскен мекенге түгел сау-саламат оралып еді. Тек Қадір дейтін жас жігіттің бір құлағын жау оғы жырып кетіп, мәңгі өшпес таңба қалдырған. Осы Қадір қазірде Чапаев атындағы колхоздың қадірлі ақсақалы. Өзімен бала жас-тан бірге өсіп, бірге жасасып келе жатқан Қадірді Рүстем ылғиына өзіне қосақтай сөйлейтін. Уәйхан бригадирдің әлгі сөзіне орай ол: «Е, Қадір екеуіміз талай оқиғаның куәсі боп келеміз ғой» деп, салмақпен ғана үн қатып еді.

— Үлкен істің куәсі ғана емес, несі емессіңдер ме. Мына өз колхозымыздың өткенін еске алайықшы. Кім өркендетті оны, кім өрге көтерді? Өзіміз бе?.. Ендеше мақтану орынды. Сонау бір жылдары осы колхозда екі жүзге тарта жылқыдан көтерем екі бие ғана қалған, сегіз жүздей қойдан жалғыз тұяқ та қалмаған ауыр кезең де болған еді ғой,— деп Уәйхан терең бір ойға шомды.

— Ия...ия,— деп Рүстем ақырын ғана басын изеді. Екі қария жапаң далада оңаша келе жатып, сол бір қиын-қыстау күндерді еске түсірді.

Бегенде жаңа колхоз тұңғыш құрылған жылы орталықта жүз алпыс жылқы, сегіз жүз қой, төрт жүз сиыр



бар еді. Колхоз құрылысына қаны қас қара пейіл сұмдар тығылып кеп ту сыртынан қанжар сұққандай, жасырын қастығыш жасап бақты. Жау у сеуіп кеткен құдықтан қапыда су ішіп бір бақташы, екі бала ұланып өлді. Сол күні осы құдықтан суарылған бір табын сиыр түгел қырылды. Ауыл арасында өсек-аяң, дақпырт сөз желдей гүледі. Тамағы жыртылғанша даурыққан шалақ белсенділер де көбейіп кетіп еді. «Көлік бәрімізге де ортақ», деп бір жылқыны бір күнде бірінен соң бірі жегіп титықтатып, болдыртып әкеп тастайтын. Түнде сойылып, күндіз жоқталып, із-түзсіз жоғалып жатқан қой қаншама. Ақыры екі-үш жылдан кейін колхозда екі бие, жүз қаралы сиыр қалды да, қой малы мүлде құрып бітті. Осындай ауыр хал туып, шаруашылық кері кеткен жылы колхозшылар өздерінің жалпы жиналысында Уәйханды бригадир етіп сайлады. Колхозға екі жүз қой сатып алынсын да, бұл түлікті бағып-қағу Рүстемге тапсырылсын деп ұйғарды... Жылдар өтті. Колхоз еңсе көтеріп, даңғыл жолға түсті. Ауылда шаруа түзсіліп, жағдай оңалып, мал басы да құралып өсіп қалды. Жүз қаралы жылқысы, алты жүзден аса сиыры, тоғыз жүзге тарта қойы бар еді. Уақыт озады, өткен күндер алыстап ұзайды. Бірақ әр кездің шежіре суреті ұмытылмайды. Біртүрлі сағынышымен еске түсіп, қиындығы да қызықты боп көрініп, көңілге толқу салады, тебіренеді. Өткен күндерді еске алысып, Рүстем мен Уәйхан осындай бір күйде келе жатты.

— Сақал-шашың ағарды, жасың сексенге тақады, ер жетіп еңбек етіп жүрген балаң бар, қолыңды жылы суға малып қана үйде неге отырмайсың деп маған әркім-ақ айтып жүр. Қол қусырын қалай отырмақпын. Өзіміз іргесін қалап, өзіміз шаңырағын көтерген мынау колхоз. Жоқ, бір сәтке де қарап отыра алмаспын. Шама келген жұмысты атқарамын. Құдайға шүкір денім сау,— деп Рүстем қария әңгіме бетін өзіне бұрды. Тынымсыз пысықырынып, мезіленіп келе жатқан жиреп атының тізгінін босатыңқырап, қамшысын беліне қыстырды. Бірер минут үнсіз отырып, баяу қоңыр даусымен қайыра сөз бастады.— Көбіне күліп жүрем, көңілді жүрем. «Бұл қартың уайымды білмейді, қайғыны түсінбейді» деушілер де ұшырайды-ақ. Менің де жүрегімнің айықпас бір дерті бар. Үш балам шешесінен жастай жетім қалды. Үлкен ұлым Мұсайып кешегі қан майданда қаза тапты. Дәл он

сегіз жасында, балғын шағында қыршынынан қиялды Жеңіл қаза ма... Көп ойдаймын. Өзіммен бірге көп жайып жүрген жерінен кетіп еді майданға. Қазасы қатты батады жаным. Өмірдің дәм-тұзын толық тата алмады ғой азаматым, асылым...

Рүстем көзіне жас алды.

— Шүкірлік қыл, сабыр тұт. Басқа түсті, көндік. Сенің ұлың бәрімізге де ардақты аяулы бір бала еді,— деп Уәйхан жұбаныш айтты.

— Шіркін бала — ата-анаңның бал бауыры, бауыр етісің ғой,— деп Рүстем ауыр күрсінді...

Ауыл жақтап жұлдыздай ағып келе жатқан «Победа» бұтардың тұсынан өте беріп, жарқ етіп қарсы бұрылды. Екі қария аттарын тежеді.

## 2

«Победадан» үш адам түсті. Бірі — орта бойлы, өңі жұқалау келген аққұба жігіт — Чапаев атындағы колхоздың председателі Сағатов Қабдырашит. Жасы егде тартқан екінші адам — осы колхоздың бұрынғы председателі Жыңғылбаев Кәжен. Үшіншісі — үстіне жеңіл велветка киген, жасы он жетілер шамасындағы шофер жігіт — Юрий Уәйханов еді.

— Ия, отағасылар, жол болсын,— деді Қабдырашит сәлем беріп.

— Бірге болсын... Жер шолып жүрміз. Жарықтық жаңбыр жер сусынын қандырып-ақ тастаған екен,— десіп екі қария жарыса сөйлеп жөн айтысты.

Председатель қырдағы бригадаларды аралауға шыққан болатын. Қазіргі бет алып келе жатқаны — Уәйхан бригадасы еді. Кәжен:

— Баяғы бір қалпы, баяғы ажар, еш айнымапсың, өзгермепсің,— деп қарт бригадирдің қолын қатты қысып амандасты. Уәйханды қашан көргенше асығып, ынтығып келе жатқан жайын білдірді.

Екеуі жастайынан сырмиез адамдар еді. Кәжен Чапаев атындағы колхозда он үш жыл ұдайы председатель болған кісі. Осы колхоздың өсу, даму тарихында сіңірген еңбегі айрықша зор. Колхоздың экономикасы мен шаруашылығын биік белеске көтеру жолындағы қажырлы ісі үшін ол 1947 жылы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Бұрыннан аздап ескі сырқаты бар Кәжен предсе-

дательдік қызметпен 1953 жылы, денсаулығына байланысты, өтініш етіп босаған-ды. Бір жерде отырып, тыныш жұмыс қылатын кеңсе қызметіне ауысқан. Денсаулығына байланысты соңғы үш-төрт жылдан бері аудан орталығында тұратын. Өзі биыл қыстай үйден оңаша ұзап шыға алмай, Беген ауылына әдейілеп кеше келген еді.

— Көз көрген жерде ауыл бар дегендейін, мына Қабдырашитпен бірге өзінді әдейі арнап іздеп келемін... Дұрыс-ақ, сының кетпепті, сыр алдырмапсың. Мына балаң да дырдай жігіт боп қалыпты, машинаны ұршықша айналдырады,— деп Кәжен Уәйхан мен Юрийге күлімсіреп қарады.

— Бұл балам машинаның құлағын ұстағаны осы жұырда ғана. Шоферлер курсың бітіріп келген, — деді Уәйхан.

— Кеше ғана шашы жалбыраған кіп-кішкене бала еді.— деп Кәжен жас шофердің өткен бір ауыр халін еске түсірді...

Қара дауыл соғып тұрған күздікүнгі уақыт еді. Кәжен кеңседе оңаша отырған. Біреу ақырын ғана тықылдатып есік қақты. «Кіріңіз» деп дауыстады Кәжен. Аяғы күс-күс боп жарылып кеткен, кескіні де қарайып тотыққан, шашы дудыраған бір орыс баласы кеңсеге кірді. Үстіндегі көйлегі де тозыпты, жыртық жеңінен жылтырап шынтағы көрінеді.

— Председатель сіз боласыз ба? — деді бала бойынтік ұстап.

— Я, мен боламын,— деп Кәжен оған таңырқай қарады.

— Мені колхозға алыңыз,— деді бала.

Председатель еріксіз езу тартты. Бала бұған намыстанды ма, кім білсін, өңі қызарып:

— Мен сегіздемін, мен жұмыс істей аламын. Мені колхозға алыңыз,— деді өжеттеніп.

— Атың кім өзіңнің? — деп председатель тағы да жымиды.

— Юрий...

— Қай жақтан жүрсің?

Бала үндемей төмен қарады.

— Әке-шешең кім? Бар ма олар?

Юрий үнсіз ғана басын шайқады. Осы сәт өңі лып етіп қызара қалып, қайта бозарып, қуқыл тартты. Председатель бала көңілінің бір мұңды сырын ішінен сезді де,

сұрауын қайталамады. Юрийге бос орындықты ұсқады да, өзі балаға тақау келіп қарсы отырды.

— Шашың өсіп кетіпті-ау... Үсті-басың да кірлепті. Сірә бір жақтан жаяулап-жалпылап келгенсің ғой,— деп ептеп қана сыр тартты.

— Иә... Қырық километр жерден жаяу келдім,— деді Юрий.

Ол бойы үйреніп, бірте-бірте шешіле сөйледі. Жүрген жөнін, қысқаша өмір тарихын айтты. Жап-жас бала ауыр бір халге, ашы күйге қаршадайынан тап болыпты. Туған әкесі мен шешесі екеуі бірдей бұдан жатсырапты. Әлде осыған кінәлі баланың өзі ме? Бір жазығы ботар ма жас қыршының? Өз әкесі майданға аттанғанда, Юрий шешесінің бауырында қалған нәресте екен. Тұрлаусыз әйел майданға кеткен жарын күтпей, біреуге көніл қосады да соған тұрмысқа шығады. Юрийдің әкесі соғыс біткен соң бір жылдан кейін мекен-тұрағына қайтып келеді. Ол да үйленеді. Юрийді өгей әке жақтырмайды. Соңғы күйеуінен бір-екі бала сүйген соң шешесі де Юрийді шетке қағыпты. «Бізге сенің қажетің жоқ, туған әкеңе бар» деп қуалап, күн көрсетпейді. Юрий өз әкесін іздеп келеді, пана тілейді. «Балаға зәру емеспін, маған келме, шешене бар» дейді туған әкесі. Екі арада жалтақтап, бірақ ешқайсысынан жылы мейір көрс алмаған бала енді олардан мүлде түңіледі де, беті ауған жағына жүріп кетеді. Екі күндей жаяу арып-шаршап, үшінші күні бір керуенге ілесіп, Беген ауылына күндіз келіп түседі. Колхоз председателі өте бір қайырымды, жақсы адам дегенді Юрий ағаш тартқан керуендерден жол-жөнекейі естиді де, «осы колхозға кіремін, жұмыс істеймін» деп ойлайды. Сол арызын айтқалы бейтаныс председателдің кабинетіне есік қағып, рұқсат сұрап кірген еді.

Председатель баланың әңгімесін қатты толқып тыңдады.

— Мақұл, айтқаның болсын. Енді қандай тідегің бар?— деді ол.

— Мені бригадир Уәйханның карамағына жіберіңіз,— деп өтінді Юрий.

— Ол кісіні сен қайдан білесің?

— Білемін. Ол жақсы адам,— деді Юрий. Ол Уәйхан бригадирдің жайын керуеншіден жолда естіген екен.

— Жақсы... сол бригадирдің карауына жіберейін,— деді председатель...

Уәйхан жалаң аяқ, жалаң бас баланы сол күні інірде үйіне ертіп барды. Өзінің Юриймен тұстас бір ұл, бір қызы бар еді. «Сара, тойынды жаса, міне тағы да бір азамат ұл тудың» деді зайыбына, Юрийді қолынан жетелеп үйге кіре берген Уәйхан.

— Шешен осы кісі,— деп түсіндірді ол балаға.

Егде ана шашы дудыраған жүдеу баланы қасына шақырып, құшақтап бетінен сүйді. Юрийі ананың әжімді жүзіне қарап күлімсіреді...

Жол соқты боп шаршап келген жас бала таңертен кеш оянды. Көрпесінің шетін қайырып, көзін сығырайтып қана ашып еді, үйіші жап-жарық. Ол шошығандай төсегінен атқып тұрды. Кереуетінің дәл қасында бұған күлімсірей қарап ана тұр.

— Ұйқың қанды ма, балам? Жайлы ұйықтадың ба?— дейді ана бір түрлі мейірімді жұмсақ үнмен.

Юрий жан-жағына алақтап, көзімен Уәйханды іздейді.

— Әкең саған дүкеннен етік, костюм сатып әкеп қойды. Өзі жұмысына кетті... бригада басына,— дейді ана.

— Мен де барамын... Мен жұмыс істеймін,— деп Юрий асығып киінбек болады.

— Жоқ, балам, сен жассың әлі жұмысқа,— деп ана оны маңдайынан сипайды,— өсесің, ер жетесің ертен... Сонда, балам, бәріне де жолың ашық...

Арада оншақты жыл өтті. Юрийі он жетіге толды. Шоферлер даярлайтын күрсті үздік бітіріп келді.

Уәйханға далада жолыққан Кәжен Юрийдің азамат болған осы бір шағын көріп қуанды.

— Кеше ғана кіп-кішкентай бала едің. Өзің қалай сырықтай жігіт болып алғансың! — деді күліп жас шоферге.

— Мұның жайын мына әкемнен сұраңыз,— деп Юрий Уәйханға көкшіл көзі күлімдеп қарады.

### 3

Колхоздың бүгінгі өскен шаруашылығы, мүлде жаңа өмірі Кәженді ерекше бір қуанышты сезім толқынына бөледі. Осы туған ауылдың қыраты мен ойпатының бар тарихы оған жасынан аян еді. Бір кезде құлазып бос жатқан талай өңірге бүгінде нұрлы шырай біткен. Даланың өңі өзгеріп, жасарып, құлпырып алыпты. Кәжен предсе-

датель болып келген жылдары мың гектардан астам егіс бол-  
мас қана егін салатын колхозтың қамыры еді. Осы егіс-  
сігістік жері жиырма мың гектардан астам көшпелі Уәйсін  
бригадирдің үйінде туған қызықты бір мәліхат ұстап.  
Қабдырашит бұрынғы председателге осы жаңаларны ку-  
анышпен әңгімеледі.

— Бір кезде тұралап қалған колхоздың бетін түзетін  
сіз едіңіз, Кәжеке. Біз сол істі ілгері апарушы шәкірте-  
ріңізбіз. Бұрынғы нашар ауылдың қалай өскенін көріп  
отырсыз. Ал енді адамдарымыздың жан дүниесіне үйіліп  
қаранызшы! Санасы да, ойы да биік! Көкірегін тыңдап,  
сырын ұқсаң, әр адамымыздың өмірі қызық бір тарих.—  
деп Қабдырашит сөзін тәмамдады да, «осыған қосарың  
бола ма» дегендей, отырған топқа салмақпен жағалай  
қарап өтті.

— Мына отырған Уәйхан қарияның өмірінің өзі тау-  
сылмастай ғажап бір дастан емес пе? — деп құптап ко-  
йып, Кәжен оң жағындағы шофер жігітке көз қиығын  
салғанда, Юрий әкесінің күнге күйіп, жол қағып тотық-  
қап әжімді жүзіне күлімсіреп қарап отыр еді. «Өзіңнің  
де, мына балаңның да жаны қандай мөлдір. Тебірентіп  
төгілтер өмір күйі ғой бұл махаббат!» деп ойлады Кәжен.  
Қатар отырған әке мен балаға алма-кезек қарай берді...

## ҚҰРЫЛЫШЫНЫҢ ӨңГІМЕСІ

— Жас азамат, бір минутқа бөгеліңізіші... Осы қалада тұрасыз ба?

— Иә...

— Құрылысшылардың он төртінші жатақханасы қай жерде?

— Маған еріңіз, мен сонда тұрамын.

Орта бойлы, ақ сары жас жігіт кішірек чемоданын сол қолына алып, маған қатарласа жүрді. Кескін-кейпіне қарасам, ұзақ жол жүріп алыстан келген жолаушыға ұқсайды.

— Айтыңызшы, сіз осы жердің жергілікті тұрғынысыз ба? — деді ол менен әлде бір жайды білуге құштарланған пішінмен.

— Жоқ, жергілікті тұрғыны емеспін. Мұнда келгеніме екі-ақ жыл болды, — деп жөнімді айттым.

— Қай жақтан келіп едіңіз?

— Алыс... Ақтөбе қаласын білесіз бе? (Ол басын изеді.) Сол жақтан...

— Мен де алыстан келе жатырмын... Сіз мұнда кім боп істейсіз?

— Құрылысшымын. Тұрғын үйлер саламын.

— Менің де ойым — сондай құрылысшы болу. — Ол маған күлімдей қарады да қолын созды. — Келіңіз, танысайық! Менің фамилиям — Сафунов, есімім — Владимир. Краснояр өлкесінің жігітімін. Қазақстан Магниткасына келдім.

— Жолыңыз болсын! Менің аты-жөнім Талғатбек Қалыбаев.

Екеуіміз осылай таныстық. Жатақханаға жеткенше ол

өзінің поезбен қалай жол жүріп келген жағдайын баяндады. Бұл сапары оған ерекше әсер етіпті. Әсіресе, қазақ даласының соншалық ұлан-байтақ көлемі жас жігітті қайран қалдырыпты. Ол Қазақстан Магниткасына жеткенше асығыпты. Владимир жалғыз емес екен. Қазақстандағы жаңа алып құрылысқа баруға тілек білдірген екі жүздегі құрбыларымен бірге шығып, осы жерге сол достарымен бірге бүгін келіп түсіпті. Келгендерді жұмысқа бөліп, жатақханаларға орналастыру кезінде Владимир кадр бөліміне өтініш жасап, өзін тәжірибелі құрылысшылар ортасына жіберуді сұрапты. «Олардың тәжірибесін тез меңгеру үшін өздерімен бірге тұрғым келеді, осыған жәрдем етіңіз» деп қиылып, өтініпті.

— Кадр бөлімінің бастығына мың рахмет! Тілегімді орындады, — деп көңілдене сөйледі Владимир. Ал төс қалтасынан кішірек бір қағазды алып маған көрсетті. — Жиырма бірінші бөлме деп жазыпты, сіздің бөлмеге көрші емес пе?

— Мен дәл осы жиырма бірінші бөлмеде тұрамын.

— Ендеше тіпті жақсы болды ғой!

Мен бұл жігіттің сөз әлпетін манадан байқап келе жатырмын, сөзінде селкеу көрінген ештеме жоқ, мінезі ашық, жайдары, аккөңіл азаматқа ұқсайды. Бойынан ерекше бір қызулық байқалады. Лапылдап жанар жалынды қуаты бардай.

Жатақханаға келіп, Владимирді өз бөлмемізге жайғастырып орнықтырған соң, әуелі оның жағдайын баяндап, бірге тұратын екі жолдасыма таныстырдым да:

— Ал, енді сендер өз тарихтарыңды Володяға өздерің айтып беріңдер, — деп тілек қылдым.

Дөңгелек жүзі күңге күйіп, жел қағып, қарайып тотыққан Қазбек Мақатов кішірек көзін сығырайтып:

— Айтуға болады, — деп жымыды да өзінің бәсең үнімен ақырын сөйледі. — Менің туып-өскен жерім осы төңірек. Онжылдықты Қарағандыда бітірдім. Сол оқуды бітірген бойда, ешқайда алаңдамастан, Қазақстан Магниткасына тура келдім. Қазір құрылысшымын...

— Сонымен қатар бұл жігіт құрылыс бөлімі басқармасының бастауыш комсомол ұйымының секретары. Алты жүз комсомолецтің басшысы, — дедім мен оның сөзін жалғастырып. Володя басын күлімсірей ізеп, Қазбекке сүйінгендігін білдірді.



Өзімнің құрдасым Ізгілік Нұрышев сөзін маған жанастыра сөйледі:

— Мынау Талғатбек Магниткаға бізден бұрын келіп, осы күні нән құрылысшы болып апты. Бұл екеуміз Ақтөбе облысының Темір ауданында орта мектепте бірге оқығанбыз. Онжылдықты бірге бітіргенбіз. Осыдан кейін екеуміз де ауылда мал шаруашылығында жұмыс істедік. Әрине, мал бағуға өзіміз қалап барғанбыз. Сөздің тоқ етері — бұл екеуміз де бұрынғы малшымыз. Мен Магниткаға өткен күзде, яғни, Талғатбекпен бір жыл кейін келдім. Айырмашылығымыз сол ғана,— деді.

— Бір жыл кеш келсе де нығыз боп келді. Нижний Тагильдің металлургиялық заводында бір жыл практикада болып, шойын қорытушыларды әзірлейтін арнаулы мектепті де бітіріп, алтыншы разрядты маман болып бірақ келді,— деп мен оны көтермелеп қойдым.

Ізгілік енді өз көңілінің қуанышын білдіріп, Краснояр өлкесінен келген құрбысын қызықтыра сөйледі:

— Қазақстан Магниткасының салынып жатқан домналарына бүкіл әлем көз тігіп отыр. Ертең осы алыптар бар қуатымен түгел жүріп кеткенде дүние жүзін таң қалдырады. Әр алты минутта отыз тоннадан руда қабылдап, тәулік сайын екі мың тонна шойын қортып шығарып жатады. Ғажап емес пе? Домнадан бөлінетін газ, тіпті, түтіні де — бәрі пайдаға асырылады, ешнәрсесі зая болмайды. Міне, бұл домналардың құдіреттілігі осындай!..

Владимир мұның сөзін қызыға тыңдап, деп қойып, ынтығып отырған соң, әрі біз де «айта бер» деп ықылас білдіргендіктен, Ізгілік Магнитка болашағын серпітіп баяндап берді. Владимир Сафунов дәл бір ертегі тыңдаған баладай өңі құлпыра құбылып отырды. Осы бір жапжас орыс жігітінің қуанышты дидарына сүйсіне қараймын мен. Менің туған республикамда орнап жатқан алып заводты, жаңа жас қаланы салысуға алыстан аңсап келген қажырлы азамат келбетіне қараймын. Оны сонau жырақтан осында құлшынтып жетелеп келген бір қуаткүш бар. Бұл — жүректегі махаббат! Достық махаббат! Мен Володя досымның ақылды ажарынан сол махаббаттың нұр шұғыласын көремін. Сондықтан да сүйсіне қараймын оған.

Ол қазір Ізгіліктің сөзін ұйып тыңдап отыр. Магнитка өмірі оған ғаламат бір дүниедей елестеп тұрғаны анық. Осы үлкен өмірдің толқынына араласып кеп кеткенде,

ағынға ілесе алмай шетке қалып қала ма? Бұл ортаға үйренбеген жас көңіл қобалжиды. Володаның бір сәт өзгере қалған өнінен оның осы жан күйін де сезгендей боламын. Магниткаға өзім ең алғаш келген күні, Әбіләкім прорабтың әңгімесін естіп отырғанда, менің де көңілім қобалжып еді. Володаның қазіргі қалпын өзімнің со бір шақтағы күйіме үндестіріп отыруым да мүмкін-ау.

Біз, Қазмагнитка құрылысына жолдама алған бір топ жастар, санымыз жүзден асатын, поезбен Қарағандыға түнде келіп түстік те алдымыздан күтіп тұрған автобустарға тиеліп алып, құрылыс басына бөгелмей жүріп кеткен болатынбыз. Магниткаға түнде келдік. Үш этажды үлкен ақ үйдің алдына тоқтап, автобустан топырлап түсе қалдық. «Күншығыс жағымызда жыпырлаған оттар көрінді. Алдымыздан шығып қарсы алған орта бойлы, өңі жұқалау татар жігіті өзінің аты-жөнін, лауазымын айтып таныстырды да (прораб Әбіләкім осы кісі еді) қолын ілгері созып:

— Анау жарқыраған оттардың бәрі — құрылыс объектілерінің төбесінде жанып тұрған жұлдыздар. Бізге жүрегінің оты осылай маздап тұрған адамдар келген шығар, ә? — деді.

Ол бізге сол түні Қазақстан Магниткасының үлкен жоспарын, ғажап болашағын әңгімелеп еді. Бәріміз де ұйып тындап қалғанбыз, қиялымыз шарқ ұрған, ойымыз әр саққа жүгірген. «Бұл құрылысқа іскер маман керек екен, ал мен қазық ұштай да білмеймін» деп, көңілім қобалжып та қалып еді.

Енді, міне құрылысқа жаңа келген Володяға қараймын да өзімнің өткен жолымды еске түсіремін.

— Менің ешқандай мамандығым жоқ, мен құрылысшы бола аламын ба? — деді Владимир Сафунов.

— Үйретеді. Үйренесін. Боласың құрылысшы! — деді құрдасым Ізгілік Нұрышев.

Құрылысқа жаңа келген әр жас азамат осы Владимирше күдіктеніп сұрау қояды. Ал одан бұрын келген, жұмысқа жаттығып қалған құрбысы дәл осы Ізгілікше сенімді жауап береді. Қазақстан Магниткасы құрылысындағы 25 мың жұмысшының демі жастар, солардың қайсысымен ұшырасып тілдессеңіз де осы сөзді айтар еді.

113-квартал. № 3 үй. Көзіме сонша ыстық көрінеді осы бір үй! Жұмысқа бара жатқанда қасынан күнде өтемін. Қайта-қайта қарай бергім келеді. «Қандай зәулім, қалай әсем салынған!» деп қуанамын. Әсіресе осы үйдің төбесіне көп қараймын. Сіз мұныма таңырқаманыз. Маған құрылысшы деген атақ осы үйдің төбесінде берілген. Бригадир Дукаев қолыма өткір балтаны ұстатып:

— Ал, құрылысшы жолдас, алғашқы кадамың құтты болсын! — деп құттықтағанда төбем көкке аз-ақ тимей қалған. Ол мені ағаш шабуға өзі баулып үйретті. Біз үйдің шатырын салдық. Бастапқы кезде балтаны дұрыс ұстай алмай, шапқан ағашымды бүлдіре бергенім де есімде. Бірін де ұмытпаймын. Осы бір зәулім үйдің шатырының әр тақтайы қалай қағылғаны көкейімде сайрап тұр. Бұл үй маған сондықтан да ыстық. Оның шатырына күніне бір қарамай өте алмаймын.

Балташы шеберлер бригадасында он ай жұмыс істегеннен кейін менің өмірімде тағы да бір зор жаңалық болған еді. Шеберлікке өзімді баулып үйреткен бригадир Дукаевтың мені өз орнына қалай ұсынғанын айтайын.

— Менен гөрі жеңіл, әрі ұшқыр, осы жігіт бригадир болуға лайықты, — деді ол бригада жиналысында. Өзгелері оны құптай жөнелді. «Мен әлі жаспын, еркін ысылған жоқпын» деп, қысылып сөйлей бергенімде, бәрінің үндері ұласып, сөзімді бөліп жіберді.

— Ұсыныс біреу. Бригадир боласын. Жұрт сенімін абыроймен орындауға уәде бер! — деп бұрынғы бригадирім Дукаев өктемдеу сөйлеп, маған күлімдеп қарады.

Жұрт сенім білдірсе, үміт етеді, ісінді күтеді. Мен уәде бердім, қазір бригадирмін.

Менің осы жағдайымды естігенде Владимир Сафонов қуанышты жүзін маған бұрып:

— Мені өз бригадаңызға мүше етіп алыңыз, — деп өтініш қылды.

Біз тұрғын үйлер салынып жатқан өзіміздің құрылыс участогіне ертеңіне бірге бардық.

1959 жыл. 20 ноябрь. Бұл күн — менің өмірімдегі ең ұлы күн. Мен Ленин партиясының қатарына кірдім. Бірінші «Жилстрой» басқармасы партия ұйымының секре-

тары Аманжолов Қалық қолымды қысып құттықтап тұрып:

— Коммунист деген ардақты атақты әр уақыт жоғары ұста! Ел сенімін құрметтей біл! Партиялық тілегіміз осы,— деді.

Ендігі бар арман, мақсатым — Отанымның, Партияның мүддесіне жан-жүрегіммен беріле адал еңбек ету. Бақыт сол!

\* \* \*

Менің туып-өскен жерім — Ақтөбе облысының Темір ауданындағы Буденный атындағы колхоз. Ауылдағы балалық кезім есіме жиі түседі. Кей шақта көңілім босап, көзіме мөлдіреп жас келіп қалатын жайлар да бар... Жансұлу деген жалғыз қарындасымның мына бір жазған хаты кеше өзімді қатты толқытты. Сөзіне сіз де құлақ салып көріңізші, көңіл күйі төгіліп тұр...

«...Сағындым, аға! Хатпен бірге жолдаған суретінді алғанда, қуанғашымнан көзімнің жасы қалай шығып кеткенін де байқамаппын. Бұрын, кішірек кезімде, сен маған: «Ештеңені ойламайсың, пайымдамайсың» деп, кей-кейде ренжіп қалушы едің ғой, есінде ме? Осы күні менен қиялшыл адам жоқ сияқты. Кейде ойға шомып отырып әлдеқанден шошынып, жүрегім тітіркеп те кетеді. Әке-шешемнің, Қалтөре ағайымның ауыр тағдыры көз алдыма елестейді. Көңілім босап, оңашада жылап та аламын... «Жасық болма, қайратты бол» деуші едің ылғи маған. Сол сөзің медеу болып демейді. Қамқоршым да, ақылшым да өзіңсің. Хатты жиі жазып тұр, аға. Бірақ маған ақшаны жиі сала берме, өзің киініп, ішін. Қазір мен де ауылда қызмет істеймін ғой, бухгалтермін, өзіңнің денсаулығыңды көбірек ойла...»

Міне, осылай деп, қуанышын да, сағынышын да, маған арнаған жақсы тілек-үмітін де түгел хатқа орап жіберіпті. Жас көңілінің толқып кеткен бір шағының шерлі-сырлы ағынын да білдіріпті. Қарындасым жазған хаттың дәл осы тұсын оқығанда көңілім толқып қалып еді. Столды таянып, маңдайымды алақаным ақырын ғана сүйеп, үнсіз ойға шомып ұзақ отырдым. Алыстағы ауылда тұратын жалғыз қарындасым Жансұлудың: «Әке-шешемнің, Қалтөре ағайымның ауыр тағдыры көз алдыма елестейді» деген сөздері есіме түсе береді. Әрине қарындасым

Бұл сөздерді мені жасыту үшін жазған жоқ шығар; өзінің толқып кеткен көңілінің бір ағысын білдіргені ғой. Қадірлі ата-анадан қаршадайында айрылған жас жүректің дерті жеңіл болар ма?

Біздің аяулы анамыз Батша ауыр науқастанып, төсек тартып жатқанда мен де тым жас едім, екінші класта оқып жүргем. Өзім қара көріп, пана тұтқан ағайым Қалтөре менен екі-ақ жас үлкен болатын. Қарындасым Жансұлу тіпті кішкентай, өз бетімен киіне де алмайтын. Әкеміз Қалыбай Ұлы Отан соғысы басталған жылы майданға кеткен. Үйдегі жалғыз естияр адам — шешеміздің ұзақ төсек тартып жатып қалғаны үш жасөспірімге оңай тиген жоқ еді. Бірақ тағдыр жеңілдік жасамады. Асқынған ауру анамыздың демін үзді. Ол 1942 жылдың қысында қайтыс болды...

Әкеміз майдан шебінен ауылға 1943 жылы мүгедек болып оралды, оң қолынан айрылып келді. Ауылда жағдай ауыр еді. Әкем денсаулығының кемдігіне қарамай, келе сала жұмысқа араласқан. Колхоздың мал фермасын басқарған. Осы жұмыстағы үздік еңбегі үшін ол 1949 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Бір күні әкем кенеттен науқастанып қалды. Оқтан болған ескі жарасы ушығып, алай-дүлей қатты ауырды. Тынысы тарылып, бір аптадай тынши алмай жатты да, көзін мәңгі жұмды... Осы ауыр қайғының үстіне қайғы қосылып, келесі жылдың көктемінде Қалтөре ағай қайтыс болды. Бұл кезде мен жетінші класта оқып жүрген едім. Топшымыз бекіп, қанатымыз жетілмеген жас едік. Тағдыр зілін көтеру оңай болған жоқ...

«Бақыт өзі келмейді, бақыт үшін күреседі» деп әкем ылғи ақыл беруші еді. Осы сөзді ерекше ардақтаймын. Орта мектепті бітіріп, қолыма аттестат алғаннан кейін, алдыма қойған бірінші мақсатым — сол бақыт үшін күресу болды.

— Енді институтқа оқуға түс. Маған қарайлама, мен жүдеушілік көрмеймін,— деп Жансұлу маған жоғары оқу орнына баруға тілек білдіріп еді.

— Әуелі өмірге жолдама аламын, еңбек етем. Бақыт үшін күресемін! — дедім мен.

Сонымен, онжылдықты бітірген бойда еңбек сапарына аттандым. Сөзімнің басқа жағында айтылды ғой, колхоздың мал шаруашылығы саласында жұмыс істедім. Әр күн еңбек қуанышына бөленіп өтіп жатты. Бір күні ресубли-

калык жастар газетінің бетінен әсерлі бір хат оқыдым. Қазақ жерінде орнап жатқан алып құрылыс — Қазақстан Магниткасын салушылар сапына жас күштерді шақырған үндеу екен. Осы хат қиялымды шарықтатып, арманымды ұлғайтып жіберді. Өз ойымды қуана ақтарып, әуелі қарындасыммен ақылдасып едім.

— Ойың да, арманың да жақсы екен, аға. Қуанамын! Құттықтаймын! — деп қарақат көздері күлімдеп, жүрек қуанышын білдірді Жансұлу. Осыдан соң төмен қарап, сәл үнсіз ойланyp қалды да, маған мұная бұрылып: — ауылдан алыстап кетесің ғой, сағынамын ғой мен, — деп бір түрлі толқып қалды.

— Күнде хат жазып тұрамын. Демалысқа шыққанда жылда ауылға келемін. Осы күні жердің шалғайы жоқ. Самолетпен Магниткадан шыққан күні-ақ осы ауылға жетемін, — деймін мен көңілденіп.

Жансұлу күлімсiреді. Бірақ көзінің бұрышында мөлдіреп қана бір түйір жас тұр екен. Байқап қалдым.

— Қайда болсам да, қайда жүрсем де есімнен бір елі шығармаймын сені, көзімнен таса етпеймін, — деп қарындасымды маңдайынан сипадым. Өзімнің де көңілім толқып қалды. Үнім біртүрлі дірілдеп шықты...

Өткен жазда ауылға демалысқа барып қайттым. Қарындасым бухгалтер курсып бітіріп келіп, колхозда жақсы қызмет атқарып жүр екен. Өте қуандым. Ол, хат жазған сайын: «Маған ақша салма, өз еңбегімнің табысы өзіме жетеді» деп ылғи ескертеді. Бірақ бұл айтқанын орындай алмаймын. Екеуіміз де ата-анадан, ағадан жастай айрылып, бірімізге біріміз сүйеу болып жетілген едік. Жансұлу мені естияр санап, әр уақыт пана тұтып жүреді. Қарындасымның өз сөзімен айтқанда мен оған асқар Алатау сияқты көрінетін болсам керек. Асыл туысқаным! Ишер асымның жарымын оған бөліп қоймай отыра алмаймын мен. Қарындасыма кеше де хат жазып, ақша салып жібердім. Менің сөзімнен оған аяулы анамыз бен әкеміздің, Қалтөре ағайымыздың мейірімі үнемі сезіліп тұрса екен. Осыны толғанып ойлаймын.

\* \* \*

— Алып еңбекке араласып жүрген адамның арманы да асқақ болады! — дейді Володя досым. Тамаша сөз! Біздің Магнитка құрылысында бір күнде жүзеге асатын істер аумағына көз жіберіп қараңыз, қиялыңыз қалай-

қалай шарықтап кетер екен! Әр тәуліктегі жұмысқа екі миллион сом қаржы бөлініп отырады. Ал, жылына ше?!

Біздің Теміртау қаласының қалай тез өсіп келе жатқанын көрдіңіз ғой. Қазір оның тоқсан мыңнан аса тұрғыны бар. Осы жетіжылдықта қала үш есе ұлғаймақ. 240 мың тұрғыны болады. Сол адамдар тұратын үйлерді біз саламыз.

— Салған үйлері қандай әсем, қандай жайлы. Мың мәртебе рахмет құрылысшыларға!

Әр жаңа үйге кірген совет адамы осы бір алғыс сөзін жолдап отырса болғаны. Арманымыз сол. Бүгінгі ісіміздің бар мақсаты осы — өзіміздің совет адамының алғыс-құрметінен қымбат не бар!

1960

## КЕНШІЛЕР

Жұмыстан күнде ширақ қайтатын Федор Бушинский бүгін бар денесі ауыр тартып, аяғы талып үйіне әрең жетіп еді. Оның үйі жырақта емес-ті, 31-шахтадан межесі үш жүз қадамдай-ақ қашық тұратын. Осы аралық оған бірінші рет ұзақ болып көрінді.

Дәмді тағам соңынан күндегі дағдысынша жұмсақ диванға шалқайып отырып жаңа газет бетіне үңілетін Федор осы соңғы кеште тамаққа да жөнді зауқы соқпай, сол дел-сал күйінде төсегіне қисайды.

Оның ажарынан бір көңілсіз күйді тез аңғарған сергек зайыбы:

— Федя, саған не болған, бір жерің ауыра ма, көңілің жадау ғой,— деп күйеуінің ашық, кең маңдайлы сопақша жүзіне барлай қарап еді.

— Жоқ... Жәй әшейін,— деп Федор селқос үн қатты.

Өткен қыста, бір аптадай төсек тартып науқастанып қалатын жолы, жұмыстан ауырып қайтқанын жасырып, осылай дегені бар еді. Бір жері ауырса, осыны біреуге шағып айтып жату — Федордың бала жасынан үйір болмаған дағдысы. Тіпті қаршадай кезінде оң қолының сұқ саусағын өткір пышақпен орып кесіп алғанда да, қайсыбір жылауық балаларша байбалам салмай, тістеніп, үнсіз шыдап баққаны бар.

Осы қайсар мінезі есіне түскен Федор, зайыбының көңілі алабұртпасын дегендей, басын жастығынан сәл көтеріп:

— Өз денім сау, бірақ бүгінгі жұмысымыздың бір сырқауы бар... Күдіктенбей-ақ кой, бізді алып ұратындай дерт емес, дәруі өз қолымызда,— деп күлімсіреді.



Адамның ойдағысы орындалмай қалғанда көңілдің жабырқаңқы тартатын жүдеу шағы болады ғой. Федор Бушинский үйіне жеткенше өзіне де, серіктеріне де разы болмай, «тегі қолдан келер қайратымыз шамалы біздің, лаваға түсерде даурықтық келіп... не пайда?.. Жұмыс кешегіден де кері кетті» деп, ауыр ойға көміліп еді. Еңсесін сзген зіл салмақ — осы болатын...

Қалың ой бірте-бірте айықты. Көңілде қылаңдап үміт тұтанды. «Кешегі жеткен нысанаға бүгін тіпті жуықтай алмауымыздың мәнісі қалай?.. Мұның бір жұмбақ сыры бар-ау» деп ойлады, екі қолып айқастырып әкеп, жалпақ алақанын желкесіне төсеп қимылсыз жатқан Федор.

Бөлме қараңғы. Электр шамды өзі өшірген. Терезеден ай сәулесі дірілдеп түсіп тұр. Түннің біраз уақыты өткендей. Шахтаның сырттағы үлкен желдеткішінің екпіндеген қоңыр гүлі тынбай естіледі. Бүкіл Қарағандының жүрек дүрсілін танытарлықтай бір әуенмен үзілмей есіп тұрған ұзақ үн. Федор бір сәт осы дыбысқа құлақ түрді де, қайтадан ой жетегіне ілесіп кетті. Бүгінгі жұмыстың бар жағдайын есіне түсірді. Әрқайсысы әр істі жанын салып атқарған серіктерін көз алдына елестетті. Бригада мүшелерінің қол қусырып қарап тұрған біреуі жоқ. Өзіне, өзгеге де бригадирдің тағар міні болмады. Қызу жұмыс кезінде бір ғана рет порожняк мезгілінде келмей қалып, комбайнның кідіргені бар.

«Нысанаға жете алмай қалуымызға себепкер болған осы», деп ойлады Бушинский.

Порожняк кешіккені үшін Федор электровоз машинисімен керісіп қалған еді. Жер астындағы еңсіз жіңішке темір жолмен вагондарды көмір тиеу пунктіне сырғытып әкеп қоятын электровоз бір сапарында тез оралмады. Кен комбайны опырып уатқан мол көмірді тиейтін дайын порожняк болмаған соң машина амалсыз бөгелген, вагоншалары салдырлап, электровоздың қарасы көрінген кезде Федор төмен түсіп алдынан шықты.

— Сен немене, машинаңмен ерсілі-қарсылы сөйіл жасағаныңа мәзбісің! Неге кешігесің? — деп ол электровоз машинисіне дүрсе қоя берді.

— Мен городки ойнап жүрмеген болармын, — деп күліп жауап қатты жас машинист.

— Қалжақтама! Бізге жұмыс керек. Қалжыңның орны бұл емес, — деп қызараңдады Федор.

— Жолдас Бушинский, ашуланбайық. Әуелі істің ба-

йыбына барайық. Не себепті кешіккенімді тындаңыз... Мен бір түйір кінәлі болсам...

— Мылжын сөзді тындайтын уақытым жоқ. Қане, кіріс ісіңе,— деп Федор қолын сілтеп бұрылып кетті.

«Қызу қандысың-ау, жігітім. Тез тұтанасын... Мен беталды кідірген жоқпын. Вагоншаларды тез босатпай. анау жақ бөгеді ғой» деп, электровоз машинисі жөнін айтқанша, Федор ұзап кетіп, оның сөзін естімеді. «Осының қарбысын бір қайтарармын» деп, жас құрбысы ішінен қулана жымиды.

Оның да сәті түсті. Порожняк келесі оралған сапарда, вагоншалардың тең жарымына көмір тиеліп бола берген кезде, тиянақ қадаға жетіп қалған комбайн амалсыз бөгелді. Қаданы ілгері тартып орнатуға көп уақыт кетеді. Қыруар алдану керек. Электровоз машинисіне бұл әбден аян. «Тек тұрғанша, Федордан есемді алып қайтайын», деп қуланды жас машинист.

Ол забойды өрлеп, еңкейе адымдап, комбайнға тақап барды. Шахтерлер қарбаласып, үш-төртеуі тіреулік ашаларды ілгері тасып, бір-екеуі шашылған көмірді жалпақ күректерімен ұзын транспортерге серпе лақтырып жатқан. Бушинский комбайнының алдын тазалап, күйбеңдеп жүрген.

— Федор, хал жаман болды ғой. Қызу жұмыс үстінде комбайнды текке тоқтатып, біздің қолымызды жіпсіз байладың-ау! — деп электровоз машинисі қасақана ренжіп сөйледі.

— Қызық екен, әдейі тоқтады деймісің? Көрмей тұрмысың? — деп Бушинский оның сөзін көңіліне ауыр алып қалды.

— Құрғақ сөздің керегі қанша, Федор. Қалжыңның орны бұл жер емес қой.

— Саған қалжыңдап тұрған кім бар? Жөнін айтып жатырмын.

— Бос сөзді тындауға уақытым жоқ. Давай, жұмысыңды тез бітір! — деп мырс етті жас машинист.

Ол осы әзіл-оспақ сөзімен жолдасының бағанағы орынсыз мінезін сықақтап тұрғанын енді ғана сезіп қалған Федор:

— Тфу! Сен де жалықпайды екенсің,— деп күліп жіберді...

Ұйқысы қашып, төсегінде үнсіз ойға шомып жатқан Бушинский ақ жарқын құрдасының сол әзілі есіне түс-

кенде, оның қылығына разы болып, өз-өзінен жымиды. «Ойнап айтса да, ойындағысын айтты. Әділ айтты. Расында порожняк дайын тұрғанда, сап-сау комбайнның бекерден-бекер тоқтауы жөн емес», деп ойлады. Ол кінәні тағы да өзіне аудара бастады.

Забойда көмір шабушы комбайнды ілгері сүйрейтін сым арқанның ұзындығы он бес-жиырма құлаштан жөнді аспайды. Бұл арқанның бір ұшы комбайн валына, екінші ұшы жуан тиянақ қадаға шалынады. Вал зырылдап айналғанда, сым арқан оның беліне ұзын жібек белбеудей орала береді де, комбайн алға сырғиды. Осылай бауырымен жылжып отырып, машина тиянақ қадаға тақап жеткен кезде, осы тіреуді жиырма-отыз қадамдай ілгері апарып, қайта қондыру керек. Мұның өзі қыруар уақыт алады. Осыған бір айла бар. Көмірді сықап алып жөнеліп кеткен порожняк қайтып оралғанша, едәуір үзіліс болады. Комбайн амалсыз тоқтайды. Осы кідіріс кезінде тиянақ қаданы алға жылжытып отырса, порожняк келгенде комбайн бекер бөгелмес еді.

Федор осы ұсынысты айтқанда көмекші Петро қарсы болды.

— Тиянақ қаданы әлсім-әлі сырғыта береміз бе! Машақаты көп. Комбайн әбден тақап жеткенде ғана жылжытып отырғанның өзі тиімді,— деп қасарды ол.

Федор өз ұсынысын дәлелдеді.

— Ендеше техникалық кеңесте талқылайық,— деді Петро.

Бұған Бушинский тез көніп еді. Күндер сырғанап өте берді. Кеңес кешеуілдеді.

«Ендігі қарайлаудың қисыны жоқ,— деп ойлады Федор Бушинский қараңғы бөлмеде өзімен-өзі оңаша сырласқандай болып,— ұсынысымды бригада мүшелеріне ертең айтамын. Олар сөзсіз қуаттайды».

Оңашада ойға шомбайтын адам болмайды. Қиял шарқ ұрады. Бір ой бір ойға жетелеп әкеледі. Федордың әлгі ойы оны биік шың басына шығарып кетті. Сол асқардан төңірекке көз қыдыртып барлай қарады жігіт. Міне лава... забой... бұрқыратып көмір опырып бәра жатқан комбайн. Зырылдап айналған бардың<sup>1</sup> өткір тісіне ілінбей, екі шеті имиіп, төбеде көмір қалып келеді.

«Күнде осылай... күнде осылай...— деп тықыршыды

---

<sup>1</sup> Кен комбайншының көмір шабатын тетігі.

ойға қалған жігіт,— қалыңдығы дәл жиырма сантиметр көмір төбеде қалады. Кей тұсын темір қайламен шауып отырған боламыз. Мұнымен не өндіресің? Ия-ия... Өзіміздің инженер Шнайдердің ұсынысы әбден жөн екен. Ол комбайн барын сәл жоғарылату керек дейді. Дұрыс-ақ! Расында қаншама көмір төбеде қалып жүр».

Федор Бушинский өзінің бар ойын іштей қорытып келді де, ертең таң бозарып атысымен шахтаға барып, екінші смена бригадирі — комбайншы Василийдің лавадан шығуын күтіп, сол досымен кең отырып ақылдасуды мақұл көрді. Көңілі үмітке толып, жаны жай тауып, көзі ілінді.

## 2

Василий Величко — жасы отыздың жуан ортасына келіп қалған, сабырлы мінезді, байсалды адам. Сөзге сараң. Тосын көрген кісі оны «өзгенің шаруасымен жұмысы жоқ тұйық біреу ғой» деп ойлап қалады. Тіпті, тойға барғанда да томаға-тұйық отырғаны. Өзі сөйлегеннен гөрі басқаның сөзін зейін сап тыңдап қана тыныш отыруды ұнатады. Дима дейтін жолдасы үйленіп, соның отау құрған тойына барған бір жолы, өңкей кенші құрбылары өзара әуелі келісіп алып, Василийді той бастаушы тамада сайлағаны бар. Сөзге сараң жігітті қақпақылдап, әлсін-әлі ортаға шығарып, сөйлемес ырқына қоймаған. Бірақ Василий жөн тапқыр еді. Бір ауыз ұтқыр сөзбен оңай құтылып, бар салмақты сол достарының өзіне кезекпе-кезек түсіре берген.

— Көп сөйлейтін кісі — көп нәрседен құр қалады. Сол зор пайдадан мені мақұрым қалдырғанда не мұратқа жетесіңдер. Осы мен де бір керекке жарармын,— деп жолдастарын сөз арасында ду күлдіріп еді.

— Сөзі аз кісінің әзілі ұятты бола ма деймін. Жалғыз оқпен атып, ұшырып түсіреді,— деп Федор Бушинский оны ныққа қағып, қызара күлген.

Осы қызара күлуде жәнеде бір сыр бар болатын. Федор мен Василий бір учаскеде, бірақ әр сменада жұмыс атқарады. Екеуі екі бригаданы басқарады. Екеуі де «Донбасс» кен комбайнының машинисі. Учаске бойынша бұлардың бригадасы өзара жарысып, бірінен бірі шырқап оза алмай, тайталас түсіп келе жатқан.

«Одан сәл де болса озудың амалын қалай тапсақ

екен?» деп ойлады Федор. Бір қызғаншақ үміттің әлсіз ғана сәулесі қыландады. Істі өндіріп әкетудің ірілі-уақты әдісі әрқашан да жұмыс үстінде туып жатады ғой. «Әр күнгі жағдайымызды оған бұрынғыдай жария ете бермейін. Әдісінді алдырған соң озу қайда! Әуелі өзіміз шырқайық», деп ойлады Федор Бушинский. Бұрын кезек алмасар алдында Василийге жұмыс жағдайын, түрліше ұсынысын айтып, екеуі пікір алысып, ұдайы ақылдасып жүруші еді.

Василий бір жолы Федордың ішке бүгін қалған бір сырын аңғарды. Үндемеді. Соңын бақты. «Жасыруға тиіс емес» деп ойлады. Бірақ Федор бұрынғыдай емес, бұл жолдасынан сырғақситындай, көңілінде бүркеп жүрген бір жұмбағы бардай.

«Сездім... ұқтым жайынды. Өзім ғана алда болсам дейсің ғой... Байқа, жігітім, мұндай ниет кісіге опа бермейтін. Текке ұятқа батарсың. Өперің асса, жүлде алсаң, сені біз күндейді деймісің. Бәрімізден озып, шырқап шығып, өнеге көрсетші,— адал шыным,— қуанар едім!» дейтін ішінен Василий.

Ол Федор мінезіндегі өзгерісті анық танып еді. Жолдасының ағаттығын бетіне тура баспай, оған бір тәсілмен ықпал жасауды ойлады. «Бала емес қой, аңғарар, түсілер» деп түйген. Сол үмітпен өз бригадасының әр күнгі жаңалығын, жақсы табысы мен кем-кетігін бұрынғы дағдысынша жасырмай ақтарып, қайткенде де Федордың пікірін біліп отыруды қалаған еді. Сырын бүркеп, қымтанып жүрген жігітті ашық құшағына тартып, райынан қайтаруды көздеген. Бірақ, бұл ниеті ақталмады. Федор сырттай берді. «Әдісімді үйреніп алса, көш соңында қалдырып кетер деп сақтанған түрің бе?... Жоқ, жоқ, Федя! Бүйітіп жүру келіспес бізге», деп ойлады Василий.

Ол келесі күні Федор Бушинскийді шахта аузында күтіп тұрып, оңаша жолықты.

— Бірер минут аялдашы. Өзіңе ғана қоятын жалғыз сұрауым бар,— деді Василий.

— Кейін айтпасаң, асығыспын, смена лаваға түсіп кетті, — деп Федор кідіргісі келмеді.

— Әдейі келдім... сұрауымды ести кет. Жауабын бәрібір қазір қайтара алмайсың... Ойланyp, толғанып, кейін айта жатарсың,— деді Василий.

— Қызық скен. Тындадық ендеше,— деді Федор таңданып, нығын көтеріп.

— Осы соңғы кезде сен бізден неге сырғақсып жүрсің? Не ойлағаның бар? — деп Величко жолдасына салмақпен қарады.

— Вот қызык! Бұл сөзіңе жол болсын! — деп мырса етті Бушинский.

— Сен күлме, Федор, жасырынбақ ойнайтын бала емеспіз, ашық сөйлесейік.

— Пожалуйста... Сенен жасырып жүрген нем бар екен? Жұртқа бәрін жайып сал ендеше.

— Сені көпшілік алдында әшкерелейін деген ойым жоқ. Өзіңе оңаша ғана айтамын дедім — айттым. Ал, жолдасыңның сөзін құлаққа ілгің келмейді екен — мейлің... Бірақ, өкінесің.

— Өзіңнің жұмбақтап тұрғаның не, жолдас Величко? — деп Федор қызараң қақты.

— Бәрімізден жеке дара, оқшау шықсам деген ойың бар екен. Сол үшін өз жұмысың жайында өзгеге сөз айтудан қалыпсың. Қателесіп жүрсің... Жалғыз барып тау қопара алмайсың, — деді Василий Величко...

Бетке қамшымен осып қалғандай Федордың жүзі әуелі ду етіп ақшыл тартып, лап етіп қайта қызара қалып еді. Сөз қайыра алмай, астыңғы ернін жымқырып жүріп кетті.

— Ендігісін өзің біл... Тура айтпауға лажым қалмады, — деді Василий.

Бұл сөзді Федор анық естіді. Ашу қысты. Василийге жалт етіп жерге қарады, бірақ қарсы сөз қатпады.

Тез тұтанып, қайнап шыға келетін мінезі болмаса, буынсыз жерге бышақ ұратын ақылсыз емес-ті ол. Көңілде бүгін жүрген сыры бары ашық. Қызғаншақ ойдың жетегіне еріп кетінті. Василий дәл сол нысанаға дәлдеп тұрып оқ атты.

Жаны ашыр дос қапа осылай етсе керек-ті. Күншіл болса, көп қарақтап, сығырая күліп, омақаса құлауынды тілер еді... «Ендігісін өзің біл» деді ғой Василий. Ашық, адал көңілін білдірді де, бар салмақты жолдасына тастап еді.

«Расында, жалғыз өзім тау құлатпақ болған екемау!» деп ойлады кейін Федор Бушинский. Василий досының бір сөздерін есіне алады. «Кейін өкінерсің деп еді-ау ол... Сен маған кеше тағы да бір ақылды сөз айттың, — деді ішінен Федор, — өкіне білу кім көрінгеннің қолынан келмейді; қателікті ұғыну — саналы ойдың жемісі дедім

гой. Рас, Вася, қатені түсіне білу — саналы әрекет. Ал, сол түйседей мінді көрмей қалу кісіге әбден ұят екен»

Бір күні екеуара қызу әңгіме үстінде Василий Величко жолдасына күлімсірей бұрылып:

— Сонау бір қолы сен осындай көңіл өсіретін әңгімеден де қаштың-ау,— деп әзілдегенде:

— Ол мінді өзін жалғыз оқпен атып түсірген жоқпысың? — деп Бушинский қызараңдай күлген еді...

Өткен түнде ойы қырық саққа жүгіріп, кеш ұйықтаған Федор Бушинскийді таң алдында сағаттың қоңырауы оятты. Ол асығыс киіне салып, шахтаға келді. Василийге жолыққалы наряд алу бөлмесіне қарай өте бергенде ту сыртынан біреу:

— Федор! — деп дауыстады. Василийдің өзі еді. Лавадан енді ғана сыртқа шыққан беті болатын. Тозаң басқан жүзінен жылтыраған көзі мен ағарған тісі ғана көрінеді.

— Неге қаңғып жүрсің, сенің сменанның кезегі емес қой қазір, — деп жымиды ол.

— Өзіңмен ақылдасатын бір шаруа болған соң келдім. Түні бойы соны ойлап, ұйқым да қашты,— деді Федор.

— Не жайында?

— Жұмыс жөнінде.

— Жақсы. Сөйлесейік... Әуелі мен мына кірімнен арылып келейін,— деп Василий күліп бетім сипап, Федормен қатарласа жүріп, моншаға қарай бұрылды.

### 3

Бұлар оңаша бөлмеде ұзақ сырласты. Әр ұсынысты ақылға сап көп екшеді.

— Қазақта «Аттың сыры несіне мәлім» деген тамаша мақал бар. Біздің тұлпарымыз — комбайн. Оның сыры саған да, маған да аян! — деді Василий Величко бір ұсыныс айтқысы келіп.

— Әрине, әрине... Сөз бар ма бұған!

— Егер комбайнның әр тетігіне әлгі сен айтқан өзгерістерді енгізетін болсақ, машинаның өзіне қосымша екінші мотор орнату керек, әйтпесе шамасы келмейді,— деді Василий.

Ол өз ойын дәлелдей бастады. Федор бірер сұрау қо-

йып, пікір алысты да, екі бригадир осы ұсынысқа келісті. Ең үлкен бір түйін шешілгендей еді.

Бригадирлер участка бастығының кабинетіне кірді. Өз ұсыныс-ойларының жағдайын сөйлеспек еді.

Учаске бастығы Григорий Воропа телефон арқылы біреумен қатты керісіп, дауласып жатты. Семіз жуан жұдырығымен столды бір-екі рет нұқып түйіп жіберді. Сөзінің арасында қайта-қайта тұтығып қала берді.

«Құдай біледі, орынсыз нәрсеге таласып тұрсыңау»,— деп ойлады Василий Величко.

— Үнсіз отыра тұрайық. Әуелі ашуын бассын,— деп сыбырлады ол серігіне.

Екеуі босағадағы ұзын скамейкаға барып отырды.

Бастық ұзақ дауласты. Әуелі түрлі-түрлі дәлелді қардай боратып бір өтті. Содан соң тура араздық дауға көшті. Булығып, қызарып, ауыр-ауыр сөзді лекітіп жіберді де, телефонның трубкасын тарс еткізіп ілді.

— Подумаешь! Қалаған жеріне апарып қоя салатын мен бір шахматтың пешкасы ма екем! Тапқан екен тәлкек ететін кісіні! — деп Воропа қызуын баса алмай, жан қалтасына қолын қайта-қайта сұқты.

— Біз саған бір маңызды мәселемен келіп отырмыз,— деп Федор Бушинский оған тақау барып, қасындағы орындыққа отыра беріп еді.

— Иә, сөйле... Не жайында? — деді Воропа қатқыл үнмен.

— Ұсынысымыз бар. Кен комбайнына біраз өзгеріс енгізу керек. Мәселен мынадай...

— Осы сендер басты қатырмаңдаршы, пожалуейста,— деп Воропа Федордың ойын түгел айтқызбай сөзін бөліп жіберді.— Комбайнды жасаған завод. Оның жаңа маркасын шығаратын да завод. Берілген тапсырманы асырып орындап жүрген жоқсыңдар ма?.. Осыдан артық не керек сендерге?!

— Григорий Ефстронович, сен қалай ойлайсың, завод жаңа марканы потолоктан алады деймісің? Іс үстінде, тәжірибе жүзінде туган ойдан шығарды. Қазіргі «Донбасс» комбайнының кемдігі жоқ па? Бар... Ұсынысымызды айтайық, ақылдасалық, әуелі тындап көрсейші,— деді Василий.

— Ей, достарым, маған ақыл үйрете келген жоқсыңдар ғой,— деп бетін тыржитты Воропа.



— Үйретсе несі айып? Сен көктен түскен құдірет пе едің? Сөзімізге неге жөндеп құлақ ілмейсің! — деп Бушинский орнынан атқып түрегелді. Екі шекесі қызарып, ашуы бетіне қайнап шыға келді. Учаске бастығының қылығына ызаланып кетті.

— Кане осыдан біздің ұсынымызды тыңдамай көрші! — деп Воронаға қадала қарады.

— Немене, ұрамысың? — деп Ворона орындығынан ұшып тұрды.

— Жоқ, сөзімді тыңдатамын!

— Сен бе?

— Мен!

— Бар... бар ендеше, шағымыңды Жәшкеновке айта бер! Ол әлгінде менің тәртібімді партбюрода қараймыз деп тепсінген. Кімнің ісі жөн екенін көрерміз сонда! Бар... арыздарыңды айта бер! — деп Ворона алқынды.

— Партия ұйымына сенің дауың үшін емес, өз ұсынысымыздың тағдыры үшін барармыз... Бұл кабинетте ендігі бөгелудің реті жоқ, — деп Федор есікті қатты жауып шыға жөнелді. Василий оның сонынан ілесті...

... Шахта парторгі Сағади Жәшкенов олардың пікірін зейін сап тыңдады. Жеке-жеке сөйлесіп, әр қайсысының ойын білді. Бар жайға әбден қанып алған соң, шахтаның бас инженері Шнайдер мен озат слесарь Слеповты кабинетіне шақыртты. Жаңа ұсынысты өзі іштей құптап, сүйсініп қалып еді.

Инженер мен слесарь келген соң парторг жаңа ұсыныстың мән-жайын оларға жақсы баяндап айтып өтті.

— Бұл жолдастар кен комбайнына ірілі-уақты бірқатар өзгерістер енгізуді мақұл көреді. Сіздердің пікірлеріңіз қалай? — деп парторг сөз соңын сұрауға тіреп тоқтады.

Шнайдер де, слесарь Слепов та қысқа-қысқа сөйледі. Бушинский мен Величконың ұсынысын дереу жүзеге асырып, жұмыс барысында жетілте, толықтыра түсуді мәслихат етті. Өздері жәрдем жасауға әрқашан әзірміз деп шын ықылас білдірді.

— Ал жақсы бастама құтты болсын! Енді соның жемісін көруге бәріміз де асығамыз! — деп езу тартып, парторг бригадирлердің қолын қысты...

«Қандай тамаша, қандай алғыр адамдар, — деп ойлады Сағади кабинетте оңаша қалған сәтте. — Григорий Ворона да осындай өнерлі, алғыр адамдардың бірі еді

ғой... Бүгін ол өзгеше бір қырын танытты. Оны даңқ құмар ғой деп әсте ойлаған жоқ едім... Жаза басқан екемау...»

4

31-шахтадағы бірінші учаскенің халі соңғы айларда нашарлап кеткен еді. Әлсіреген жұмысты оналдырып, өрге бастырып алып кететін тәжірибелі, іскер басшы жіберу аса қажет болған. Парторг пен шахта бастығы Николай Посметухов — екеуі ақылдаса келіп, Григорий Воронаны бірінші учаскенің бастығы етіп тағайындауды мақұл көрген болатын. Бірақ Ворона көнбеді.

— Өзімнің басқарып отырған участоғым бар. Содан ұзап ешқайда бармаймын. Сөзімнің тоқ етері осы,— деп қасарды ол.

Парторг онымен оңаша сөйлесіп көрді.

— Сен шахтамыздың озат адамысың. Мәп-жайды өзгеден бұрын түсінетін жөнің бар ғой,— деп еді Сағаді.

— Озат шахтер боламын десе, ешкімнің қолын байлап отырған жоқпыз ғой,— деп Ворона қыңыр сөйлелді.— Мені кара басының камын ғана ойлайды деп осы шахтада бір кісі айта алар ма екен? Өзің білесің, бір кезде алтыншы учаске тұралап жатқанда, шахта басшылары мені соған жіберді. Енді келіп...

— Теріс болды ма. жұмыс жолға қойылды, алтыншы учаске алдыңғы қатарға шықты... Өзің аброй алдың.

— Енді келіп, тағы да ең құлдыраған жерге сілтөп отырсындар. Онда барып, абройдан айрылар жайым жоқ,— деді Ворона.

Көңіліне әлденені түйгендей саусағымен столды тықылдатып парторг сәл ойланды. «Нашар учаскеге барсам, қазіргі даңқымнан айрылып қаламын дейді екенсің ғой,— деп ойлады Сағаді,— көздегені қарабасының қамы ғана...»

— Ал, енді түсінікті ғой... Қете берейін,— деп Ворона бас киімін киіп, шығуға бет алды.

— Жоқ, түсініксіз... Ойлану керек, Григорий Ефстронович, ойлану керек.— деді парторг.

— Жүз ойлансам да, айтарым біреу — мені бірінші учаскеге барады екен деп босқа әуреге түспендер!...

Бастауыш партия ұйымының бюро мәжілісінде бірінші учаскенің жағдайы туралы мәселе қаралды. Бюроға шахтаның инженер-техник қызметкерлері түгел қатысты.

Көпшілік Григорий Воронаны бірінші учаскенің бастығы етіп тағайындау жөніндегі ұйғарымды қуаттап еді. Ворона сөз алды.

— Жұрттың маған сенім білдіргеніне рахмет айтамын. Бірақ, ең әуелі менің арызыма құлақ салыңыздар. Бірінші учаскеге бара алмайтын мынадай себебім бар,— деді Ворона.

Ол алтыншы учаскеге өзі бастық болып келген әуелгі кездегі ауыр халді, ақауы, кем-кетігі мол істің үлкен қиындықпен түзелгенін сабырмен сөйлеп баяндап өтті.

— Осы бауыр басқан, үйренген учаскеден кеткім келмейді. Бұл рас. Ал, Жәшкенев жолдас менің ісімнің оңға басқанын, абырой алғанымды көре алмайды. Менің кері кетуімді, құлдырауымды қалайды.

— Дәлел келтіре сөйлеңіз,— деп парторг оның сөзін бөлді.

— Мәселен мені бірінші учаскеге жіберуді ойлап шығарған сол. Ең нашар учаскеге барсын да, бар абыройдан жұрдай болсын деп аңсап жүр,— деді Ворона.

— Жалғыз парторг емес, сенің бірінші учаскеге баруыңды мен де қуаттап едім, мына сөзің мені де түйреп жатыр, саған бәріміз жамандық ойлағанымыз ба? — деп күлді шахта бастығы Николай Посметухов.

— Мұны өзіңіз білесіз, бірақ мен бадырайған шындықты айтып тұрмын,— деді Григорий Ворона.

— Сіз бірінші учаскедегі жағдайды түзей алмаймын деп күдіктенесіз бе? — деп сұрады бюро мүшелерінің бірі.

— Әзірге ондай қиындықтан жасқанып көргенім жоқ.

— Бірақ қазіргі данқынан айрылып қалармын деп қорқатын көрінеді,— деді парторг.

Григорий Ворона бір айтқанын екілене қайталап, тағы әуелгі сөзін дәлелдей жөнелді. Оның ыркына салса, мәселе былқылдап ұзара беретін ыңғайы бар.

— Жолдас Ворона, сөзді ұзатпайық. Көпшіліктің ұйғарып отырған ұсынысы біреу-ақ. Партбюро сені бірінші учаскенің бастығы етіп тағайындайды,— деді Сағадиди Жәшкенев.

— Ал, мен сөзімді түгел айтып болғаным жоқ,— деп Ворона тамағын кенеді...

Келесі күні парторг оны әдейі бақылағалы бірінші учаскеге келіп еді, Григорий Воронаны ұшырата алмады.

— Өзімен хабарластық. «Бүгін жұмысқа шықпай-

мын» дейді. Біздің учаскеге келуден бас тартады... Жолдас парторг, содан өзге кісі жоқтай, несіне оған жалыншты боламыз. Мейлі... Келмесе одан арман,— деді смена бригадирі

— Жоқ, оның келмеуінде бір мәніс бар,— деп Сағадиді үнсіз ойлап қалды...

Григорий Ворона төрт күн ұдайы жұмысқа шықпады. Бесінші күні парторг «Кировуголь» тресіне шақырылды.

— Жәшкенов жолдас, озат шахтеріңізді ренжітіп қоюларыңыз қалай? Маған бұл біртүрлі жұмбақ секілді көрінеді,— деп трестің бас инженері Матонин екі алақанын жайды.

— Біздің Григорий трестке де арыз етіп үлгірген екен ғой. Бюрода «сөзімді түгел айтып болғаным жоқ» деген еді,— деді Сағадиді. Бас инженердің не айтқалы отырғанын тез аңғарып, сәл ғана жымнып еді.

— Ворона бүгін таңертең осында келіп кетті. Арызын айтты,— деді бас инженер.

— Оның жұмысқа шықпай қойғанына төрт күн болды. Мұны айтпады ма? — деп сұрады парторг.

— Жоқ...— Матонин басын шайқады.— Мұнысы лайықсыз болған екен... Дегенмен оның арызында дұрыстық бар. Ол бірінші және алтыншы учаскені қайыра біріктіруді ұсынады.

— Қисынсыз, пайдасыз ұсыныс.— деді Сағадиді.

— Неліктен? Менімше, әбден дұрыс пікір. Екі учаскені қосу керек. Бұрын сондай жақсы болды ғой.

— Рас, бұл екі учаске ірге тақасып қатар келгенде, екеуін қосқанымыз ақыл болды. Көп пайда көрдік. Ал қазір іргелері алшақтап кетті. Ендігі біріктірудің пайдасынан залалы молырақ,— деп парторг істің жөнін түсіндіре бастап еді.

— Сіз ғана солай дейтін көрінесіз. Воронаның ұсынысын шетке қалқан жалғыз сіз болып отырсыз,— деді Матонин.

— Сіз екі учаскенің жағдайымен таныстыңыз ба?

— Не обязательно лаваға түсу. Чертеж арқылы бәрін де анық көріп, біліп отырмын.

— Бұл өте жеткіліксіз. Біз учаске кеншілерінің өз тілегін жүзеге асырдық.

— Мен де сол учаске адамының пікірін қолдап отырмын. И то передовик шахтердің! — деп Матонин сұқ саусағын шошайтты.

— Дұрыс шешілген мәселені қайта талқыға салу қажетсіз деп білемін,— деді Жәшкенов.

— Кімдікі жөн — көрерміз... Трест Воронаның ұсынысын қуаттайды!

— Біз де көрерміз... Сөз тәмам ғой?

Парторг кетуге ыңғайланды.

— Сәл сабыр етіңіз,— деп өтінді Матонин.— Сонсыз сіз, Ворона жолдасты өзіңізді сынағаны үшін қудалап жүрген көрінесіз. Біз мұндай қылыққа төзіп отыра алмаймыз.

— Үйден шықпай, сырттан тон пішуге қандай шебер адам едіңіз,— деп тік сөйледі Сағади,— мұндай қылыққа біз де төзе қоймаспыз.

— Байқап басыңыз. Қайда отырғаныңызды біліңіз.

— Тергеушінің алдында отырған жоқ шығармын.

Сөз шорт үзілді. Парторг кабинеттен шығарында «сау болыңыз» деп еді, бас инженер түнеріп төмен қарады.

Сағади шахтаға оралғанда оны тағы да бір жайсыз хабар күтіп тұр еді. Бәрі де Григорий Воронаның кесірі! Одақтық көмір өнеркәсібі министрінің орынбасары қызмет бабымен Қарағандыға келіп жатқанына екі-үш күн болған. Ворона соған жолығып, парторгтің үстінен шағым етіпті. «Екі учаскені біріктіру жөніндегі мейің ұсынысымды шахтамыздың бүкіл кеншілері қостайды. Жалғыз Жәшкенов көнбей отыр. Ол ешбір жаңашыл ұсынысты қуаттап көрген емес. Барып тұрған өзімшіл. Мені қудалап, күн көрсетпей жүр. Сіз бір шара қолдансаңыз екен»,— депті Григорий Ворона. Министрдің орынбасары оның сөзіне иланып қалса керек, 31-шахтаның бастығымен ауызба-ауыз сөйлескенде: «Бұл қолайсыз жағдай, Ворона жолдастың арызын аяқсыз қалдыруға болмайды»,— деп ескертіпті.

Осы әңгімені тыңдап отырғанда парторгтің өңі бір қызарып, бір қуарды. Оның адал таза көңілін Воронаның қаралауын қарашы! «Әх, Григорий, өзің даңққұмар ғана емес, өсекке де қыбың бар екен-ау,— деп ойлады Сағади,— қадір тұтып, қошамет көрсеткенге әбден масайрап, елтіп қалған екенсің».

— Трест те, министрдің орынбасары да Воронаның пікірін қолдап отыр. Біз шынында да ойланайық. Жаза басып жүрмейік,— деді шахта бастығы.

— Сіз Воронаның не үшін арыз қуып жүргенін білесіз бе? Аралары алшақ екі учаскені қосудың пайдасы жоғын ол түсінбейді деймісіз. Гәп мынада,— деп парторг

сәл бөгелді де, көңілге ұялаған бір сырдың қақпасын ашты.— Ең әуелі Воронаның бірінші учаскеге барғысы келмейді. Сондықтан, онда-мұнда шағым жасап, арызбен жалтарғысы келеді. Бұл — бірінші айласы. Егер алда-жалда мұнысы орындалмай, бірінші учаскеге бастық боп баратын болса қайтпек керек? Ол учаскедегі жағдай нашар. Ал, алтыншы учаске ең алда. Екеуі бірігетін болса, бірінші учаскенің кем-кетігін осы алтыншы толтырып отырады. Воронаға келер қиындық жоқ. Учаске бойынша нормасын орындап отырса, оны кім мазалайды? Міне, сондықтан, қайтсе де озат учаскеден айырылмауы керек. Оның ұсынысының бір астары осы.

— Осы бір ойі менің көңіліме де оралып еді,— деп шахта бастығы бас ізеді.— Дегенмен, трест табандап отыр ғой. Оған не жауап қайырсақ екен?

— Шахтамыздың коммунистері өзінің ашық жиналысында Григорий Воронаға да, трестке де әділ сөзін айтады,— деді Сағадн.

## 5

Партия жиналысы Григорий Воронаның жөңсіздігін бетіне басып, оған қатал сөгіс жариялады. Екі иінінеп су кетіп, басы төмен салбырап, Ворона бірінші учаскеге келді. Моншада ыстық соққан адамдай әлсіреп, бірақ бар кірінен тазарып барды. Әзілқой достары оны ортаға алып, сөзбен біраз қағытқан болатын.

— Төрт-бес күн жоғалып кеткенде, министрдің орынбасарын қабылдаудан қолың босамаған екен ғой!

— Ортамызға енді қайтып оралмас, үлкен орынға қолы іліккен екен десек.... сөмпіп жетіп келгенің не болғаның!

— Шахтамыздың бұған бекітіп берген «Москвичін» өзімен бірге алып кетіп, бәрімізді жаяу қалдыра ма деп күдіктенген едім, — деп сөзге сараң Василий Величко да үндемей тұрып-тұрып, өткір әзіл қамшысын сілтеп қалды.

Григорий беті ду етіп, төмен қарады. Сөз қайырап дәрмені жоқ, адал достар алтында қатты ұялған бір қиынқыстау шағы болатын...

Дәл сол күні түнде, 31 шахтаның алтыншы учаскесінен, көмірлі Қарағандының кен өндіру тарихында бұрын-соңды естілмеген бір үлкен жаңалық хабар тарады. Федор Бушинскийдің бригадасы бір айда өндірген көмір-

дығын ұштай түсу үшін, Қарағандыда ашылған алты айлық арнаулы курсқа оқуға түсуге тілек білдірген. Шахта бастығы бұл өтінішке қарсы болып еді. Парторг оның ырқына көнбеді. «Өз кадрымыз. Кадр болашағын ойламай тұрып, шахта келешегін ойлауымыз мүлде мүмкін емес», деп, Сағадн Григорий Воронаны курсқа жіберуді жақтап шыққан.

Григорий оқуға түсті. Шахтаның озат кеншісі ретінде оған 1952 жылы жеңіл «Москвич» машинасы бекітіліп берілген болатын. Воронаға көңілі қалған шахта бастығы, оның оқуға кетуін сылтауратып, осы машинаны қайырып алып қалған еді.

— «Москвичті» ол емес, шахта коллективі бекітіп берді ғой. Жүргізетін, күтетін өзім. Бәрінен бұрын машинаны оқуға кеттің деп сыпырып алғаны көңілге келеді. Мен бір келмеске кеткен кісі болармын ба! Алты айдан кейін өзімнің ескі орныма қайтып ораламын ғой,— деп, Григорий Ворона парторгке әдейілеп келгендегі шаруасын білдірді.

— Шахта бастығының сол бұйрығы бәріміздің көңілімізді қалдырғаны рас. Бұйрық жөнделеді. Бұған алаң болма. Ие, өзге жаңалығың болса, соны айт... кеңесейік,— деп күлімсіреді парторг...

Ертеңіне Григорий Ворона таныс «Москвичпен» 31-шахтаның алдынан зырғытып өтіп бара жатты...

## ЖЫЛДАР СЫРЫ

Жылдар сырғып өтіп жатады, өмірде өзгерістер, жаңалықтар болып жатады... Егер барлап қарар болсақ, сол сырғанап өтіп жатқан әр жылдың өшпес шежіресі бар; қабындап туып жатқан, өріс алған өзгерістердің, сан-сала жаңалықтардың жыр болып төгілердей, күй болып шертілердей ғажайып сырлары бар. Сондықтан да, өскендіктің, жетілгендіктің бүгінгі айғақтарын көріп қуана отырып, сол өрлеп-өркендеу жолының бар шежіресін, әр өткелінің тарихын білуге ынтығамыз. Бұл шежіре — тарихтан аталарымыз бен бабаларымыздың, ел сүйген абзал ардагерлердің ісін көреміз, ақыл сөзін тыңдаймыз. Өткен шежірені білуге біздің жұрт сондықтан да құштар.

Көкшетаудың әйгілі Сырымбетімен қанаттас жатқан аласа ғана тау Салпықтың өрінен еңкейіп түсе берген жолаушыға Үлкенкөл, Кішкенекөл, Шұқыркөл деген үш шалқардың аралығына қонған әдемі ауыл көрінеді. Совет өкіметі жылдарында өсіп-өркендеген, ірге тасы 1929 жылы қаланған осы ауылдың да өз тарихы бар. Бұл мекен — азамат соғысы жылдарындағы қанды айқасқа да куә болған жер. Бұл мекен өзімің туып-өскен жерім болғандықтан да, көзіме оттай ыстық басылады. Осы жерде өскен, осы мекенде алғаш орнаған колхозды ауылдың қара шаңырағын өз қолдарымен көтеріп, бірге жасасып келе жатқан қариялар әр жылдың шежіресін таусылмас дастандай ғып шертер еді.

Самай шашын, қою мұртын ақ шалған, кесек мұрынды, ашық кең маңдайлы, бұл күнде қара торы жүзінің



әжімі көбейген Дәуренбек Бигожин біз қолқалап отырған соң әңгімені әріден қозғады. Әуелі қалың бір папканы сандықтаң алып келді де, соның ішіндегі әр алуан қағаздарды дөңгелек столға реттеп жайып қойып жатып:

— Документтер... Осыған қарап отырып сөйлемесек, жыл, ай уақыттарын, кісі аттарын жаңсақ айтып қалармын,— деді де төмен қарап сәл ойланып қалды. Аздан соң басын көтеріп, әуелгі сөзінің желісін үзбей ілгері сабақтап әкетті.

— Қазір бұрынғыдай емеспін, жаңылып қала бермін. Бір әңгімені айтып келе жатып, екіншісіне ауысып кетуім мүмкін... Сіздерден тілек: сөзімнің қисық кетіп бара жатқан жері болса, жәрдемдесіп, жөнге салып жіберіңіздер,— деді.

Ол азамат соғысы жылдарының шежіресінен әңгіме шертті:

— О кезде осы Салпық тауының бауырында, мына сырттағы шұбар-шұбардың арасында шашырап қонған ұсақ-ұсақ ауылдар бар болатын,— деп терезе жаққа сығырая қарап, ескі қыстау, мекендерді көз алдына елестеткендей болды да, әңгімесін жалғап кетті.— Қолчактың әскері қызылдардың тегеуріне шыдамай, жосылып қашып келе жатыр, біздің ауылдардың үстінен өтуі мүмкін деген хабарды естіп, ауыл адамдары дүрлігінкіреп отырған. Біздің, тепсе темір үзердей, жас жігіт шағымыз, бірақ саясатқа шорқақпыз. Осы өзіміздің ауылдан шыққан тұңғыш коммунист — Зәркей Сейтбатталов деген адам еді. Мығым денелі, өткір көзді, табанды, қайсар жігіт болатын. Саясаттың ақ-қарасын маған алғаш танытқан сол кісі. Қазіргі біздің ауылдың түстік жағындағы, осы мына іргедегі Андреевка селосында және теріскей жағымыздағы Казанка селосында астыртын ұйымдасқан партия ұясы болған. Зәркей сонда мүше еді, бытырай қонған ауылдардағы қазақтар арасында большевиктік насихат тарататын. Бір күні ол мені Андреевка селосына ертіп барды. Тимофей, Петро, Данил деген орыс достарымен таныстырды. Бұлардың бәрі де — коммунистер, мұндағы партия ұясының жетекшісі Қосыгин (біз Көсебе дейтінбіз) деген адам екен. Ол менің жағдайыммен Зәркей арқылы бұрын танысқан болса керек, өзімді көрген бойда-ақ:

— Дала большевигі, саламат па? — деп қолымды қысты.

— Мен аң-таңмын. Бұл кісінің өзімді большевик дегеніне қайран қалдым. Өйткені, менің ұғымымда — большевик қол жетпес биік шынардай көрінетін. Бір түрлі ыңғайсызданып, Зәркейге бұрылып қарап едім, ол жымып отыр екен. Менің ыңғайымды тез аңғара қойды да:

— Бұл кісі сенің өмір тарихыңды өте жақсы біледі, — деді.

Оның сөзіне Косыгин де түсініп қалды.

— Солай болуы мүмкін, бірақ сен тұрасыңда өте жақсы рекомендация берген адам — мынау Зәркей Сейіт-батталов жолда! — деді ол. Содан кейін бойын тік ұстап тұрып маған ақыл айтты: — Қазақ ауылдарында большевиктік насихат жүргізудің үлкен саяси маңызы бар. Жұрттың көбі хат танымайды, қараңғы. Оларға жау мен досын ажырата білуге жәрдемдесу керек. Ауылдағы байлар мен қожа-молдалар қараңғы жұртты алдап-арбап отқа итеруге, бүлік туғызуға тырысып бағады. Міне соларға жол бермеу керек, бар тамырып қнып тастау керек. Ішкі жауды буындырсаң, сыртқы жауға табан тірер тиянақ қалмайды. Қазіргі күрес сол, ұқтың ба?

— Ұқтым! — деп мен бас изедім.

Дәуренбек әңгімесінің дәл осы тұсына келгенде тағы да ойланып қалды да, сөзінің бастапқы жағына қайтадан оралды.

— Зәркеймен бірге Андреевкаға барғанымды айтқан тұстың бір жері көмескі қалып барады екен, айқынырақ баяндай кетейін, — деді ол. — Біз селоға жасырынып түнде бардық. Селода бүлікшіл казак-орыс отряды жатқан. Бұлар осы жаққа ауып келе жатқан ақтың әскерлерін алдынан шығып қарсы алу үшін Имантау, Бабық, Арықбалық атырабынан жиналып, жасақтанғаннан кейін Андреевкаға келіп, тұрақтап тұрған еді. Бұл иттердің қиратпаған, тонамаған үйі жоқ. Өздері күдіктенген адамды, істің анық-танығына жетпей, табанда атып тастап отырды. Біз бұл бүлікшіл отрядтың әрекетін сыртынан барлап жүрдік. Бұлар қанша адам? Қару-жарағы қандай? Кімдермен байланысы бар? Пландары қалай? Міне, осыны барлаймыз.

— Саған жауапты тапсырма жүктейміз, партиялық тапсырма! — деді Косыгин бір күні мені қасына оңаша шақырып алып. Мен қандай тапсырыс болса да орындауға әзір екенімді білдірдім.

— Бұл тапсырманы орындауға батылдық та керек,

сақтық та керек, — деп ол салмақты үнмен ескерте сөйледі. — Қазанкада астыртын жұмыс жүргізіп жатқан коммунистерге бізден пакет жеткізесін. — Ол маған кішірек конверт ұстатты. Қазанкадағы қызыл шатырлы мектептің оң жақ бұрышына таңертеңгі алаң-елеңде Кирилл деген адам келеді, осы пакетті соған тапсырасың. Бұл — бір. Екінші, осы өңірдегі қазақ ауылдарында қызылдарға қарсы бүлікшілер тобын ұйымдастырып жүрген бұзықтар бар көрінеді. Солар турасында толық мәлімет бересің.

Мен түнделетіп жүріп кеттім. Етігімнің өкшесін үңгідім де, пакетті соған бүктеп салып, үстінен былғарымен бастырып, өкшені қайтадан жөндеп қағып алдым. Жолшыбай еш қатерге кезіккен жоқ. Айтылған уақытта белгілі жерге жетіп, пакетті тапсырдым. Бұл жақтан екінші пакетті алып қайттым. Мұны беріп жатып Кирилл:

— Строго секретно! — деп ескертті. Бұл пакетті де етігімнің өкшесіне жасырдым. Күн батуға жақындаған шақта Қазанкадан аттанып кеттім. Шамасы екі шақырымдай ұзап шықтым ғой деймін, бір шұбардың тұсынан өте бергенімде сойыл, шоқпар ұстаған бес-алты жаяу қарсы алдымнан шыға келді. Андып жатыр екен.

— Түс атыңнан! — деп ақырып қалды, шоқпарын кезеніп ілгері шыға берген біреуі. Сөйткенше болған жоқ, екінші біреуінің как сойылы оң қарыма сарт етті. Көзім бұлдырап, аттан құлап түстім. Сойыл, ма шоқпар ма, етіктің өкшесі ме не керек, айырып болмайды, үстіме таяқ жауып кетті.

— Қазанкаға қандай хабар әкелдің? Айт шапшаң! Айтпасаң, өлесің!

— Тістеніп, қасарып жатқанын қарашы иттің! — деп өшіккен ызалы үндерін естимін.

— Тоқтандар! Жауап алайық өзінен! — деп әмір етті бір жуан дауыс. Бұзықтар кейін шегініп тұрды.

— Түрегел, жан керек болса, жауап бер! — деді маған әлгі жуан дауысты төніп кеп. Бірақ түрегелуге менде дәрмен қалмаған екен.

— Тінтіндер! — деп бұйырды жуан дауысты. Бұзықтар киімдерімді жұлқылап шешіп, қалталарымды далдал жыртып, тұла бойымды түгел тінтіп қарады, бірақ пакетті таба алмады. Етіктің өкшесіне үңгіп кіріп кеткен құпияны қайдан білсін! Мен тіс жарып тіл қатпадым. Олар мені соққыға жығып тастап, кетіп отырды. Бұлар-

дың жағдайын келесі күні Ахмеди деген досымнан білдім. Ахмеди — осы ауылдағы қазіргі онжылдық мектепте орыс тілінен сабақ беретін мұғалім Тайкеннің әкесі... Иә, әлгі бұзықтар жайына оралайық. Имантау — Арықбалық жағынан ұйымдасып шыққан казак-орыстар отряды Андреевкаға келіп бекініп жатқанда, «бұларға тізгін беріп, қосыламыз» деп, мына Бәсентиннен Ташкент Меңдібаев, Қабайтұяқтан Ешмұханбет, Бейімбеттен Аяжан, Жайықтан Мәжен дегендер өректіп шығып, қызылдарға қарсы жасақтар ұйымдастырыпты. Бұлар көбінесе жол торып, жолаушыларды тонап жүрді. Қазанкаға пакет апарып, одан пакет алып келе жатқанда маған тап болғандар сол бұзықтар екен. Біздің ауылдың тұңғыш коммунисті Зәркей Сейтбатталовты ақтардың қолына ұстап берген де сол азғындар...

Дәуренбек өңі біртүрлі бұзылып, терең толғанып қалды. Басын төмен салып отырып ақырын сөйледі:

— Коммунист Зәркейді ақтар Қазанкада аюандықпен азаптап өлтіріп кетті. Шіркін, есіл ер-ай десейші! Бүгінгі осы ауылымыздың болашағы жолындағы айқаста аяулы, абзал азаматымыздың бірінің өмірі осылай қиылған... Ерлік іс өшпейді, Зәркейдің бар бейнесі бүгінге дейін көз алдымызда жайнап тұр.

— Әрине, ерлік іс өшпейді, ұрпақтан ұрпаққа жаңғырып кете береді ғой, — деп қостадық біз.

— Дұшпанның да сазайын тартқыздық, — деп Дәукең желпіне сөйледі, — ақтың шегініп қашқан әскерлері біздің жақта екі бағытпен ағылып өтіп жатқан еді. Бір қанаты қазіргі Рузаевка, Андреевка жолымен жосыды да, екінші қанаты Қазанка арқылы Айыртауға қарай асып жатты. Шашырап жатқан біздің ауылдар осы екі аралықта. Біз тыным таппай ауыл арасында насихат таратамыз, большевиктердің жеңісі жайында жақсы хабарлар жеткіземіз. Қалың жұрт қызыл жауынгерлердің келуін асыға күтті. Бүлікшіл Аяжан, Ташкент, Мәжендердің азғырылды үгітін тыңдаушылар азайды. Жергілікті халық олардың бұзақы топтарын талқандап жіберді.

Бір күні маған Косыгиннен Андреевкаға тез жетсін деген тығыз хабар келді. Ахмеди екеуміз түп ішінде жөнелдік. Селоның шет жағында тұратын кедей шаруа Латышев Акимнің үйінің терезесін ақырын ғапа тықылдаттық. Біздің астыртын кездесетін жеріміз — осы шаруаның үйі болатын. Сыртқа жыртқық тонын жамылып Аким

шықты. Бізді қораға кіргізіп алды. Партия ұясының жетекшілерінің бірі коммунист Кирилл Петров бізбен қысқа ғана амандасты да, шұғыл тапсырмалар берді:

— Жаумен бетпе-бет айкасатын сәт туды, достар! Қызыл жауынгерлердің барлаушы отряды бізге келіп жетті. Мен қазір Раисовкаға жөнелемін, уақытым тығыз. Сендер осы селода бекініп жатқан бүлікшіл казак-орыстар отрядын бүгінгі түннен қалдырмай жоюдың қамын жасаңдар. Қызыл жауынгерлер отрядына Аким бастап апарады. Дұшпанды, байқатпай келіп, желкеден соғу керек. Жарлық — сол! Ал, көріскенше сау болыңдар!..

Ол аттанып кетті. Біз де айкасқа әзірлендік. Бүлікшіл казак-орыстар отрядының бекінісі — селодағы үлкен мектеп. Самогон ішіп, естері шығып, сол маңды неше күннен бері ойрандап жатқан. Ахмеди екеуміз қараңғыны жамытып, әуелі мектеп төңірегіне барлау жасадық. Дұшпан қаннен-қаперсіз, күндегідей сауық-сайранға басып жатыр екен. Есік алдына қойған сақшысы да даурығып, теңселіп жүр. Мұндай қолайлы сәтте бір минут кідіруге болмайды. Өзіміздің отрядқа дереу хабар бердік. Азғантай ғана отряд қараңғы түнді жаңғырта ұран сап мектепке лап қойғанда, масайрап жатқан жау төбелерінен жай түскендей, есі ауып қалды. Терезеден ұшын кірген граната дұшпанның дәл ортасына түсіп жарылды. Жаудың өлгені өлді, қалғаны дүркірей қашты... Ертеңінде, селоның дәл ортасындағы үлкен кеңсенің төбесінде қызыл жалау желбіреп тұрды. Бұл хабар шұбар-шұбардың арасында отырған өзіміздің ауылдарға да ілезде тарайды. Кейіннен Андреевкада кооперация құрылды. Бұл ұйымға біздің ауылдан төрт семья мүше боп кірді. Мұның ішінде сіздің әкеңіз де бар (Дәукең бұл сөзді маған бұрылып айтты). Мені кооперацияның басқарма құрамына мүше етіп сайлады... Иә, өмірдің бұл бір үлкен өткелі ғой! Қазіргі өзіміздің ауылдың, Фрунзе атындағы колхозымыздың топырағында туған оқиғалар болған соң еске алдық. Бұдан қырық жыл бұрынғы уақыттың шежіресіне оралдық. Қарап тұрсақ, талай жыл зулап өтіп кетіпті, бірақ әр кездің, өмірдің әр өткелінің тарихы ұмытылмайды ғой...

— Солай, солай, — деп пенсионер Дәукең әңгімесін аяқтады.

Сұңғақ бойлы, кең нықты адам өзіне сәлем берген мұғалім жігіттің қолын қатты қысып тұрып, әзілдей сөйледі:

— Біз осы колхоздың іргесін қалап жатқанда, әкене маза бермей, еңіреп отыратын жылауық бала едің. Қарай-гөр енді, дардай жігіт болыпты!

— Жас өсіп, жарлы байымасын ба, Мәжит аға!

— Қара мұны! Сөзінің нығызын... Бірақ қалай десен олай де, сен маған сол баяғы жылауық бала қалпындай көрініп тұрсын,— деп күлді Мәжит.

Мұғалім жігіттің аты-жөні Бөкен Қалинякбаров еді. Сарыбұлақ дейтін жерде оқытушылық қызмет атқаратын. Өзінің туып-өскен ауылына демалыс алып келген-ді.

— Жасымда көп жылап, сіздің де тынышыңызды кетіргенмін ғой, сірә. Ұмытпаған екенсіз,— деді ол.

— Неге ұмытайын! Сендердің де, сендермен құрдас осы ауылдың да өсу жолы көңілімізде сайрап жатыр,— деп Мәжит, мұғалім жігіттің өмір баянына ауыл тарихын ұштастыра сөйлеп, сөзді кең өріске шығарып әкетті.

Әлі есінде оның, осы атыраптағы бұрынғы ұсақ-ұсақ жске шаруашылықтар бір орталыққа бірігіп, колхоз бол ұйымдасқан алғашқы жылдың қуанышы да, қиыншылығы да зор болған-ды. Бар өмірі түйтпектеумен өтіп, ішер ас, киер киімге жарымай, қараңғылықтан құтыла алмай келе жатқан қалың кедей ұйымдасып колхоз құруды ақ ниетпен қарсы алды. «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген халық нақылын қағида тұтты.

Ал ел еңбегін сүліктей сорып келген байлар, қожамолдалар колхоз құрылысына қастандық жасауға тырысып бақты, әр алуан өсек-аяң таратып, жұрттың назарын колхоздан бұрып әкетуге жанталасып-ақ әрекеттенді. Бұл зымиян кулардың арбауына түсіп, торына шырмалып қалған сорлылар да аз болған жоқ.

Шұқыркөлде алғашқы жылы он төрт үй ғана ұйымдасып, колхозға бірікті. Бұл 1929 жылдың көктемі болатын. Жаңа ұйымдасқан колхоздың берекелі еңбегі жемісті болып, егін бітік шықты. Жұрт кенеліп қалды. Ұйымдасқан шаруашылықтың артықшылығы бірте-бірте айқындала берді. Колхозға кірушілер қатары көбейе бастады. Сөйтіп, жылдың аяғына таман колхозға елу шақты үй қосылды.

— О кезде жиналыс дегенің жиірек болатын. Әралуан мәселені, әртүрлі жағдайды бірігіп талқылаймыз деп бас қоса беретінбіз. Жұрттың көбі сауатсыз болғандықтан, кейде оп-оңай нәрсенің өзін бір айтқанда түсінбей қалады да, сол үшін екі қайыра, тіпті үш қайыра жиналып жүретін кезіміз де көп кездесетін,— деп Мәжит өткен жолға көз жіберіп отырды.— Сол көп жиналыстың ішінен екі жиналыс өзіме ерекше әсер етіп еді. Бірінші рет жиналыс шақырылды. Жиналыс далада өтті. Биік стол, орындық дегенің жоқ, бәріміз де тақыр жерге малдас құрып отырмыз. Кезекпен сөз алып сөйлеу дегенің және жоқ, әркім әр тұста отырып жарыса, жамырай сөйлейді. Сөздерінің де, сұрауларының да төркіні біреу-ақ: қолымыздағы бірер қарамызды орталыққа салуға қарсылығымыз жоқ, бірақ күн көрісіміз қиындап кетпей ме? Аштыққа ұшырап қалмаймыз ба? Бәріміз колхоз жұмысын істеп кеткенде, үйіміздегі шаруаға кім қарайды? Міне осы алуандас сұраулар. Осы күні айтып отырғаныңда бәрі де қызық, бірақ өз уақытыңда қиын болған жайлар еді... Сонымен арада айлар өтті, колхоз ұйымдасқан бірінші жылдың қорытындысына арналған жиналыс болды...

— Сіз сөзді әдемі бастадыңыз-ау, Мәжит аға,— деп мұғалім жігіт күлімсірей сөйлеп, оның сөзін бөлді. Бұл кезде екеуі төр үйге кіріп, дөңгелек столды ортаға алып, жайланып отырысқан еді. Үйдегі өзге адамдар да бұлардың әңгімесіне құлақ тігіп, үнсіз тыңдап қалысқан. «Жақсы әңгіменің шырқын бұзды-ау мынау жұқа құлақ»,— деп, сөйлегеннен тыңдағанды жақсы көретін агроном жігіт Тайжан Бөкенге жақтырмай қарады. Екеуі құрбы болатын. Бірақ Бөкен оны пәруәйіне ілген жоқ, жаңағы сөзін жалғастырып, көкейіндегі ойын түгел білдірді.

— Сөзді әдемі бастадыңыз, Мәжит аға. Жаңа ұйымдасқан колхоздың ең бірінші жиналысы, алабұртқан жұрт, күдікті көңілден туған сұраулар... Бәрі де тамаша! Осыдан кейін жылдың аяғындағы жиналыс... Бір жылдың қорытындысы... табыстар, жұрттың қуанышы... Сіз осы екі жиналыс арқылы ауыл өмірінің, адамдар психологиясының өзгеруін салыстыра сөйлегелі отырсыз ғой,— деді.

— Әрине, әр кездің, әр уақыттың өз дерегі бар, мұны айтпасаң, сөзің жадағай шығады, жадағай сөздің нәрі

кем,— деп Мәжит байсалды толғады. Сосын үзілген әңгімесінің желісін ширатып, ілгері тартып әкетті.

Бөкен қолына автомат қаламын ала салып, кейбір деректерді дәптеріне түсіріп отыр...

Біз кейінірек осы дәптерден сонда айтылған мынадай деректерді оқыдық: «Салық тауының бауырында және оның терістік-батыс жағындағы шұбар-шұбардың қойнауында отырған ұсақ-ұсақ бытыранқы ауылдар бір орталыққа бірте-бірте бірігіп, Шұқыркөлдің іргесіне көшіп келіп қоныстай бастады. Жаңа колхоз орталығы ұлғая берді. Оған қоныс тепкен жердің аты қойылып, «Шұқыркөл» колхозы деп аталды. 1929 жылдың аяғында колхозда алпысқа тарта үй болды. Егістік жерінің көлемі — екі жүз гектар, жүз қаралы қойы, жиырма шақты сиыры бар. Ал жылқы жағы көбірек — төрт жүзден асады, бір тілді соқасы — он шақты, екі тілді соқасы — жалғыз, біраздаған ағаш тырмасы және арбалары бар. Шаруашылық саймандары, әрине, өте аз. Бірақ адамдарымыздың ынта-талабы жоғары, ықыласы мол, үміті үлкен. Ең маңыздысы осы ғой! Ертең-ақ колхозымыз көркейеді, табысымыз шалқиды!»

Біз дәптерді иесіне қайыра ұсынып тұрып бір сауал бердік. Мұнда жазылған соңғы сөйлемдердің авторы кім екенін білгіміз келген еді.

— Әңгімені айтушы — Мәжит ағай. Бірақ сөз оныкі емес, көпшіліктікі. Колхоздың бір жақсы толған күнгі салтанатты жиналысының қаулысынан алынған сөздер. Мәжит ағайдың әңгімесі үстінде біз соны жаңғыртып жазғанбыз,— деп түсінік берді Бөкен. Өз ісіне ішінен сүйсініп тұрғандай пішін аңғартып қалды. Ол енді колхоз председателінің орынбасары Мәжит ағайдың еңбегі тұрасында баяндама жасауға оңтайланып еді, бірақ біз ол адамның өмір тарихынан бихабар еместігімізді білдірдік.

Жасы егде тартып қалғанмен, ажары әлі де таймаған, нұрлы жүзді Мәжит Құсанов — «Шұқыркөл» іргесінде колхоз орнап жатқанда, осы құрылысқа белсене қатысқан адам. Сол алғашқы жылдарда колхоз басқармасы мүшелерінің бірі болып, жауапты қызметтер атқарып, советтік жаңа ауылдың өсу-өркендеу жолында көп еңбек сіңірген кісі. Ірге тасын өздері қалаған ауылдағы өмірдің қайнаған ортасында болу — оның басты арманы еді. Ұлы Отан соғысы жылдарында ғана ол туған ауылында-



ғы өмірден жырақта жүрді. Мәжит майданда да топ бастады, әскери міндетін орындауда көзге түскен ол офицер атағын алып, взвод командирі болды.

Мәжит Ұлы Отан соғысының орта шенінде майданнан ауыр жараланып, ауылға қайтты. Бұл кезде оның туған колхозында жағдай ауырлау еді. Колхоздың бұрынғы председателі майданға кетіпті де, оның орнына тағайындалған адам жұрт сенімін ақтамапты. Нашар басшылықтың салдарынан колхоздың көп жұмысы ақсап қалған екен. Әсіресе мал жайы төмендеп кетіпті. Осыны көріп отырған адам жұмыстан қалай сырт бермек. Айықпаған жарақатының ауырлығына қарамай, Мәжит жұмысқа сұранды. Ол мал басына баруды қалаған. Колхоз басқармасы оны сиыр фермасына менгеруші етіп тағайындауды мақұл көреді.

— Ең қиын жұмысқа жіберіп отырмыз. Шөп жетіспейді, малдың апатқа ұшырау қаупі бар. Жағдай ауыр, бірақ өзіңе сенеміз,— деп үміт артады басқарма мүшелері.

Біз Мәжиттің сөзін тындап, өткен күндер оқиғаларын еске алып отырғанда, ол өзінің бір сырын баяндады.

— Әлсіреген фермаға бастық болуға келісім беріп қалғанмен, сонынан қатты ойланып қиналдым, шынымды айтайын, малды қыстан аман шығара алмаспыз деген қорқыныш туды. Қиындық аз болған жоқ, дегенмен қорқынышты жеңіп шықтық-ау! — деді...

Біздің бұдан кейінгі әңгімеміз колхоздың бүгінгі өскен жағдайына, болашағына ойысқан еді. Соғыстан кейінгі жылдарда колхоз өмірінде жана өрлеу туған. Соның нәтижесінде колхозшылардың мәдениеті де, әл-ауқат тұрмысы да жақсара түскен. Ауылда телефон орнап, әр үйге радио кірген. Коммунистік партиямыздың ауыл шаруашылығын өркендету, тың жерлерді игеру жөніндегі ұлы ұсқауларының жүзеге асырылуы — ауыл өмірінде ғажайып жақалықтар тудырған. Бұрынғы «Шұңқыркөл» колхозының (қазір ол Фрунзе атындағы колхоз деп аталады) келбеті соңғы бес-алты жылдың ішінде қаншалық құлпырып өзгеріп кеткен десеңізші! Биыл бұл колхоздың салған егінінің көлемі он бір мың гектардан асады екен. 1941 жылдан 1953 жылға дейін мемлекетке бұл колхоз қанша астық өткізген болса, мөлшері соншама астықты енді бір ғана жылда беруге оның құдіреті жетеді. Осы жалғыз мысалдың өзі ауылдың алып адыммен қарыштап өскен-

дігінің жарқын айғағы емес пе? Қазірде миллионер колхоз атапған. Жұмыстың ауыр салаларының бәрін де техника атқаруға көшкен. Ауыл электр нұрына бөленген. Колхозда жаңадан салынған клуб, кітапхана, емхана, онжылдық мектеп бар.

Онжылдық мектеп — осы ауылдағы білім ұясындай. Бұл мектептің де өзінің өсу тарихы бар. Колхоз алғаш құрылғанда бастауыш мектеп ашылған еді. Мұнда күндіз жастар оқыды да, кешкілікте ересектердің сауат ашу сабағы өткізілетін. Жасында оқуға мүмкіндігі болмаған көп адамға осы мектеп хат танытқан. 1940 жылы бастауыш мектептің негізінде жетіжылдық мектеп ашылып, кейін, Ұлы Отан соғысының кезінде, орта мектепке айналды. 1945 жылы оның тұңғыш түлектері — тоғыз оқушы онжылдықты бітіріп, аттестат алды. Содан бергі 13-14 жылдың ішінде бұл мектеп талай жасты мәпелеп, қанаттарын жетілтіп, биікке самғатып ұшырды. Олардың көпшілігі еліміздің ірі қалаларындағы жоғары оқу орындарын бітіріп шығып, ұшқан ұясына — өз ауылына қайта оралған. Бірі агроном, бірі дәрігер, бірі мұғалім боп, туып-өскен колхозында өнегелі еңбек етіп жүр. Тағы да бір ерекше сүйсінерлік жай — ауылдағы қазіргі механизатор кадрлардың бәрі дерлік онжылдық мектеп бітірген, орта дәрежелі білімі бар мамандар.

Міне, бұл фактілер де өскелең ауылдың жақсы келбетін танытады. Ауылдың қазіргі өмірінен, бүкіл мәдени тіршілігінен бүгінгі зор жаңалықтың самал лебі еседі. Осының бәрі де келешек күнге жылдар сырын шертеді ғой.

## ҚАРАПАЙЫМ АДАМ

### 1

Бәрі де күні кеше өткен сияқты. Бәрі де көңілінде сайрап тұр. Бытырай қонған екі-үш ұсақ ауыл бас құрасып, енші қосып, 1930 жылы колхоз болып құралғанда, Төреқожа мен Зұлқияның жас отауы жаңа мекенге елден бұрын келіп қонып еді. Ол кезде колхоздың бүгінгідей көп салалы шаруашылығы қайдан болсын. Басқасын айтпағанда, жер өңдеп, шамалы егін саларлық құрал-сайманның тым тапшы шағы. Жаңа құрылған колхоз — жақында ғана шаңырақ көтерген кедей отауындай еді.

— Қос жүре түзеледі деуші еді ғой, колхозымыз да нығаяр, үйімізге де сән кірер, — деп дөңгелек жүзін жел қағып тотыққан жас келіншек күлімсіреп сөз қатып, жұбайын жадыратып отыратын.

Төреқожа мен Зұлқия екеуі де белсеніп еңбекке аттанды. Шілденің аптап ыстығына күйіп, қаңтардың қақпаған үскірігінде қиындық пен қуанышты жұртпен бірге көріп, күн кешті. Жыл атаулы білінбей сырғып өтіп жатты. Туған колхозы көз алдарында талпынып өсе берді. Олардың өзі де биік бір белеске көтеріліп бара жатқандай еді. Колхоздың іргетасын қаласқан күннен бермен қарай, Зұлқия ауыр-жеңілі бар талай жұмысты бастан өткеріп, сырына қанықты. Ол егінші де, малшы да, сушы да, кетпенші де болды. Қолына балта алып қора-жай да салысты, күрек ұстап құдық та қазысты. Қысқасы, колхоз тіршілігінің ірілі-уақты сан түрлі ісінде оның қол ұшы тимегені жоқ-ақ шығар-ау! Бір жылдары дала жұмысына денсаулығы көтермей, өз сөзімен айтқанда, үй арасындағы жеңілірек шаруаға араласқаны да бар

еді. Көктемгі, жазғы қызу пауқап шағында балалар яслинің меңгерушісі болған. Сырт көзге қалай көрінсе олай көрінсін, әйтеуір өзі атқарған жұмыс Зұлқияны ерекше бір рахат сезімге бөлеп отыратын. Сол еңбегі оны үлкен бір биікке көтерді. Мақта терудегі озық өнері үшін Зұлқия 1939 жылы Отанымыздың астанасындағы Бүкіл-одақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты. Келесі жылы көрмеге екінші рет бара жатқан сапарында орта жолдан кері қайтты. Ұлы Отан соғысы басталып кетіп еді. Бірнеше күннен кейін Зұлқия Төреқожаны алыс сапарға, арпалысқа шығарып салды.

Төреқожа қайтып оралмады, майданда оққа ұшты. Ауыр қазаны естігенде Зұлқия көп егілді, бірақ жасымады.

«Енді Әнуарымның мамасы да өзім, папасы да өзім ғой» деп, әкесі майданға аттанар күні екі жасқа ғана толған сәбиін қайғы толы кеудесіне басып, жасын сұртіті...

## 2

Ел аузында «еңбек ер атандырады» деген мәтел бар. Өнерлі, үлгілі ісі үшін қарапайым еңбек иесі — Зұлқия Жұманова өткен сайлауда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты боп сайланды. «Жұрт үмітін ақтай аламын ба? Үлкен сенім — алға үлкен тілек артып, үлкен талап қоймай ма?» деп ойлады Зұлқия. Көңілде ерекше бір толқын туғандай. Бұрын озық еңбегімен көпке өнеге көрсетіп келіп еді, өз білгенін, еңбек тәжірибесін өзгеге үйретуге бір тартынып көрмеген. Жұрт оған енді: «еңбегің бұрынғыдан да жемісті болсын, жасқа да, кәріге де өнер көрсет, үлгі бол» деп тілек айтып қана қоймайды. «Біздің ойымызды, жүректегі сырымызды таппи біл, көңіліміздегі сөзді айтып, көкейден шық» деп, ірі талап та қояды. Өйткені депутат — халық қызметшісі. Көптің көңілін табу үшін олардың күнбе-күнгі тіршілігіне, өміріне терең бойлап отыру керек. Сонда ғана көкірекке алуан үнді сыр ұялап, нәрлі ойлар тумак, ақылды іс істелмек....

Зұлқия бір күні кешқұрым «Коммунизм» колхозын аралап келе жатыр еді. Кей үйлердің терезесінен сығырайып жанған керосин шам көрінді: «электрлі ауылдың мұнысы несі?» деп таңырқады ол. Ұзын көшені бойлай

жонелген электр бағаналары әлгі үйлерді алыстан ора-  
тығын кетіпті.

— Бар айыбымыз — кеңседен шалғайлауымыз. Мон-  
терге айтсақ, анау жоқ, мынау жоқ деп сырғаксиды.  
Электр жабдығын іздеп, Шымкентке бәріміз бірдей шұ-  
бауымыз керек пе? Қолхоз басқармасы осыны ойлауы  
тиіс емес пе? Ақысын өзіміз-ақ төлейміз ғой,— деді бір  
үйдің несі.

— Электрлі ауылда табағы қисайған керосин шам-  
ның пеліктен сығырайып тұрғаны аян болды. Зұлқия  
колхоз басқармасының алдына осы жайында арнаулы  
мәселе қойды. Жұрт талабын жеткізді. Арада апта өт-  
пей-ақ әлгі үйлерге электр шамы жарқырады...

Осы ауылдағы жетижылдық мектепте биылғы оқу  
жылы басталарда бір қолайсыз хал болды. Алты ғана  
шағын бөлмесі бар осы мектептің екі бөлмесі аудандық  
оқу бөлімінің ұйғаруымен мастерскаяға айналыпты.

— Политехникалық оқуды жақсарту жөнінде, аудан-  
нан алған жәрдемнің сиқы осы,— деп мектеп директоры  
Әшірбаев бар оқушыны төрт бөлмеге сықауға амалсыз  
көніпті.

— Жоқ, бұл мүмкін емес, осынша бала бір класта  
қалай сыйып отырады, тіпті ауа жетпейді ғой. Оқушы-  
лардың денсаулығына залал,— деді осы жайды өзі ба-  
рып көрген депутат.

Зұлқия көрші селодан арнаулы дәрігер шақыртты.  
Дәрігер әр класта шамадан тыс оқушы отырғызуға ты-  
йым салды.

— Бұрынғы бөлмеден мастерскаяны көшірген мақұл  
болар,— деген ұсыныс айтты Зұлқия.

— Ондағы аспап-жабдықтарды қайда қоямыз, поли-  
техниканы қайтеміз? — деп қынжылды директор,— мас-  
терская салғызуға аудан ақша бере қоя ма?

— Колхоздарыңыз миллионер ғой. Жағдайды түсін-  
дірсек, мүмкін жәрдем стер, председателмен сөйлесін  
көрелік,— деді Зұлқия...

Колхоз көмектесті. Оқушыларға мектеп жанынан әде-  
мі мастерская орнатып берді.

Осылайша халық депутаты жақсы істерге ұйтқы бо-  
лып отырды. Оған тілек айтқан, мұң шаққан алуан сыр-  
лы хат күнде ағылып келіп жағтты. Зұлқия әр хатты  
оқиды да, ойға шомады. Ол — хат несінің көңілін табу  
жайын ойланады.

Толысып піскен шағында ақ гүлі түбіттей үлбіреп тұратын ақ мақта нәп-нәзік. Әсіресе, жаңа көктеп, қанат жайып келе жатқан балғын шағында тым әлсіз. Сусынын мезгіл-мезгіл жұтқызып тұрмасан, жапырағы бүрісіп, таңдайы тез құрғайды. Сәл ғана салқын леп тисе, қалтырап тоңа бастайды. Бір басының машақаты сонша көп. Шешесін бұрылтпайтын жылауық баладай күтушісін бір күн қаратып отырғызбайды. Жалғыз балғын шағында ғана емес, алты ай жаз, алты ай қыс бойына көрсетер күні осы ғой. Ала жаздай суарып, арам шөбін жұлып, тыным алмай бағасың. Күзде гүлін теріп, хозапаясын жнып, жерін жыртып өңдейсің. Қыс бойына сол жерге қар тоқтатып, тыңайтқыш тасып, алдын ала дамылсыз кам жасайсың.

Жылмен бірге айналып сырғып отыратын осы бір тынымсыз жұмыстың басы-қасында шыдамды, көнтерлі еңбек адамдары жүреді. Олардың арасына барып, сырласа қалсаңыз, еңбек шындаған қарапайым адамның сергек көкірегін танып, көңілді қуанышын көріп, ерекше бір ыстық сезімге бөленер едіңіз. Сол қарапайым адам көптің көкейіндегі сөзін қозғап, ортақ мүдденің ортақ ой-пікірін білдіре алар еді.

Зұлкия қасына бір-екі мақташы серігін ертіп, пікір-тәжірибе алмасу ниетімен «III Интернационал» колхозының мақта учаскесіне барған еді. Мақташылар жиылып, өткен жылғы еңбек жайын талдай отырып, мақтаны күтіп-баптау, өнімін арттыру тәсілдері турасында ұзақ ақылдасты. Әркім өз әдісін, кейбір соны ойларын баяндады. Кей пікірді бәрі жабыла қуаттап кетеді де, қайсы бірін құптамай шетке ысырады. Талай-талай ұсыныс айтылды, әр көңілде небір ғажап нұрлы үміт оты тұтанып жатты.

— Сіз мақта жайын ешкімнен кем білмейсіз. Терімші болдыңыз, звено бастығы боп та көрдіңіз. Енді міне озат мақташылар бригадасының бригадирісіз. Мұның үстіне өзіміздің қалаулы депутатымызсыз ғой... Бізді таңқалдыратын бір жай бар. Мақташылар үшін арнаулы киім тігіп шығару керек деп талай тілек білдірдік. Бірақ сөз зая кетеді, орындалған ештеме жоқ әлі. Осы өзіміздің Шымкенттегі, астанамыз Алматыдағы тігін фабрикаларының басшылары мақташылар ұсынысын құлаққа іле

ме, жоқ па? Соларға сөзімді айнытпай жеткізіңізші, қалауымыз сол болсын,— деп мақташылар өз депутатына үлкен бір тілек те қойды.

— Зұлқия, менің бір қалауым бар, жоғарғы жаққа хат жазар болсаң, сөз арасына ұмытпай енгізіп жібер. Мақташы әйелге тігін машинасы керек. Ауылымызға әкеп тұрып сатсын, бәріміз де аламыз. Әйтпесе тігін машинасын іздеп қайсымыз Алматыға барып жүреміз. Осыны ұмытпай айтарсың,— деді терімші әйел Қапсат Кәтшаева.

Зұлқия мақұл дегендей үнсіз ғана бас изеді.

#### 4

77

Қарт ана Ұлтай шағын жүгін үйіне жеткізгенше алқынып көп бөгелді. Әжімді жүзін тер жапты. Арқалап келе жатқаны — азғана отын. Енді қайтсін, бір үйдегі бас қөтерер адам өзі ғана. Жалғыз ұлы армияда. «Қол қусырып қарап отырған кім бар, жұрттың мазасын қашанғы ала берем» деп ойлады Ұлтай. Үйдегі отыны түгесіліп қалған соң, жақын маңнан азырақ шөмшек жнып әкелуге шыққан болатын. Бірақ кәрілік жеңіп, әл-дәрмені азайып қалған екен. Қайта-қайта аялдап, ұзақ-ұзақ дем алып отырды. Тағы да бір бөгеліп, енді түрегелуге оңтайлана бергенде біреу оң жағынан:

— Шеше, отыныңызды мен жеткізіп салайын,— деп үн қатты.

Ақырын бұрылып қараған ана қасына тақап келген Зұлқияны көрді.

— Сізді алыстан танып, әдейі бұрылдым. Мұныңыз не, шешей-ау, үйде отырмаймысыз, біреуге айтсаңыз отын әкеліп береді ғой,— деді Зұлқия.

— Е, қарағым-ай, өзі біліп әкеп бермеген соң, анауымынау жоқ еді деп, кімнің мазасын ала берейін...

Үйіне келген соң, Ұлтай шешей Зұлқияны «тым болмаса шай ішіп кет» деп жібермеді.

— Түнекүні ақша қосып ауданнан бір бөлек шай алдырған едім, өзі бітіп те барады... Қалғанын түгел салайын, жайланып отырып шай іш, қарағым, асықпа,— деді Зұлқияға.

Қарт анамен әңгімелесіп отырып шай ішіп, көп кеңеске қанып, енді кетуге ыңғайланып жатып Зұлқия:

— Колхоз председателіне айтар еш өтінішіңіз жоқ па? — деп еді.

— Астығым таусылыңқырап қалды, осыны ескерер, — деді Ұлтай шешей.

Келесі күні «Коммунизм» колхозының бас бухгалтері осы үйге әдейілеп сәлем берді.

— Басқарма сізге астық бөліп еді, өз көзіңізбен көріп өлшетіп алыңыз. Бұған қосымша шай, қантымыз да бар, — деп жымыды бухгалтер...

Кешке жақын Ұлтай шешейдің қорасының алдына сықап отын тиелген үлкен бір арба келіп тоқтады...

## 5

Облысқа озаттар мәжілісіне келген бір сапарында, түскі үзіліс мезгілінде, Зұлкия өзінің ұлы оқитын институттың жатақханасына барды. Алғаш рет келген жолы еді. Кіре-беріс есік алдындағы швейцардан Әнуардың қай бөлмеде тұратынын сұрап білді. Жүрегі бір түрлі елжірегендей болып, баспалдақпен ақырын ғана жоғары көтерілді. Швейцар атаған бөлменің есігіне тақап келіп, сәл кідірді. Біреудің баяу әндеткен көңілді үні естіледі. «Әнуар ғой! Есік қағып, рұқсат сұрайын ба, әлде бірден кіріп барайын ба?... Жоқ, әуелі байқаиыншы, Әнуарым қайтіп отыр екен?» деп ойлады ана.

Ол тұтқаны ақырын ғана тартып, есікті еппен ашты. Әнуар беліне ақ орамалды байлап алып, буы бұрқыраған ақ кастрюльге шөкімдеп тұз сеуіп тұр. Есіктің ашылғанын андамады. Сүйір қалайы қасықпен сорпадан ұрттап, тұзының татымын байқады. Осыдан соң жалпақ тарелкеде аршулы тұрған бес-алты түйір картопты ортасынан бір-бір бөліп, асықпай кастрюльге салды. Бөлмеде бір өзінен басқа ешкім жоқ. Зұлкия үнсіз ғана бағып тұрды. Көңілі тойып күлімсірейді. Әкесі майданға аттанғанда Әнуар уылжыған нәресте еді ғой. Ер жетті, азамат болды деген осы емес пе!

Әнуар есікке таман бұрыла беріп, алдында тұрған анасын көріп:

— Ой, апа, қашан келдіңіз? — деп қуана дауыстап жіберді...

Әнуар бүгін бөлмеде кезекші екен. Жолдастары сабақтан келер алдында соларға ыстық тамақ әзірлеуге



кірісіпті. Сәлден соң олар да келді. Зұлқия бірге отырып ас ішті.

— Төсектерінді әдемілеп жныпсындар. Бірақ едендерің кірленкіреп кеткен екен. Қазір мен айнадай ғып берейін,— деп Зұлқия бұларды ұялтты да, «өзіміз жуайықшы» дегендеріне көнбей,— бәріңнің де шешенмін ғой, бір жолға рұқсат етіңдер,— деді күліп.

Ол демде еденді жалтыратып жуып шықты. Кереуеттерді, стол, орындықтарды да сүртті. Дәл кетерінде:

— Бөлмелерің әрқашан осылай таза болса қандай жақсы,— деп күлімсіреді ол.

Өзгелер елейі қоймайтын осындай «уақ-түйекке» де мән бере жүретін қарапайым адамды кім қадыр тұтпас!

1957

«Коммунизм» колхозы.

## КОМБАЙНШЫЛАР

Самолетке отырып алып ауыл атырабын айнала ұшсаң, көзіңе бір ғана Фрунзе атындағы колхоздың бай егіні ұшы-қиырсыз жарқырап жатқан теңіздей толқынданып көрінер еді. Бұл ауылдың өз тұрған жері де тым әдемі, жасыл орманға құндақтап қойғандай, екі бүйірінде екі әсем көлі бар. Ауыл іргесіндегі осы көлдердің деңгейінен егіндік алқап басталады да, әрі ұзаған сайын қанатын кең жайып ұлғая береді. Колхоз биылғы көктемде 8 мың гектардан астам егіс егіпті. Құлаш жазар атырабы әлі де мол екен.

Ауылдың күншығыс беткейінде «Кішкене көл» деп аталатын суы құрдым бір көл бар-ды. Сол көлдің ығы көп жылдан бері құлазып жатқан жапан еді. Енді шырайы кіріп құлпырып қалыпты. Көктемде қуатты тракторлар жүріп өткен ізден жайқалып егін өніп тұр. Сары егін жел лебінен толқи түсіп, бұралаң қағып жайқалады. Бір кезде мойындары иіліп кетіп, өзіңді тап қасына қол бұлап шақырғандай назданады.

— Байтақ егін емес-ау, тіпті бидайдың әр сабағы нек қағып қасына шақырып тұрады ғой. Егін орағы басталар күнді ылғи сағынып қарсы аламыз,— дейді егде комбайншы Жәмәли Ахметов.

Бұл — оның жүрек сөзі, шынайы жап сыры. Жасы алпысқа тақап қалған, самай шашына бозарып кәрілік қырауы түсе бастаған осы адам комбайн штурвалында тұрғанда көзінде көңілді нұр ойнап, жүзі масайрап, жазаңғырап көрінеді. Бөгде біреу оны «комбайнды әуес көрген бір жан ғой» деп ойлап та қалар еді. Ол мұның ежелден комбайншы екенін қайдан білсін!

Қолхоз даласына тұңғыш рет комбайн келгенде сол «кереметі» бар, таңсығы көп машинамен егін орудыларының бірі — Жәмәли еді. Сондағы қалаулы ісінен табан аудармай жүріп келеді. Мол тәжірибесі бар; комбайн жұмысының бар жайын біледі. Алғашқы совет комбайндары — «Коммунар» және «Сталинец-І» машиналарымен егін орған бір кездерінде бұлардың қай тетігінде нендей кемдік барлығын алғаш өзі байқаған сәттеріне шейін ұмытпапты. Өткен күндерін қызықтап, бүгінгі шағын сүйініп отырып әңгімелейді. Әр кездің ұмытылмас бір белгілері, бойға сіңген ізгі қасиеттері болады ғой. Жәмәли өзі комбайнер атанған уақыттан бермен қарай егін шабуға ірі табысқа қолы жеткен әр жылды жадына берік сақтайды екен. Ал, бойға сіңген ізгі қасиеті, — комбайншының өз сөзімен айтқанда, еңбек құмарлық.

— Бұл мамандық — адамды еңбек құмар қылатын мамандық, — деп Жәмәли, әсіресе, жас комбайншыларға көбірек насихат етеді.

«Кішкене көлдің» ығындағы мол егінге комбайндарың әкеле жатқан жолында Жәмәли осы сөзін орта бойлы, ақ сары келген, омырауында БЛКЖО значегі бар жап-жас орыс жігітіне қайталап айтып тұрды.

— Иә, осылай емес пе, Федор Игнатьевич? — деді Жәмәли селдір шоқша сақалын күлімсірей сипап.

— Дұрыс айтасыз, — деді Федор.

Федор Игнатьевич Шарахметов — бұл жерге шалғай Краснодар өлкесінен өзі қалап келген озат механизатор. Сол өлкедегі Роздельная МТС-інде жеті жыл ұдайы тракторшы болған. Қазақстанға осы жылдың басында келіпті. Өткен көктемде Фрунзе атындағы колхоздың тыңын айырып, тұқым сепкен екен. Енді егін орағы басталарда комбайншы болып тағайындалып, өзі еккен егін орысуға келіп отыр.

— Өзің дән сепкен жерің ғой. Бізді ілестірмей кететін шығарсын енді, — деп жымиы Жәмәли учасок басына келіп түскен бетте.

— Мүмкін. Бұл тұстың ой-шұқыры өзіме әбден мәлім, — деп Федор да жымиып жауап қатты.

Екеуінің жарысы бұрын басталған еді. Егін шабуға комбайндар бапталып жатқан қызу күндерде олар егін жинайтын машиналарды жөндеу жөнінен өзара жарысқа түскен. Екеуі де бірінен бірі қалыспады. Атқарған істері де, қол жеткен табыстары да бір деңгейде болды. Бар

айырмасы: Жәмәли егінге ертерек шықты. Колхоз биыл тұңғыш рет жүгері өсірген еді. Өнік дәні топыраққа түскен күннен бастап ерекше күтімге алынып, насосты машиналар арқылы мезгілінде қолдан суарылған бұл дақыл бітік шықты. Жәмәли өз машинасының әр тетігіне өзгеріс енгізіп, жаңаша құрастырып, жүгері оруға бейімдеді. Елті, ұқыпты қолдан шыққан істен ақау да шыққан жоқ. Жемшөптік жүгеріні түгел орып біткенше Жәмәлидің комбайны бір сыр бермеді, мүдірмей жүрді. Комбайншының өзі де, машинасы да бұл жұмыстың дәмін тұңғыш татып еді, сылтымай, кібіртіктемей сыннан еркін өтті. Тыңның жаздық бидайын оруға МТС-тен комбайншылар келгенде машинасын бабына келтіріп, әзір тұрған Жәмәли жарысқа төтеден қосылды.

— Нағыз жарыс енді туады. Қатардап қалыспайық, жолдастар! — деді № 12 трактор бригадасының бригадирі Адам Андреевич өз механизаторларына.

Көпке арналған сұрауға әрқашан өзгеден бұрынырақ жауап қайыратын Федор Шарахметов бұл жолы да жұрттан бұрын:

— Уәде тек сол болсын! — деп көңілді жауап қайтарды.

Бригадирден соң әркім сөз алып өз міндеттемесін атады. Егін орағының алғашқы сағаты № 12 трактор бригадасында осылай басталды. Комбайндар егін теңізіне қарай бет бұрды. Кең даланы мотор үні енбек әуеніне бөледі. Сөз — іске, уәде — табысқа айналды. Көлдін ығындағы тыңның егішін оруға дейін Жәмәли мен Федордың әрқайсысы жарты мың гектарға жуық жердің егішін жинады. Комбайндары қалтқысыз жүрді. Қиындық пен кедергі де көп кезікті. Қазақстанның солтүстік облыстарында биылғы жазда жауынның тапшы болғаны көп аудандарда егішінің тым нашар шығуына әкеп соқты. Фрунзе атындағы колхоздың егіс далаларында да шөлтіркеген егін еркін бой жаза алмады. Аласа шықты. Бетін күн қарып, түбін аңызак жел қағып, ертерек қуаң тартты. Аласа өскен егінді дер кезінде қалай жинап алу керек? Шалғы қиған масақ хедер қанатына ілікпей, төмен құлап, ысырап болмау үшін не айла табасын?

Комбайншылар бұл жайды егін орағына шығар алдында мәслихат құрып талқылап еді. Әрбірі өз ұсыныстарын, тәжірибелерін айтып, кең пікір алысқан, әдіс алмасқан. Аласа егінді шабудың әдіс-айласымен қоса

сабан мен топанның ысырап болмауының амалдары да талқыға түсті. Комбайн бойына қосымша тетіктер орнатудың әртүрлі тәсілдері айтылды.

Егін орағы басталғанда комбайншылар және бір ірі кедергіге кездесті. Ауа райы жауын-шашынды болды. Бірде ашық, бірде жаңбыр болып, күн айықпай қойды. Егін дымқыл болған соң комбайндар да желіп кете алмай, баяу қозғалып, мамырлап қалды. Кей жауынды күндері комбайн дымы құрып, тоқтап тұрды.

— Күн райының ырқымен жүре бермекпіз бе? Машинаны тоқтаусыз жүргізудің амалын табайық,— деп ұсыныс жасады Жәмәли.

— Бұлар күнде жұмыстан соң бас құрасып, өз тәжірибелерін, қолданған әдістерін ортаға салатын болды. Егін дегдімесе дымқыл масақ битерлерге тығылып, валдарға оралады. Бұл жағдайда комбайн жиі қақалып, әлсін-әлі тоқтай беруі мүмкін. Мұның үстіне үлкеп кеселі тағы да бар: дымқос қауызынан шыға алмаған жұмсақ дән сабанға араласып, шашау шығады. Осы ысырапты болдырмау жолында Федор Игнатьевичтің өзі сынап көрген бір әдісі бар екен. Битер ұштарын жұқа брезентпен қаптап қойса, ол комбайн бүйіріне сәл ғана тиіп тұрады да, екі араға дымқыл масақ кептеліп тығылмайды екен.

— Жаксы тәжірибе — көпке ортақ. Мұны біз де қолданып көрерміз,— деді комбайншылар.

Олар ауа райы жауын-шашынды болғанда комбайнды қалтқысыз жүргізу үшін машина тетіктеріне нендей өзгерістер енгізу керектігі жайында ұзақ ақылдасты.

Міне, сөйтіп, әр күн үлгілі еңбектің өнімді әдісін табу ниетіне бөленіп өтіп жатты.

№ 12 бригаданың комбайншылары «Кішкене көлдің» сыртындағы егіндік алқапқа келіп түскен күні аспан ашық, жалтаң еді. Түнде тысқа бірнеше қайтара шығып, ауа райын барлаған Жәмәли «күн енді айығар» деп ойлаған-ды. Таңертең көкшіл аспанға көзін қыдырта қарап, сәбише мәз-мәйрам боп қуанды.

— Федор-ау, жоғары қарасаңшы. Күн бүгін қандай тамаша! — деп дауыстады ол вагон-костың табалдырығына шашы дудырап майкашең шыға келген жолдасына.

Өз участогіне жетіп, егін мұқитына машинасын жүздіре жөнелген шағында көздері күлімдеп, еріндері діріл-

деп қарт комбайншы бір сөздерді айтып бара жатқандай еді. Көңілдегі қуанышы болар!

Даланы жаңғырыққа бөлеген мотор үні егін ырғатынша қосылып әуенін өзгерте қойды. Комбайн хедерінің етін қаққышы зырылдап айналып кетті.

— Үшінші жылдамдықпен тартыңыз! — деп дауыстады Жәмәли тракторшыға.

Комбайн қалтқысыз жүріп келеді. Жұлдызша дөңгелектері зырылдай айналып, алып денесі селкілдеп, жоғары шапшаңдықпен келе жатқан машинаның әр тамырының соғуын дәрігердей бақылап отырған Жәмәли, бункерден бидай алуға қапталдаса келіп қалған жүк автомобилін байқамай да қалды.

— Комбайншыға бір сәлем! О, хал қалай? — деп дауырыға айғайлап сөйледі шофер.

— Өте жақсы. Көрдіңіз бе, комбайн қандай жақсы жүріп келеді, — деп қуанды Жәмәли. — Қане, машинанды бункердің шүмегіне дәлде. Біркелкі жүргіз... Жақсы!

Оның көңілді даусы шоферға мотор үнінен де өктем естілгендей сезілді.

— Жөнел. Тез орал! — деді комбайншы машина кузовы бидайға лық толған кезде.

Комбайн телегей егін айдынында кемеше шапшаң жүзіп барады. Көрші участоктің егінін Федор Шарахметов орып жүр. Оның комбайны өзіне деңгейлес келіп, қатарласа бергенде Жәмәли аса қуанып қалады. Жас комбайншының өнеріне сүйсінеді. Жарыстың қыза түсуі қуантады оны. Жел қағып тотығы молайған, әжімі де көбейген кара торы жүзі күлімсірейді. Бір сәт оң жағына бұрылып әріге көз жібереді. Бұл тұста қызыл қырман бар. Тау-тау болып үйілген астық шоқысының басында қызыл жалау желбірейді.

— Ел ырызығы ғой! — деп қуанышпен көз алмай қарайды Жәмәли.

Қуансын, мақтан етсін, оның өзі де ел ырызығын жиып жүр емес пе!

1955

Көкшетау облысы,  
Фрунзе атындағы колхоз.

## АРАМЗА ҚОЗЫ

Қойшы қонысының қарасы көрінісімен ирелені көп жолдан оқыс бұрылып, төтелей жүріп кеткен «ГАЗ-69» үлкен ұзын қораның алдына келіп тоқтады. Бастығының қабағына қарап, машинаны қаттырақ айдап келген жас шофер:

— Міне, келіп те қалдық, аға шопан Толымғожин Бәйтеннің отары осы мекенде, — деп жымыды да, кабинаның есігін ашып жіберіп, біреуге ым қақты.

Малақайының бір құлағын ішіне жымыра киіп, белін шарт буынып алған орта бойлы адам қолын уқалап бері аяндады.

— Міне, Бәйтеннің өзі. Қақ-соқта жұмысы жоқ момын кісі, өз ісіне аса мәтқақам адам, — деп шофер оған мінездеме беріп те үлгерді.

Бастығы үнсіз ғана жымыды. Бұл адам — совхоздың жаңа директоры Василий Михайлович еді. Сыпайы сәлемдесіп, өзінің аты-жөнін атағанда Бәйтен: «Есіміңді ерте естіп, егде ме десем, өзіміздің Әнуар құралпы жап-жас жігіт екенсің ғой», деп ойлады ішінен. Будиловтың 1947 жылдан бері «Суворов» астық совхозының директоры боп келгеніне сырттан қанық болатын. Әнуар деп тұрғаны, өзінің көмекшісі, 1926 жылы туған жігіт.

— Хош келдіңдер! Мынау жайымыз. Ал, үйге кіріп, бой жылытып шығындар, бүгін күннің өзі шыңылтыр аяз боп тұр ғой... Тоңбадыңдар ма? — деді Бәйтен.

— О не дегеніңіз, осы суықты елеген жігіттің не қауқары болғаны, — деп күлді Василий Михайлович.

Директор аға шопанға еріп жүріп, отарды аралады.

— Малыңыз күйлі секілді. Тек қорасы жайсыздау скен. Ішкі қабырғалары дымданған. Ең жаманы сол, әсіресе қой төлдеген кездері қатері мол мұның,— деп Будилов сақтандыра сөйлеп келе жатып, сәл бөгеліп, ойлаһып қалды. Шопанға бір ұсыныс айтты.— Қораның ішкі жағынан айнала қамыс тұтқан жөн болар еді. Қамыс деген дәл іргенізде сынсып тұр ғой.

Директор сөзі шопан көңіліне қона қалды. Тек айтылған сөздің жеделірек жүзеге асуына тілек білдірді Бәйтен. Василий Михайлович уәде беріп, сендіріп келеді. Алдағы жазда қораның енесін көтеріп, төбесін қайта салу жайын да екеуі осы арада ақылдасып алды.

Енді бұлар қой төлдейтін жылы бөлмеге қарай бұрылып еді. Кең бөлмеде жападан-жалғыз тұрған ақ бұйра қозы кіп-кішкене айыр тұяғымен еденді дүбірлетіп, ойнақ салып төрге қашты. Будилов қуана күлімсіреп тұрып қалды. Аң-таң. Аға шопан әлгінде ғана «қойымыз март айында қоздай бастайды», деп келе жатыр еді. Ал бүгін февраль айының бір ғана аптасы болды.

— Мұнымыз бір арамза қозы,— деп жымыды аға шопан.

— Қалай дейсіз? — деп директор қайталап сұрады.

— Арамза қозы... Біздің қазақта мезгілсіз ерте туған қозыны «арамза қозы» деп атайтын ежелгі бір әдет бар. Сол арамзаң мына тұрған антұрған! Іші пықпасын деп, кең бөлмеге әдейі еркін қойдық,— деді Бәйтен.

Аға шопанның осы соңғы кезде көңіліне нық ұялаған бір ойы бар еді. Қойшылар бас қосқан үлкен мәслихат үстінде алға тартып көрермін деп іштей қорытып, әбден сынап байқап жүрген болатын. Совхоздың өсіріп отырғаны кілең асыл тұқымды, биязы жүнді ақ меринос қойлар. Суыққа төзімсіз-ақ. Қашан күн жылынып, жаз шыққанша, қыстай қорада бағылады. Қой төлдетіп, қозы алу науқаны дағдыда апрель айы туа басталатын. 1952 жылы бұл совхозда қойды көктемнің бас кезінде жаппай төлдету әдісі жүзеге асқан. Саулықтар март ішінде тегіс қоздайды. Жылы қорада, енесінің бауырында болған жас төл қар кетіп, көк қылтня далаға өріске шығарылатын. Бірақ жас қозылар көктемгі қара суыққа шыдай алмай, дірдек қағып жүруші еді. Нәзік өкпесіне суық өтіп, талайы жазымға да ұшырап қалатын. Қозысы бой жазып жайыла алмай, үнемі енесінің бауырын ықтап, қақтай берген соң саулық та қоң жия алмайды. Осы жағдай



Бәйтенді көптен толғанып жүрген. Қақаған қыс ортасында туған мына арамза қозы шопан ойын ұштап кетіп еді.

— Жолдас директор, өз отарым бойынша келесі жылы март емес, февраль ішінде түгел қозы алсам деген ниетім бар. Осыған қалай қарайсындар? — деп, ол Будиловка берік бір байлам жасағанын айтты.

— Ерте туған қозыны қорада бағып-қағамыз. Күн жадырап, өріске шығарылғанға дейін төл әбден пысып, ширап алады. Сонда марқайған қозы көктемгі қара суықты елемейтін болар еді. Сақа қоймен бірге емін-еркін жайылады. Әрі қозыларды енесінен жылдағыдан бірер ай бұрын ерте айыруға мүмкіндік аламыз. Бұл — саулыққа жайлы. Еркін тынығып, жақсы оналады...

Аға шопан қойды қыс айында ерте қоздатудың көп пайдасы жайында өз ойын, көкейдегі пікірін түгел әңгімелеп өтті. Директор бас изеп, үңсіз тыңдап тұрды да оқыс сұрау қойды.

— Сіздің қой баққаныңызға биыл неше жыл толады?

— Он сегіз жыл,— деді Бәйтен...

Директордың отар басынан аттанып кетер алдында, қоштасып тұрып, машина үстінде күлімсіреп айтқан сөзі де аға шопанға оқыс көрінді.

— Әлгі айтқан пікіріңізді жүзеге асыра аласыз ба? — деді Будилов.

Аға шопан директорға таңырқай қарап, ақырын ғана басын изеді. «ГАЗ-69» есік алдындағы қатқақ қарды сықырлатып жүріп кетті.

## 2

Машина қара үздіріп кеткенде ғана Бәйтен аяғын ауыр басып, үйіне таман бұрылды. Өзін әп-сәтте бір қою ой тұманы қамағандай. «Әлгі жаңа директордың соңғы сөздері оқыс болды-ау. Маған сенбей ме өзі? Жоқ, олай болмас. Осы совхозда еңбек еткелі менің жұмысыма ешкім де шүбәланып көрген жоқ, жаманатым шығып көрген пенде емес ем ғой»,— дейді ішінен.

Рас-ау! 1932 жылы осы Бесқарағай мал совхозы тұңғыш ұйымдасқанда Бәйтен өгіз бағушы боп жұмысқа кіріп еді. Төрт-бес жыл ішінде совхоз әжептәуір көтерілді. 1938 жылы совхоздағы қой малынан іріктеліп, жаңа бір отардың басы құралды. Жергілікті қой тұқымын асыл-

даңдырудың әуелгі қадамы осы болатын. Жасында қозы баққан, ертеден қой жаюдың сырына қапық Бәйтен сол жауапты кезеңде бір отарға не болған. Қой тұқымын асылдандыру, совхозда кілең биязы жүнді қой өсіру ең тақаудағы міндет еді. Алтайдан, Кавказдан асыл тұқымды қошқарлар әкелініп, бұл іс дереу жүзеге аса бастағанды. Бірақ Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында осы қарқын бәсеңдеп қалды, қойдың күтім-бағымы да нашар болды. Ұлы майданның алғашқы айында жорыққа аттанған Бәйтен денсаулығына байланысты армиядан 1943 жылы оралған. Қарап жата алмады ол, келе бір отарды өз қарауына алды. Қойлар арық, шетінен көтерем. Бұрынғы жақсы бастама орта жолда үзіліп-үзіліп қалыпты. Әскерден келген жігітке талай-талай қиындықпен белдесуге тура келді. Ол жеңілмеді — жеңіп шықты, қажымады — ширай түсті. Сөйтіп, жылдан жылдың табысын өсіре берген. Кешкі інір қараңғысында ол көрші отырған Оспанов Балғабайдың отарына салт атпен шоқытып бара жатты.

Балғабай осыдан бір апта бұрын оның отарында болып қайтып еді. Ерте туған қозыны көргелі әдейілеп келгенді. Қойды суық қыс ішінде ерте қоздату жөнінде екеуі сол жолы ұзақ мәслихат құрып, пікір алысқан болатын. Бәйтеннің тап қазір түнделетіп, суыт келе жатқанының мәнісі бар.

— Көңілге бір күдік оралды. Оңаша мәжіліс құрып, өзіңмен шүйіркелесіп, осы күдікті сейілткелі келдім, — деді ол Балғабайға.

Қойдан ерте төл алу мәселесі бұл түнде тағы да ұзақ талқыға түсті.

— Көңілің несіне қобалжыды дейсің ғой... Әлгі жаңа директорды көріп едім бүгін, өзі бүкіл істің жайын біліп тұрған ширақ кісі екен, дән разы болдым... Бірақ менің әлгі ұсынысымды қосынды ма, әлде сенбеді ме, білмеймін, «жүзеге асыра аласыз ба?» деп үш қайыра сұрағаны көңілге қобалжу салды, — деп, Бәйтен бір шынын әуелі іркіп отырып, соңынан айтып еді. Балғабай иығы селкілдеп, рахаттанып күлді.

— О, аңқауым-ай, сөзінің сыңайын аңдамадың ба?.. Қайталап сұрай бергені сенбегені емес, сынағаны ғой. Сол директорыңды әлгінде ғана шығарып салып отырмын. Сенің бүкіл әңгімеңді қуанып айтып, «осы ұсынысты сіз мақұл көресіз бе?» дейді маған. Не сөз бар, құп-

тайтынымды айттым,— деп барып, Балғабай күлкісіп тыйды.

— Түү, діңкемді құртпай, мұныңды мана айтсаңшы!— деді Бәйтен.

— Е, директорға жолыққаныңды ауызға алмай, өз мініңді өзін бүркеп отырған соң, мен де ірке сөйледім. Сақтықта қорлық жоқ,— деп Балғабай әзіл қақты.

— Дауа болмас саған! — деп, Бәйтен езу тартып, селдір мұртын сипалай берді...

Осыдан бірер күн өткен соң, Бәйтен мен Балғабай басқаратын екі отар да алдағы жылы қойды февраль айында жаппай төлдету қамына кірісу жөніндегі шешімге совхоз директоры қол қойды.

Қақаған қыс ішінде қой қоздату жайындағы жаңа бір бастама, соны әдіс Павлодар облысының Бесқарағай асыл тұқымды қой совхозында осылайша туып еді.

### 3

Ерте туған қозыларды қасақана сынағысы келгендей, биылғы көктем көпке дейін жылынбады. Даланың қабағы қатып, оқтын-оқтын қар ұшқындап тұрған күндер жиі болды. Шопандар төл жазым бола ма деп сақтық қып, өзге отарлар қорадан арқан бойы ұзай алмай отырғанда, Бәйтен мен Балғабайдың екі отары қырдағы кең жайылымға өріске шыққан.

Жазық дала. Ызғырық жел бар. Жылу құмар жасыл гүл қалтырап, бүрісіп, жерге жабысады. Ық іздегендей. Суық желге бетін тосқан жас шопан малақайының құлағы желпілдеп, кең алапқа көз қыдыртып қарайды. Өзі осы өңірдің жалғыз қожасындай. Бұл—Бертенев Әнуар, аға шопан Бәйтеннің көмекшісі. Қалың отар жамырап жайылып жатыр. Марқайып алған қозылар енелерін ықтамай, өз бетінше еркін жүр. Отардағы әр жүз саулықтан өрбіген жүз отыздан төл бар. «Қапыда қар жауып кетсе де, бұл қозылар енелерінен бұрын жаурамайды» деп еді Бәйтен. «Рас-ау, айна-қатесі жоқ... Мына ызғырықты елемей ойнақтауын қарашы өздерінің! Жас қошақандарым!» деп сүйсінеді Әнуар. Өзі осы отарға алғаш келгендегі, үш жыл бұрынғы қызық бір қылығын еске алады. Армиядан оралған жас жігіт еді. Қой бағуға өз қалауымен келді. Аға шопан Бәйтен қуана қарсы алып, бұған ақыл айта бастап еді. «Ой, отағасы-ай, қолға таяқ алып, қой баққан-

ның несі қиын, қасқырдап аман сақтаса болды емес пе?» деп аңғырт сөйлеп, Бәйтенді қатты ашуландырып алғаны бар-ды. Әйтеуір кінәсін тез мойындап, аброй болған. Дәмін тата келе байқаса, қой бағу оңай шаруа емес екен. Әсіресе, күтуінің машақаты мол мына кінәмшіл мериностарды баптап бағып, күйлі өсіру әбден қиын, жауапкершілігі үлкен, уайымы көп. Аяғы қысқа, адымы тар, айыр тұяғы мен иегіне шейін қою ұлпа жүн өскен бұл қойлар кез келген өріске жайыла алмайды. Қазақы қойдай алысқа өрістей жайылуға қыры жоқ. Жазда жайлауға шығарғанда күнбе-күнгі ауа райының құбылуына қарай бұл қойды жаю жағдайы өзгеріп отырады. Ыстықта өз көлеңкесін өзіне сая ғып, бетін бұрып өргізбесең, күн жаққа қарай жайыла алмай, иіріле береді. Тек бабын тап, тілін біл! «Аға шопан осы бір сөзді өзіме әуелгі күні-ақ қатты ескертіп еді», деп ойлады Әнуар. Ақырын күбірлеп, ішінен қайталайды. Айнымасқа серт еткендей.

Қарагер атты жортақтатып, бір бүйірден Бәйтен көрінді. Ол отар шетіне тақау келіп, аттан түсті. Қойды аралады. Мұртын сипап рахаттана күлімсірейді. Көңілі толқығандай. Ол еңбек жемісін, жүзеге асқан ойын көріп қуанып тұр.

— Мына қара суықты елейтін түрі жоқ, көрдің бе қозылардың желге қарсы өршелене жүгіруін! — деді Бәйтен көмекшісі қасына тақау келгенде. Ақылды көзіп алысқа қадап, сәл ойланып тұрды да үлкен бір асуға мегзей сөйледі.

— Мал басын шығынсыз аман өсірумен іс тынбайды. Баққан түлік күйлі болсын, өсімтал болсын. Көрші отардағы әр меринос қошқардан былтыр жиырма килограмнан аса жүн қырқылды. Үздік табыс. Өз отарымыздағы әр саулықтан алынар жүнді осының нақ жарымына жеткізуіміз керек. Тақау жылдағы мақсат осы. Одан әрі...

— Одан арғысы мәлім ғой, бір табыс бір табысқа сілтемей ме! — деп көңілдене құптады Әнуар.

— Дұрыс айтасың... Солай, — деді аға шопан.

## БАҚТАШЫНЫҢ БАЛАСЫ

### 1

Қалың шұбардың арасындағы жіңішке жолмен шоқытып келе жатқан салт атты бала Болат еді. Сегізінші класс бітірді. Оқу аяқталды. Жазғы каникулге шықты. Енді жайлаудағы, мал басындағы бақташы әкесіне келе жатқан.

Бұл жайлау ауылдан 25 километрдей қашық еді. Шұбар-шұбардың арасымен, шілікті ойпанды, шұқыр томарды айналып, жағалап жүретін ескі соқпақ бар. Осымен жүргенде жол ұзаңқырап та кетеді. Ауылдан шыққан бойда жайлауға төтелеп тіке тартып кетуге болар еді. Бірақ айналаның бәрі жайқалып тұрған егін. Сондықтан айналып жүрмеске лаж жоқ. Болат алаңқылау жерге шыққанда, атының тізгінін босатып, екі-үш рет ызғытып алды. Ол қалың бір шоқ ағаштың тасасына түсе бергенде соңынан қиқу естілді. Болат атының тізгінін тартып, бөгеле берді. Дауысқа құлақ тікті.

Біреу атын қамшылап, ағаш арасындағы тар жолмен шапқылап келеді екен. «Ене-ей, Болат, тоқтама, тоқтама, мен бәрібір қуып жетем сені!» деп дауыстайды.

Болат өз інісі Аманбайды алыстан таныды. Оның даланы басына көтеріп, даурығып келе жатқанын көңілі құп көрмеді. Аманбай атын алқынтып жете бергенде Болат:

— Ағаш арасымен неге қатты жүресің? Атың бір бұтаға сүрініп кетсе ғой, бір жеріңе зақым келеді, немесе атты мертіктіресің,— деп қабағын түйіп сөйледі.

— Ә, өзің неге шапқыладың? Мен сені алыстан көріп

отырдым. Өзіңнің атын сүрініп кеткенде қайтер едің? — деп Аманбай күлімдеп жауап берді.

— Менің жирен атым ешуақыт сүрініп көрген емес.

— Біздің торы ат та сондай... Осы екеуінің қайсысы жүйрік, білесің бе?

Болат бұған жауап бермей, атын жолға қарай бұрып, ілгері жүре беріп еді. Аманбай үзенгі қағыстырып қатарласа кетіп:

— Білмесең мен айтайын, торы ат жүйрік. Нанбасан, кел, жарысайық! — деді.

Бұл екі аттың сыры Болатқа мәлім еді. Жирен ат қамшы салдырмайтын, елпілдеген жүйрік болатын. Ал торы ат барып тұрған қырсау. Аяғы да, желісі де өнімсіз; екі бүйіріне тепкілеп, сауырына қамшылап, қысып отырсаң ғана жүрісін үдетеді. Бірақ озып алға түспейтін, қарашыл болатын. Егер екеуі жарыса кетсе, Болаттың аты шырқап озып кететіні анық. Онда інісі қатты намыстанып, қызарақтап, ренжіп қалар еді. Аманбайды ренжіткісі келмейді Болаттың.

— Мына жердің жолы жаман, шұқыр-шұканағы көп, жарыспай-ақ қояйық, аттарды жығып алармыз, — деді ол інісіне.

— Ә, солай ма! Қалып қоямын деп қорқасың ғой. — деді Аманбай бұл сөзді өзінше түсініп.

Енді ол ат үстінде коқиланып, қалпағын шекесіне қисайта киіп, ерекше көтеріліп қалды. Оң жағында келе жатқан Болатқа көзінің қиығымен қарап қояды.

— Маған бір қос ауыз мылтық керек. — деді Аманбай бір кезде.

— Оны қайтесің? — деп Болат оған бұрылып қарады.

— Қос ауыз мылтығым болса, қасқырды ат үстінде шауып келе жатып атып түсірер едім. — деді Аманбай.

Болат сақылдап күліп жіберді. Аманбай бұған бір түрлі ынғайсызданып қалды.

— Сен неге күлесің, Болат. бақташыға мылтық керек емес пе? — деді.

— Әрине керек бақташыға. Ал, саған қажеті жоқ. Сен әлі мылтық ұстауға жараған жоқсың, жассың. — деп Болат жөн айтып еді.

— Мен тоғыздамын... Жас емеспін. — деп намыстанды Аманбай.

— Жетер, дауды қояйық! — деп қолын көтеріп белгі

етті де, Болат атын тебініп қатты шоқыта жөнелді. Горы  
тты қамшылап, оның соңынан Аманбай да текіректеді.

Бұл екеуі осы жүріспен отырып, малшылар қосының  
дәл іргесіне келіп бір-ақ тоқтады. Ат дүбірін естіп, сырт-  
қа көйлекшең, жеңіл шыққан Есенбай екі баласының  
аттан түсіп жатқанын көріп:

— О, сендер екенсің ғой! Аяқ-қолдарың аман ба? —  
деп қуана сөйлеп, балаларына қарай жүрді.

Ол Болат пен Аманбайды кезек құшақтап, маңдайы-  
нан сүйді.

— Қалай, оқуды жақсы бітірдіңдер ме?

— Жақсы бітірдік. Сосын сізбен бірге мал бағысуға  
келдік, — деді Аманбай.

— Мал баққанды жақсы көргендіктен келдің бе, әлде  
құр қызыққандықтан келдің бе? — деп Есенбай қасақа-  
на сұрады.

— Жақсы көргендіктен... Сіз секілді бақташы болғым  
келеді, — деді Аманбай күлімсіреп.

Баласының бұл сөзіне Есенбай қуанып қалды. Оның  
есімін елге танытып, жұрт құрметіне бөлеген — өзінің  
осы бақташылық еңбегі еді. Туған ауылы колхоз болып  
ұйымдасқан жылы Есенбай қой баққан еді. Ол кезде бұл  
колхоздың бар қойының саны — екі жүз ғана болатын.  
Оншақты сиыры, азын-аулақ жылқысы бар еді. Бірер  
жыл өткеннен кейін мал басы едәуір құралып, көбейіп  
қалды. Есенбай баққан екі жүз қой төлдеп өсіп көбейіп,  
саны — мың жарымға жетті. Бір күні колхоз председа-  
телі Есенбайға үлкен тілек айтты.

— Сіз баққан мал өсімтал. Кешегі екі жүз қойды аз  
жылда мың жарымға жеткіздіңіз. Бұл еңбегіңізге жұрт  
атынан рахмет айтамын. Енді колхоздың ірі қарасын өз  
қарауыңызға алсаңыз қайтеді. Сүтке қарық болайық, си-  
ыр малын көбейтіп беріңізші, — деді.

Есенбай келісім берді. Содан бері ол колхоздың ірі  
қарасын бағып келеді. Баққан малы жылда күйлі, өлім-  
жітім жоқ. Есенбай мал бағудың бабын өте жетік білетін  
адам. Бақташылық еңбекті сүйеді және бұған ештеңені  
тенгермейді. «Сіздердей бақташы боламыз» деген кісіні  
шып жақсы көріп қуанатын еді. Өз баласы Аманбайдың  
өлгі сөзі бақташы әкенің көңілін көкке көтеріп әкетті.

— Ал, жүріңдер, ендігі мәселені қоста отырып ақыл-  
дасайық! — деп Есенбай екі баласын жетелеп, қосқа қуа-  
нып кірді.

Таңертеңгі күн шығып келе жатқан кез қандай әсем! Шығыс жақ әуелі бозғылт тартып тұрады да, бірте-бірте сарғая қызарып, ерекше әсем барқыт түрге енеді. Енді бір кезде сәулесі шашырап, көк жиектен күннің көзі көрінеді. Осы мезгілде далада болсаң, табиғаттың не бір сұлу суретін көрер едің!

Аманбай мен Болат әкесіне еріп, малды таң сәриде өріске шығарған еді. Шығыстан күн шашырап шығып келе жатқан кезде бұлар далада болатын. Балалар бар төңірекке қызығып, таңырқап қарайды. Айналаның бәрі жым-жырт. Дала түнгі ұйқысынан әлі серги алмай жатқандай. Ағаштар да маужырап мүлгіп тұр. Күн шығар мезгілде аспаннан әсем бір үн естілді. Бұл — боз торған үні. Ол ерте тұрып, аспанда қалықтап ұшып, таң шапағын әсем әнімен қарсы алады. Түні бойы маужыраған даланы әнмен оятады. Кішкентай ғана осы құс күн шығыпласына қандай қуанады десеңші!

Бір орында қалықтап тұрып, шырылдап ән салған боз торғайға Аманбай көз алмай қарайды, тамашалайды. Кішкене құс мұны сезіп мақтанғысы келгендей, биікке шырқап көтеріле береді.

— Сіз бұл әнді күнде таңертең естисіз ғой. Қандай тамаша! — дейді бала әкесіне қуана сөз қатып.

— Бақташы адам күндіз де, түнде де далада болады. Ал даланың, табиғаттың қызығы көп қой, балам, — дейді Есенбай.

— Соның бәрін де көреміз бе Болат екеуміз, — деп қызығады Аманбай.

— Әрине, көресіңдер, — деп күлімсірейді әкесі...

Келесі күні дала көрінісі мүлде өзгеше болды. Бақташылар малды өріске шығарғанда жаңбыр жауып тұрды. Есенбай кіші баласын оятпай, қоста қалдырып кеткісі келіп еді, бірақ, ол төсегінен тұрғанда Аманбай да жастықтан басын көтеріп алды.

— Сен жата бер, ұйықта. Күн жаңбыр, жаурап қаласың, — деді оған Есенбай.

— Мен жаурамаймын. Бірге барамыз, — деп Аманбай төсегінен атқып тұрып, шапшаң киіне бастады. Әкесі оны тағы да үгіттей бастап еді, Аманбай күлімдеп: «бақташы күндіз де, түнде де далада болады», — деп, Есенбайдың өз сөзін өзіне айтқанда, қостағылар күлісіп қалды...



Жаңбыр ұзақ күнге ашылмады. Бақташылар бір ағаштың түбінде отырып, жолға алып шыққан тамағын ішті. Үйде пісіріп алған еті тоңазып қалыпты, торсықтағы қымыз да салқын екен. Аманбай ас ішіп отырғанда денесінің біртүрлі қалтырап тоңғанын сезді. Кескіні бозарып, қуқыл тартқан.

— Үрпін тоңып отырғанын қара Аманбайдың,— деп Болат күліп жіберді.

— Мен тоңғаным жоқ. Мен жаурамаймын. Міне, көріңдер,— деп Аманбай ұшып түрегеліп, су болған сырт киімін тез шешті де, ағашқа іле салып, малға қарай күр-тешен жүгіре жөнелді.

Болат Аманбайдың сырт киімін айналдырып көрді де, әкесіне:

— Мынаның ішкі астарына дейін шылқып тұр, жаңбыр әбден өтіп кетіпті,— деді.

— Ә, ку бала! Киімін сосын тастай жөнелген екен ғой... Сен үстіңдегі фуфайқанды соған бер де, өзің мынаны ки,— деп Есенбай Болатқа шекпенін шешіп берді.

Аманбай бұл кезде ағашқа қарай беттеген сиырлардың алдына жүгіріп шығып, кері қарай қайтарып келе жатыр еді.

Ол Болаттың фуфайкасын киюді өзіне намыс көрді.

Болат әкесінің шекпенін киетіндігін айтқан соң ғана амалсыз көнді...

### 3

Жайлауға келген әуелгі күннен бастап Аманбайдың тағы да бір қызыға шұғылданған ісі болды. Ол табиғат құбылысын бақылап, коллекция жинап, көрген-білген, өзінше зерттеген жайларын дәптерге жазып жүрді.

Аманбай кейін ерекше суреттеп жазған бір оқиға былай болған.

Айсыз қараңғы түн еді. Шырт ұйқыда жатқан Аманбай біреудің қатты айғайынан шошып оянды. Сырттағы сатыр-сұтыр дыбысқа құлақ түрді. Қатты айғайлап, мал қайырған адамдардың даусы естіледі. Далада бір әбігер бардай. Аманбай төсегінен тез тұрып киініп, қостан жүгіре шықты. Қатты жаңбыр сатырлап құйып тұр екен. Айналаның бәрі қап-қараңғы, көзге түртсе көрінбестей. Аманбай дауыс шыққан жаққа қарай жүгіре бәрді. Осы кезде аспан жарылғандай сатыр-сұтыр етіп, найзағай

жарқылдады. Маңайды жап-жарық қып жіберді. Әлденеден қатты үркіп, жапырыла жөңкіп бара жатқан сиырларды Аманбай анық көрді. Әкесі мен Болаттың дауысы алдыңғы жақтан естіледі. Аманбай солай қарай ұмтыла бергенде ұшып түсті. Құлын ба, бұзау ма, әйтеуір, бір кішірек мал оны қағып құлатып кетті. Аманбай шапшаң түрегеліп, мал тұяғының астында қалармын деп жасқанып, кейін қарай жүгірді. Қауіпсіздеу жерге шығып алып, бар даусымен «Болат» деп айғай салды. «Жақындама бері, қозғалма!» деп алыстан дауыстап үн қатты Есенбай. Олардың астарында аттары бар секілді. Дүрсілетіп бір олай, бір бұлай шапқылап айғай салып, жанұшырып жүр. Бір бүйірден Болаттың да даусы шығады.

Аманбай не әрі, не бері жүре алмай, декбірі кетіп, бір орында тұрып қалып еді. Бір кезде жаңбыр саябырсыды. Өткінші жауын болатын. Селін төгіп, найзағайы жарқылдап, терістік жаққа ауып бара жатты. Күн күркірі енді алыстан талып естіледі.

Салт атты біреу Аманбайға жақындай беріп үн қатты. Бұл Есенбай еді.

— Балам-ау, не ғып тұрсың бұл жерде? Қорыққан жоқсың ба? — деді.

— Қорыққаным жоқ. Малыңыз аман ба? Түгел ме? — деп Аманбай асығып сұрады.

— Түгел, аман. Малымызға қасқыр тиген жоқ, сиырлар найзағайдың шатырлағанынан үрікті. Әрең қайтарып алдық. — деді әкесі.

— Мені неге оятпадыңыз, мен де қайырысатын едім, — деп Аманбай өкініш білдірді.

— Асықпа, балам, бақташының қасында болсаң, әлі де талай қызық оқиғаны көресің, — деді әкесі.

Әрине, бақташының өмірінде қызық та көп қой!

*«Балам» қолжазба.  
Солтүстік Қазақстан облысы.*

## ОМАР АТАЙДЫҢ НЕМЕРЕСІ

Бір топ құрбы-достарымен бірге ауыл маңына серуен жасап қайтқан Жақсылық үйге көңілді оралып еді. Олар бұл сапар тым алысқа шырқап ұзамағанмен аз олжалы болған жоқ. Таңертеңгі күн шашырап шығып келе жатқан әсем арай кезден кешке дейінгі ұзақ уақытты далада өткізген бұлар табиғаттың көп-көп сырына қанды. Шуақ күн. Сұлу дала. Хош иісі аңқыған, алуан түсті гүлдер. Аспанда қалықтап тұрып ән салған әсем үнді боз торғай... Бәр-бәрі де жас құрбыларды ерекше еліктіріп сүйсіндірді.

Бұл балалардың ауылы отырған жер—елеулі атағы бар тарихи мекен. Матай дейтін аласа таудың бір саласының етегін қоныс еткен осы ауыл қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың есімімен аталады. Өткен ХІХ-ғасырдың екінші жарымында өмір сүрген, бірақ өмірі тым қысқа болған Шоқанның аз жасаған жасының ең соңғы шағы осы жерде өткен. Әскерде жүріп ауруға шалдыққан Шоқан өзінің әйелінің төркіні жайлаған Матай тауының бөктеріне демалып тынығуға, таза ауаны дертіне шипа ғып келіп жатқан болатын.

Сол сырқат кезінде де Шоқан бұл өлкеіі салт атпен талай кезіп аралаған шығар-ау! Ол кезде бұл мекенде бүгінгідей нұрлы тіршілік жоқ еді. Бауырайына саялы ағаш бітпеген жалаңаш төбелер, шұбатылған ұзын адыр-белестер сол кешегі сұрқыл заманның бейнесіндей болып, сазарып қана жататын. Ғалым Шоқан шоқы төбесінде тұрып, осы төніректі қыранша шолып талай барлап қараған да болар. Ойлы көздері нұрлы болашақтың алыс-

тан жылтыраған сәулесін көріп күлімсіреп тұрған да шығар. Ол туған халқына келер бақытты, жақсы үмітті алдан күтіп еді.

Бір кезде Шоқан тұрған сол биік белдің үстінде қазір оның зираты бар. Өткен жылы қазақ үкіметінің қаулысы бойынша Шоқан қабырының үстіне мәрмәр тастан қаланып, зәулім ескерткіш орнатылды. Осы жерге жұрт шар тараптан күнбе-күн ағылып келіп жатады. Олар Шоқан қабырының басына гүл қойып, өздерінің ұлы ғалымға деген зор махаббатын білдіреді.

Осы адамдармен танысып, олардың Шоқан туралы айтқан әңгімелерін естіп, көңілге тоқудың өзі үлкен ғанибат емес пе! Ауыл маңына серуен жасап қайтқан балалардың бүгінгі тапқан зор олжасының бірі осы болатын. Олар Шоқан ескерткішінің түбінде Қырғызстаннан келген бір топ туристермен танысты. Шоқан жайында көпкөп қызық әңгімелер естіді. Қырғыз халқының ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ұзақ жыл жасап келген әйгілі «Манас» батыр туралы жырын зерттеп, алғаш ғылыми сөз жазған адам Шоқан екенін білді.

— Қырғыздың осы даңқты жырын орыс жұртына бірінші рет таныстырған кісі — сендердің жерлестерің Шоқан Уәлиханов, — деді туристер.

Балалар бұл әңгімені естігенде ерекше қуанып қалды. Бал-бұл жайнап күлімсіреген жүздерінен көңілдегі үлкен мақтаныш білінгендей.

— Біз туған ауылымыздың, Шоқан болған жерлердің тарихын зерттейік. Осы жайында күнделік жазайық, — деді Жақсылық.

Құрбылары оның сөзін бірден құптады.

— Бірінші әңгіме бүгінгі серуенді суреттеуден басталсын, — деді ұзын бойлы, талдырмаш бала Есен.

— Әрине, — деп күлімсіреді Жақсылық.

\* \* \*

Жақсылық ертеңіне терезенің алдына гүрілдеп келіп тоқтай қалған трактордың даусынан оянып кетті. Жылы төсегінен шалшаң түрегеліп, ұмтылып барып, әйшектен сыртқа көз салып еді. Бозарып таң атып келе жатқан таңертеңгі ала-көбе уақыт екен. «Беларусь» тракторының рудің шіреніп ұстап жас тракторшы Ілебай отыр. Маужыраған даланы мотор гүрілімен жанғыртып құлқын

сәриден оятқанына мақтанғандай ерекше бір күйде. Жақсылықтың атасы — орта бойлы, ұзын ақ сақалды, жасы жетпіс бестегі Омар қария үйден бір бума жүкті көтеріп шығып, тракторға тіркелген арбаға апарып салды. Осыдан кейін өзі де арбаға мініп, тракторшыға «жүр» дегендей қолын көтеріп белгі етті.

Жақсылық апыл-ғұпыл киініп көшеге жүгіріп шықты.

— Ата, тоқтай тұрыңыз! Пішен басына мен де сізбен бірге барамын,— деп айқайлады ол.

Ілебай тракторын тоқтатты.

— Балам-ау, мен жұмысқа бара жатырмын. Сен не аласың, қыдырып барғың келе ме? — деді Омар атай немересіне.

— Мен де жұмысқа барамын. Сіздерге көмектесемін,— деді Жақсылық.

— Әуелі бригадирмен келісу керек қой,— деді атасы.

— Барған соң келісеміз. Сіз де бригадирдің: «қартайдыңыз, жұмысты қойып, үйде жатсаңызшы» дегеніне қарамай кетіп барасыз ғой. Ал мен болсам...

Жақсылықтың сөзін тракторшы Ілебай жалғастырып әкетті.

— Иә, бұл шылқылдаған жас азамат. Жетінші классты бітірді. Білімі де, күші де сізден кем соқпас, атай. Барсын, талабын қайтаруға болмас,— деді.

— Ә, мейлі, ендеше,— деді Омар атай. Немересінің әлгі бір тауып айтқан сөзіне ішінеп сүйсініп қалып еді.

Тракторшы Ілебай Жақсылықты өзінің қасына отырғызып алды.

\* \* \*

Бригадир Жұмабек Нұрғалиев Жақсылықтың сөзін күлімсіреп отырып, зейін қойып тыңдады.

Жақсылық көңілдегі бар сөзін түгел айтып болғаннан кейін ғана оған бір сұрау қойды.

— Айтқанды мүлтіксіз орындайсың ба? Жұмыстан шаршағанда, қалжырағаныңды жасырмай айтасың ба?— деді.

— Пионерлік сөзім — қандай тапсырыс берсеңіз де ұқыпты орындаймын. Бірақ жұмыстан шаршауға тиісігі емеспін! — деді Жақсылық.

— Менің тракторым сүйрейтін шөл-машиннасының ролін ұстасын,— деп тракторшы Ілебай бір ұсыныс жасады.

Бригадир сәл ойланып отырды да:

— Құп. Келістім бұған,— деді. Содан кейін Жақсылықтың иығына қолын салып: — Ал, балақай, уәдеге берік болайық! — деп езу тартты.

\* \* \*

Майлытөбе деп аталатын адырдың күнгей жағы жазылған жазық. Бұл өңірде Шоқан атындағы колхоздың қалың егіні, бау-бақшасы, қыруар шабындық алқабы бар.

Далаға төселген жасыл кілемдей боп құлпырып жатқан көк жоңышқаны орай шауып, шөп машинасын сүйреген «Беларусь» тракторы кетіп барады. Оның рулін ұстаған — өзімізге таныс тракторшы, көңілді жас жігіт Ілебай. Шөп машинасының өткір шалғысы сырылдап, балғын шөпті дәл түбінен қиып, құлатып барады. Машинист бала Жақсылық зуылдаған шалғы жүзіне қызыға қарап масайрайды, тұла бойын қуаныш кернейді. Бұл — еңбек қуанышы. Жақсылық өз ісіне, туған ауылына қолғабыс тигізіп жүргеніне қуанады.

Бір кезде ол өздерінен сәл ғана кейіндеу жақта шөп сырып, мая үйіп жатқан пішеншілерге көз тігеді. «Қараңдар маған, көріндер менің еңбегімді» дегендей мақтана, қуана қарайды. Сол сәтінде көп адамның ішінен өз әкесі Борантайды көріп қалады. Әкесі де бұған сүйсіне қарап, қол бұлғап, құттықтап тұрғандай елестеп кетеді. Опыл жас жүрегін қалайша қуаныш кернемесін! Баласы шөп шауып жүр. Ал әкесі оның шапқан шөбін жиып, үйіп, мая салып жүр. Қатар-қатар тізілген маяларға көзі түскенде Жақсылыққа өзінің кішкене еңбегі заңғар таудай болып көрінеді. Ол сондықтан да қуанады!

Пішеншілер қосының алдында ағаш төске орнатылған кішкене мотор тынымсыз дүрілдейді. Бұл мотор дөңгелек тас қайрақты зыр қақтырып тұр. Ақ сақалы кеудесін жапқан Омар қария білегін сыбанып алып, шөп машинасының шалғыларын қайрап отыр.

Бір кезде ол моторды тоқтатып, шөп шауып жүрген пішеншілер жаққа көз салды. Әр қашан, қолына алған жұмысты бітіргеннен кейін, осылай барлайтын әдеті бар еді.

Шөп машиналарын тіркеп алған тракторлар бірінің соңынан бірі тізіліп кетіп барады. Бейсеует тоқтап тұр-

ганы жоқ. Міне бір машинасының рулін басқарып Жаксылық отыр. Омар атай ақ көйлекті немересін алыстан танып, сүйсіне қарайды. «Еңбекті сүйе біл, балам. Еңбекті сүйсең — ел құрметіне бөленесін» дейді ақырын ғана күбірлеп. Бұл — өзінің сүйікті немересіне әр уақыт ақыл ғып айтып отыратын сөзі еді. Осы сөз тағы да оралды тіліне.

— Солай, достым, шынында да еңбекті сүйе білген адам — ел құрметіне бөленетіні рас қой.

## КЛАВДИЯ МАКСИМОВНА

Клавдия Максимовна оқытушылар бөлмесінде отырып, тәтті бір ой құшағына енді. Әжімді жүзінде көңілдегі үлкен қуанышты аңғартқандай нұрлы толқын білінді. Ашық терезеден бөлмеге күн сәулесі төгіліп тұр. Клавдияның көз алдына бұдан жиырма бес жыл әрідегі бір жайлар елестеп кетеді. Ұстаз атанып бастауыш мектепке алғаш келген беті еді онда. Жап-жас қана шәкірттер көздері мөлдіреп ұстазына қуана қараған. «Тап қазір еліміздің қай түкпірінде, қандай қызмет атқарып жүр екен олар!» Клавдия Максимовна ойлы көзі күлімсіреп, сол түлектерінің өмір жолына барлай қарап отырғандай бір күйде.

Өз серіктеріне бүгін Клавдия Максимовна орынды мақтанып еді. Ол Алматы қаласындағы № 54 мектепке педагогтік қызметке алғаш ауысқан жылы өзі оқытқан бірінші класс оқушылары жұптарын жазбай оқып отырып, биылғы көктемде онжылдықты бітіріп, кәметтік аттестат алды. Бұдан он жыл бұрын дәл осылар отырған партаға, бүгін мектеп есігін тұңғыш ашушы жас түлектердің жаңа легі келіп отырады. Нақ сол ағалары оқыған бөлмеде I «В» класс оқушыларының сабағы өтеді. Ал, бұл кластың оқытушысы — Клавдия Максимовна Козакова.

— Енді бір он жылда бұл шәкірттерім де орта мектепті бітіреді. Бұлардың орнын басар жаңа толқын да келеді. Осы класқа соларды тағы да өзім бастап әкелетін боламын, — деп еді Клавдия қуанып тұрып, көзілдірігінің үстінен жымия қарап.



Оқушы партасына тұнғыш рет отыруға ынтығып келген әр жас адамды Клавдия Максимовна мектеп алаңында қарсы алды. Әр бірімен ежелгі танысындай-ақ күліп амандасып, хал-жай сұрап, сәлден кейін салтанатты жиын ашылатынын түсіндіріп, жас шәкірттерді бой ретімен сапқа тұрғызып жүр. Балаларына ере келген туыс-туғандары өз алдына бір сән құрап, біресе оқытушыларға, біресе өз баласына қарайды, қуанады, көңілі толады.

Жас шәкірттің көңілі алып-ұшып, нәзік жүрегі лүпіл қағады. Оған бәрі де қызық, ол бәріне де ынтыға әрі құмарта көз салады. Өзінен ересек әр баланың қимыл-құбылысына іңкәр ниетпен қарайды. Өзінен бірер жас қана үлкен сол баланың әр әрекет-қимылы дұрыс па яки бұрыс па, сыпайы ма жә дөкір ме — мұнда оның жұмысы жоқ. Әйтеуір соған ұсап баққысы келеді. Өйтпегенде ше! Мектеп есігін бұдан бұрын ашқан адам ғой ол!

Бұл күйді Клавдия Максимовна айқын танып сезді. Ол әр жаңа келген оқушының мінез ерекшелігін аңдап, көңіліне қондырып тұрды.

«Жас оқушы әр нәрсеге ынтық та еліккіш келеді. Олардың өмірге көзқарасы, мінезі дұрыс қалыптасуы үшін жақсы өнегені, көрнекті үлгіні әрдайым бойларына сіңіре беру керек» деп ойлады Қозакова. Осы бір мақсат көңіліне ежелден нық ұялап қалған.

Бүгінгі жиында мектеп есігін алғаш ашушылар сондай өнегені өз көздерімен көрді. Мектептің оқу озаттары бұларды қызу құттықтап, игі тілек-үміт білдірді. Осы сөзді өздері былтыр ғана естіген жас оқушылар бұлардың ыстық құшағына қызыл гүл құшақтатты. Мектепті қамқорлығына алған мекемелердің де тартуы мол екен. Бірі терезеге құратын жібек перделер, бірі столға жабатын дастарқандар сыйлады; әр баланың қолына бір-бір қорап бояу қарындаштар ұстатты...

Өз шәкірттерін класка бастап келіп, нысқа ғана әңгіме өткізгенде Клавдия Максимовна айтар сөзін осы көрністен өрбітті.

— Өлгінде өздерің көрдіңдер ғой, балалар, сендердің оқу оқығандарыңа жұрттың бәрі қуанады. Олар бәрінің де үздік оқып, өнегелі, тәртіпті болуларыңды ғана тілейді. Міне, осы отырған мектептерің өздеріңдікі. Мұны сендерге туысқан совет үкіметі сыйға берген. Біздің еліміздегі барлық балалардың да осындай сүйікті мектебі бар. Совет балалары бақытты! — деп оқытушы өзіне жауды-

рай караған жас өрімдердің жүрегіне қаулап өршір ұшқын түсіріп, жайлап сөз қозғады. Оқушылар ойын еппен қалықтатып көтеріп әкеп, шәкірттерін мектеп өмірінің бастапқы табалдырығына шығарды.

Ең алдыңғы қатарда аласа бойлы, талдырмаш қана, қоңыр көйлекті бір бала отыр еді.

— Кәне, Саша, сен айтшы, осы мектепке не мақсатпен келдің? — деп Клавдия Максимовна одан әдейі сұрады.

— Оқу үшін, — деді Саша. Сабырлы пішінде оқытушы сұрағына ғана нақты жауап қатты.

— Ал сенші, Надя?

Надя орнынан тез ұшып түрегелді де:

— Мамам менің оқу оқығанымды жақсы көреді, — деп басын қисайтты.

— Папаңшы? — деді әдейі Клавдия.

— Ол да жақсы көреді. Менің папам өте жақсы!

— Папаңның аты кім?

— Білмеймін...

Клавдия қайталап сұрады:

— Папаңды жолдастары не деп атайды, мамаң қалай атайды?

Надя саусақтарымен партаны сызғылап, қибыжықтап: «білмеймін... Ал, мамамның аты Тамара Андреевна... Ол врач» деді.

— Папаңның есімі Павел ғой, — деді оқытушы.

— Ия, Павел, Павлик, Павлуша, — деді Надя жыпылдап.

Екі оқушыға бір ғана түрлі сұрақ қойып еді. Екеуі бала мінезінің екі түрлі сипатын аңғартты. Саша — момын ғана, үн-түнсіз, ешкімге соқтықпай тыныш жүретін, бае-артық сөзі жоқ, салмақты бала; ал Надяның мінезі Клавдия Максимовнаға алып-ұшпа, ұйтқып тұратындай көрінді. Және де Надяның сөз нақыесында, дауыс ырғағында тым еркінші кеткен еркелік шолжық бар.

Клавдия Максимовна бірінші класта оқитын балалардың өмірімен, олардың үй-ішімен бұдан екі-үш ай бұрын зерттеп таныс бала бастаған-ды. Әр баланың мінез-құлқын айыруға аса зер салған. Шынында оқушының жас және мінез ерекшелігіне сайма-сай жүргізілген ұстаздық тәрбие ғана әсерлі болмақ, көздеген биік мақсатына жетпек. Әр әрекеттің жөн-жосығына, әсіресе, өнеге үлгісіне, ерсі қылыққа тап кезінде мән беру, оқушының теріс ісін

сол сәтінде өзіне түзеттіріп отыру Клавдия Максимовна-ның көп қолданып, терең барлаған ұстаздық әдісінің бірі еді. Қластағы әңгімеден соң ол шәкірттерін коридорға бастап шығып, мектеп ішінде экскурсия жасап, жаңа келгендерді әр бөлмемен, бұйым-заттармен таныстырды. Енді солармен бірге ұзын залды өрлеп көшеге шыққалы беттеп келе жатыр еді, кейінгі жақтағы балалардың бірі жанқалтасынан шеті жалбырап шығып тұрған қағазды тез жұлып алып, дар-дар айырып, серпе шашып жіберді. Оқытушы байқап қалды оны. Балаларды аз бөген:

— Мен әлгінде мектеп ішін таза ұстау жөнінде әңгіме айттым ғой. Қолдағы керексіз қағазды кез келген жерге шашып тастай салуға болмайды. Мына коридорды Клава жеңгей айнадай етіп жуып-сүртіп қойды. Біз оны ренжітпеуіміз керек. Анау қағазды лақтырып шашқан қайсың? — деді Клавдия білмегенсіп. Бала өз әрекетін мойындар ма екен деп әдейі бақылап еді, бірақ, анау үндемеді.

— Қағазды шашқан осы,— деді көршісі көк көйлекті баланы көрсетіп.

— Жоқ, мен емес,— деп танды бала.

— Мен де көрдім, сенсің,— деді екінші көршісі.

Бұл жолы көк көйлекті ештеме дей алмады. Енді ғана мойындағандай кішірек көздері жыпылық-жыпылық етті.

— Жұмат, шашқан қағаздарыңды теріп ал. Ендігәрі бұлай етпе,— деді оқытушы оған. Ол бүкіл балалар назарын өзіне аударып: — Сендер енді оқушысыңдар. Мектеп ішін ыбырсытуға болмайды. Тазалық сақтау керек,— деді.

Оқытушы ойында және бір сұрақ туды. «Әлгі бала неге дереу мойындамады? Жалған сөйлеуінің себебі неде?» деп ойлады Клавдия Максимовна. Қабағын сәл шытынып, бір жайға сәл үңіліп қалды. «Ия, мұны зерттеу керек, мәнісін білу керек» деп түйді ойын.

\* \* \*

Келесі күні жас шәкірт ерте тұрып, портфелін көтеріп алғашқы сабаққа келді. Ұстазы мұны тап кешегідей жылы шыраймен мектеп алаңында қуанып қарсы алды. Жас құрбылар түгел жиылып сап құрды. Әсем сыңғыр үнімен мектеп қоңырауы бұларды тұңғыш рет класка еруге шақырды.

«Өспірім жасқа өмір танытасың; білімнің де, адамгершіліктің де бастапқы әрпін оларға өзің үйретесің. Адам тәрбиелеудің маманы болудан ардақты не бар?!» деп ыстық толқынды ойға бөленді Клавдия Максимовна. Нағыз педагогтің ең қиын, ең ардақты, сан-салалы ұстаздық ісі енді басталады. Ұстазы жас шәкіртке әріп үйретіп, ежелетіп хат танытып қана қоя ма, қалыпқа түспеген жас мінезді, адам санасын, адам ақылын тәрбиелейді ғой!

Клавдия әр баланы партаға отырғызуға ерекше мән береді. Сабақ үстінде жыбыршып отыратын екі тынымсызды бір жерге қосуға болмайды. Әр бала өз көршісіне әйтеуір бір жағымды әрекет-қылығымен ықпал етуге керек.

— Надя Анненкова, бері кел, сені екінші қатардағы үшінші партаға отырғызамын,— деді Қозакова жеңілтек сары қызға.

Оқытушы Надяға Саша Отроковтың партасын нұсқады. Партаға қалай келіп отырып, қалай тұруды Клавдия Максимовна балаларға әуелі өзі көрсетті...

Бірінші күнгі сабақта оқытушы көп жайға үніліп, көп жайдың сырын аңғарды. Өз класында оқитын қырық екі оқушыда қырық екі түрлі мінез, қырық екі түрлі қылық бар. Барлап отырсаң, әр шәкірттің сөзінен де әр жайдың таңбасын танысың. Бірінің сөзі түйеден түскендей кеп-кесек, енді біреуінің сөзінде бірде ойлы, бірде аңғырт, құбылып тұрған рең бар.

«Жұматтың өткен жолғы өтірік айтушының мәнісі — бала бір ерсі қылығы үшін ауыр жаза кешіп, екінші рет тағы да сондай қалге душар боларында жан сақтау үшін жалтаруға дағды еткен машығы ма?» деп ойлады Клавдия Максимовна. Баланы тақтаға шақырып, алғашқы үйренген әріпті жаздыру үстінде ол осы ойының туралығына көз жеткізді.

Жұмат әріпті дұрыс жазбады. Оқытушы көрнекті құралдан сол әріпті нұсқамақ болып, жіңішке көрсеткіш таяқшасын ілгері соза беріп еді, тақта алдында тұрған Жұмат еңкейе бұғып, қатты жасқанып қалды.

— Мұның не, Жұмат-ау, басыңа салып қалар деп ойладың ба? — деді Клавдия сәл жымнып.

— Жоқ,— деді Жұмат.

— Үйде саған ешкім ұрыспай ма, ұрмай ма? — деп сұрады оқытушы.

Бала беті жыбыр-жыбыр етіп, сәл бөгеліп:

— Ұрсады, кейде ұрады,— деді жымындап...

Клавдия Максимовна баланың әкесімен үйіне барып әңгімелесті. Мәселе былай екен: үйде оңаша қалғанда Жұмат екі рет ыдыс сындырып алып, және мұны жасырмай өзі айтыпты да, сыбағасына таяқ жепті. Үшінші рет осындай бір қысылтаяң күйге душар болғанда, бала бүлдірген ісін мойынға алмай өтірік айтыпты. Мұнысын ешкім сезбепті. Басты арашалаудың алғашқы тәжірибесінен желіп өте шыққан бала содан былай, қисыны келген жерінде, өтірікті соғып жібереді екен-ау!

Бірақ, Жұматтың бір өтірігі мектепке келген күні-ақ көптің көзінше қолға түсіп қалды ғой. Оқытушы жекіп ұрыспады оған. Сонда да бала көзі жыпылықтап, қатты қысылды. Сол сәтте өзіне қадала қалған жас достарының көзіне тура қарай алмай, басы да төмен салбырап кетіп еді. «Бала өз айыбын сезіп ұялды, ең жақсысы осы ғой», деп ұстазы ішінен сүйінген-ді.

Клавдия Максимовна Жұматтың әкесімен байсалды сөйлесіп отырып, оған үлкен мін тақты.

— Баланы ұру яки зекіп ұрсу оны тез жасытады, жасқаншақ етеді. Терістігін, жөнсіздігін ақылмен ұғындыру керек. Бала айыпты болса, ұрыспай-ақ, жай ғана қабақ шытуға болады ғой. Есті бала соның өзінен-ақ айыбын сезеді. Тәрбиеші адамның қас-қабағында, көз қимылында сан жайды аңғартатындай қасиет болуы керек қой,— деді Клавдия.

Ол Жұматтың мектеп ішінде қағаз жыртып шашқанын мойындамай қалай танғанын, бірақ құрбылары оны бұлтартпағанын, айыбы әшкере болған шақта баланын шаяндай қызарып ұялғанын күлімсірейі отырып баяндап келіп:

— Сіздің ұлыңыз жақсы бала, ол өз мінін түсінді,— деді Жұматтың әкесіне.

Жұрт «тәртіпсіз» деген баланың бойында да бір тәуір қасиеті болады деп ұғады Клавдия. Тәрбие жұмысында сол қасиетті өршіте түсуге аса мән береді де соның өзін бала мінезіндегі ақау-мінді түзеуге шипалы дәру етіп жұмсайды. Жұмат мектеп ішінде пысық, белсенді бала.

— Жұмат бүгін кезекшілік міндетін жақсы атқарды. Желдеткіштерді ашып, кластың ауасын жақсартып тұрды. Тақта сүртетін шүберекті үзіліс сайын сулап, әзір етіп отырды. Бүгінгі жақсы ісі үшін мен оған бес қоя-

мын,— деді бір күні Клавдия оқушытар алдында онын есімін ерекше атап.

Жұматтың көңілі өсіп көтеріліп қалды. Көршісіне қарап, жымындап, қозғалақтап, қопаңдап қойды. Ұстазына да қайта-қайта қарағыштай берді. «Осы ұстазымды ренжітпесем екен!» Бала жүрегіне нәзік қана, ыстық қана осы сезім оралды.

\* \* \*

Әр күн сайын шәкірттер өмірінде сан алуан жаңалық туып жатты. Күн озған сайын олар әрбір әріп, әрбір цифрды ұғына түсті. Ұлы өміріміздің ұсақ-ұсақ бір тетіктерін меңгеріп жатыр. Ұстаз да осыған қуанады. Жас оқушының қаламды сыяға еппен батырып, нәзік қолы сәл дірілдеп, дәптер бетіне өрнек түсіріп, әріп жазғанына қызығып қарайды. Әр баланың мінезі, ерік күші, шыдам-төзімі әрқилы. Мұны да барлап тұрады.

— Мұның не. Надя, дәптеріне не ғып сыя төгіп алдың? — деді ол Анненковаға таза жазу сабағында.

— Асықтым, тез жазғым келді.— деп Надя тілін шығарды.

— Мен асықпай жазындар дедім ғой. Айтқанды орындамадың. Дәптердің келесі бетіне жөндеп қайта жаз. Болған соң маған көрсет,— деді оқытушы салмақты түсін біркалыптан өзгертпей сөйлеп.

Кеше үгіттеп айтып еді, Надя ұмытып кетті мұны, дәл кешегісін тағы да қайталады. Оқытушы оған бұл жолы сәл бұйырып сөйледі. Надяны үнемі бағыл, әлсіп-әлі ескертіп отырмаса, ол өз ыркына тез көше береді. Келесі «Ана тілі» сабағында Клавдия Максимовна оның фамилиясын тағы да ауызға алды.

— Анненкова, бәрі шық, столдың қасына кел... Қолыңмен көрінгенді шұқылап, тыныш отырмадың, мені қатты ренжіттің.— Клавдия Максимовна Надяны құрбыларына қаратып, стол қасына тұрғызып, әліппесін алдына жайып берді.— Партанда дұрыс отырмадың, енді осылай тұрып оқы...

Клавдия әр жолы түрліше әдіс қолдану арқылы Надяның еркі әлсіз, шыдамы босап екенін білді. Жас қыздың мінез-құлқын барлап қараса, бәрі де үйішіндегі еркеліктің салдары сияқты. Надя әке-шешесінің тұңғышы ғой, қызының көңілі қалағанын олар алдына тоса бергендей,

айтқанын екі етпей орындай бергендей. Кішкентай ғана Надяның ұстаздың сөзінен гөрі өз дегенін орындауға талпына беруі осыдан болар.

Клавдияға осы ой келді. Ол өз ойын Надяның туысқандарына айтқанда, дәрігер Тамара Андреевна қарт ұстаздың әжімді жүзіне сүйсіне қарап отырып:

— Клавдия Максимовна, сөзіңіз өте әділ, тура таңғанысыз. Тұңғышымыз болған соң. Надямызды тым еркіне жіберіп алыппыз, әмірін орындай беріппіз. Біздің қызымыз — сіздің шәкіртіңіз. Тәрбие ісінде сіз — бізге, біз — сізге көмектесейік, — деп ынтық тілек білдірді.

— Надя менің де қызым. Оның өнегелі болғанына туған анасынан кем қуанам ба екен! Түлегіміздің нағыз адам боп жеткенін тезірек көрсек дейміз. Ортақ арманымыз осы емес пе! — деді Клавдия нұрлы, ажарлы пішінде.

Қарт ұстаз өз шәкірттерінің бәрінің де өнегелі, өнерлі болып түлеп ұшуын ғана армандайды. Солардың өмір биігінде еркін самғап жүрген жақсы күнін көруге асығады. Әр оқушының жанына ізгі қасиетті ғана еге бергісі келеді. Сабақты озық оқытып, тәртібі де үлгілі оқушының бойында да бір кемістік болуы әбден мүмкін. Клавдия Максимовна өзінің ұстаздық тәжірибесінде мұндай күйге талай кездесіп те қалған. Ол Надямен бір партада отыратын Саша мінезінсіз өзгеше бір жайды сезіп жүрді. Саша Отроков озат оқушы, шөлкес мінезі жоқ, тәртіпті бала. Сабаққа тыныш қана келіп, партасына үнсіз ғана барып отырады, сөзге де тым сараң. Үзіліс кезінде тыптыныш, сал-салқын, егде адамша салмақты кейіпте ғана жүргені. Балалық ойынға да елігуі аз.

«Бала деген ойымақұмар, сліккіш келеді, әр нәрсеге бір соқтығып қалып, жаркылдап жүруші еді. Саша бірақ мұндай емес. Неге бұлай?» — деп ойлайтын Клавдия Максимовна.

Ол Сашаның үйдегі жағдайын, төңірегін жете зерттеп шыққанда, бұл сұрағына жауап тапты. Өзінің бар бақылап-барлағанын Сашаның ата-анасына түгел ағытып, пікірлесіп еді.

— Мен өзім шофермін ғой, жұмыстан шаршап келемін де тыныш қана жатып демаламын. Сіз айтқандай, баланың ой-өрісін, ұғымын дамыта беру үшін түрлі тақырыпта баламен әрдайым әңгімелесіп отыруға назар салмағанымыз рас, — деді Сашаның әкесі Федор Дмитриевич.

— Баланы жаркын мінезге, әрқашан көңілді, сергек болуға тәрбиелеуге үйішіндегі үлкендердің әңгімесі әсерлі ықпал етеді. Бұған назар салмауыңыз жол емес. Кісі жұмыс істегенде шаршауы әбден мүмкін, бірақ адам тәрбиелеу ісінде қажуға тиісті емеспіз.— деді Клавдия Максимовна.

Ақылды сөзден қызара ұялып, үп-үлкен Федор Дмитриевич балаша төмен қарады.

Клавдия мектепке келгенде оған қара костюмді, шляпасын қабағына түсіре сәл қисайта киген, бір интеллигент жолықты.

— Бірінші «В» класының мұғалімі сіз боларсыз? Мен сіздің шәкіртіңіз Сүлейменова Нағиманың ағасы Тасболат дейтін кісімін. Өте маңызды мәселе жайында сөйлесе келдім,— деді ол оқытушыға басын ғана иіп сәлемдесіп, көкірегін шалқак ұстап.

Клавдия оның бұл қылығын іштей ұнатпай қалса да, оқушы жөнінде әңгімелесе келгеніне разы көңілмен қуаныш білдірді.

— Нағимаға арифметика пәнінен қойған бағаларыңыз бізге шұба келтірді. Нағима тым ақылды, ерекше таланты бар қабілетті жас. Есептен ылғнына әлсіз баға алуы тіпті мүмкін емес,— деді Тасболат таңданғандай қасын керіп.

Бұл бір тосын сөз еді. Ұстазы шәкірттеріне алалап қарар ма? Әрқайсысының өнегесіне сүйініп, мініне туған анасындай-ақ қынжылып отырмай ма? Өзінің ұзақ ұстаздық жылын Клавдия Максимовна нағыз азамат тәрбиелеу ісіне арнап келе жатқан жоқ па? Өмірдің көп сабағын көрді ол. Ұлы Отан соғысы жылдарында күйеуі Сталинград түбіндегі шайқаста қаза болып еді, үлкен ұлы да сол жылы майданда қазаға ұшырады деген ауыр хабарды жаңы күйзеліп естіген. Сол жылы өзі Коммунистік партия қатарына өтті. Өзіне-өзі мол қуат бітіру үшін, бұрынғыдан зор қажырмен еңбек ету үшін коммунист болғысы келіп еді. Бар өмірін қажымас ұстаздық іске арнаған. Тасболаттың әлгі сөзі сол тәрбиешінің игі еңбегін елемегендей сес танытты. Клавдия Максимовна осыған қынжылды. Әйтсе де бөтен шырай көрсетпеді.

— Олай болса, рұқсат етейік, сабағыма қатысыңыз, бәрін де өз көзіңізбен көріңіз,— деді ол шұбашыл интеллигентке...



Тасболат сабаққа қатысып, бар жайға өзі күә болып шыққанда оған:

— Міне, көрдіңіз бе, құрбыларының бәрі біліп алған ондық цифрларды Нағима әлі танымайды. Екіні жазса, төрт деп оқиды. Төртті сұрасаң, онның цифрын көрсетеді. Мұның себебі неден, қалай деп ойлайсыз? — деді Клавдия Максимовна.

— Нағима үйде бәрін де білетін, класта оқушылардан және біздерден қысылған болуы мүмкін, — деп кібіртеді Тасболат.

— Үйде бәрін біліп тұрса, класта да жаңылмайды. Бірақ, сіздер Нағима қабілетті деп, оны көзінше мақтап, мүлде сеніп алғансыздар да, оқуына, сабаққа қалай әзірленіп жүргеніне ден қоймағансыздар. — деді мұғалима.

Тасболаттың дәлелсіз шұбасы ыдырай бастады білем. Ұстаз сөзін ұзақ үнсіз тындап тұрып:

— Нағиманы әкесі қайтыс болған соң алақанға салып өсіріп ек, бәріміз аса жақсы көруші ек... — деп бәсең сөйлеп, мүдіріп қалды.

— Нағиманы мен де жақсы көрмесем, өзімді де, сізді де әуреге сап осылай сөйлесіп тұрмас едім. — деді Клавдия Максимовна езу тартып.

Ұстаз аузынан шыққан осы бір қарапайым сөзден адамды сүйген үлкен жүректің биік қасиеті сезілгендей еді.

## ЖАҢА ПРЕДСЕДАТЕЛЬ

### 1

Коммунист Омаров Нұрланның Киров атындағы колхоздың председателі болып іске кіріскеніне екі-үш күн ғана болған еді. Кешқұрым кеңседен қайтып келе жатып, бір үйдің ығынан өте бергенде өзі жайында ынғайсыз бір сөздерді құлағы шалды:

— Маңдайы жалтыраған маңғаз біреу екен, бұрыңғы бастықтарымызша колхоз ырысын еміп-еміп, тайып отырмаса.

— Ә, қайдам, өз ауылыңның адамы емес, жай-күйіңе түсіне қойса жақсы ғой.

Сүйрендеп отырған екі-үш сөзуар әйел еді. Бұлардың ащы сыпсың үніне бір еркектің салқын қоңыр даусы араласты.

— Жетер, сыртынан тон пішкендерің не. Жаңа келген адамның жемқор екендігіне көздерің қайдан жете қойды? — деді ол.

Омаров әйелдердің қазымыр сөзін амалсыз естіп, үн-түнсіз өтіп кетті. Ақжарқын көңілді, сабырлы мінезді адам еді. Жаны қатты толқып, терең ойға шомып қалды. Ауылға өзі қалап келерінде Нұрлан: «Көп жыл колхоз басқарған тәжірибеміз жоқ, шаруашылық мәселесін шешуде, барған бойда-ақ, талай қиындыққа кезігерміз» деп күткен еді. Келмей жатып біреуден ащы сөз естірмін деп әсте ойламаған. Өмір оның ырқына көне қойсын ба, жаңа адамды өзінің тұщы да ащы дәмімен қарсы алды. Сол дәм-тұзды алда да талай татқызар.

«Әзірше үйреніспей, ұғыспай жатқан шығармыз, кісі кісіге жүре-бара ісімен, қылығымен жағады ғой» — деп ойлады жаңа председатель.

Басқарма мәжілісінде ауыл болашағы туралы мәселе қаралды. Шаруашылық жайы кеңірек сөз болды. Соңғы жылдарда мал басы азайып қалған екен: он үш мыңдай қойы, екі мың қаралы сиыры, төрт жүзге толар-толмас жылқысы бар.

— Мал баққанға бітеді, жөндеп бағып-қақпасаң, тұқымы қалай өссін? Жылда жемшөбіміз жетпей қалады, әрі мал қорасына кемтармыз,— деп сиыр фермасының менгерушісі Наурызқан үлкен бір кемшіліктің сырын аша сөйледі. Құрылыс бригадасының бригадирі Қадриң Пазыт механикаландырылған жаңа мал қораларын салу жайы сан мәртебе сөз болып, бірақ жүзеге аспай келе жатқанын айтты.

Жұқа селдір шашын сипап қойып, ара-арасында сұрау беріп отырғаны болмаса, бұл мәжілісте Нұрлан сөйлеген жоқ, жолдастардың пікірін зейін қойып тындады.

Алда тұрған міндеттер үлкен еді. Жаңа председатель өзінің орынбасары Нұрпазыл екеуі шаруашылық жайын кеңесіп, мәжілістен соң да ұзақ отырып қалды. Кеңседегі аспалы керосин шам көпке дейін сөнбей, терезеден қараңғы көшеге әлсіз сәулесін өлеусіреп түсіріп тұрды

## 2

Бұл колхоз жерге кенде емес. Өз меншігінде 65 мың гектар жері бар. Бабын тауып күте білсе, исінбей иер топырағы торқа жер. Ұзақ жылдар бойы қаншама құнарлы өңірі игерусіз жата беріпті. Жаңа председатель келген жазда колхоздың дән себілген бір жарым мың гектар ғана егіндік алқабы бар еді. Колхозға пайда келтіріп, олжа әкелетін ырыс-дәулеті — сол шағын егіні мен кең өрісін жайлаған малы ғана. Табыс табарлықтай өзге мардымды шаруашылығы жоқ-ты. Сол себепті артель мүшелеріне заттай және ақшалай тиетін үлес те аз болып келген. Ауыл адамдарының әл-ауқат тұрмысын биікке көтеріп, олардың мұқтажын алдымен орындау үшін қам жеу — ең маңызды мәселе еді. Тұрмыс жақсарған жерде еңбекке деген ынта да артады ғой.

Бір күні таң бозарып қалған кезде председатель жеңіл киініп тысқа шықты. Қос ат жегілген арба көшенің арғы бетіндегі аласа үйдің алдына келіп тоқтады.

— Әу, Мырзеке, тез алып шық бидайынды,— деп дауыстады делбе ұстаушы.

Омаров жөн сұрағанда, ашпы ауылдағы диірменшіге мін тағып, кейіп сөйледі:

— Мотормен жүретін диірменіміз бар деп атын дабырайтқанымыз болмаса, қай пайдасын көріп отырмыз. Біресе сынады, біресе жанармайы болмай қалады. Жүргенінен тұрғаны көп. Мына бидайды ауданға апарып, тартқызып әкелуге бармақшымын. Әйтпесе түннен дүбірлетіп нем бар еді?

Председатель ауылдағы диірменнің бүлініп тоқтап тұрғанына өзі кінәлі кісідей қатты қысылып қалды.

Ауылға келгеннен бергі әуелгі күндер жаңа басшыны осылайша колхоздың әралуан жағдайына үңілтіп, ойға шомдырып, шапшаң сырғып өтіп жатты. Уақыт текке зырлап жатпады, әр күннің көңілді көншітіп, жаныңды жадыратарлық қуанышы да бар еді. Ауыл тіршілігінде жаңа бір тың уақыт бел алғандай, ынта артқандай. Біртін-біртін жүзеге асып, он шақты айдың жүзінде талай жұмыс сәтімен бітіп қалды. Мотор күшімен жүретін 22 киловатт қуаты бар электр станциясы ауылға нұрын төкті. Әр үйде, көшеде, қырман басында Ильич шамы жарқырады. Сол шұғыла ауылға нұрдай сұлу мәдениетін ала келді, әр колхозшының үйінде радиоқабылдағыш сайрады.

Ауылдың көркін келтіріп, қыруар құрылыс салынды. Қотандағы мыжырайған мектеп үйі еңсесін жоғары көтеріп сән түзеді. Колхоз басқармасы маңдайы жапырайған жеркепеден көп бөлмелі, сәулетті жаңа биік үйге көшіп кірді. Колхозшылар колхоздан жәрдем алып, он екі тұрғын үй салды. Ауылдың ажарын кетіріп, ұсқыны қашқан көне үйлер әлі де аз емес. Алдағы бірер жылда олардың қарасы түгел өшіп, орнында сәулетті үйлер тұрмақ.

Астық қоймасы дегені болмаса, азық сақтайтын қойма бұл ауылға бұрын бітпеген еді. Жаңа председатель бір мәжілісте басқарма мүшелерінің назарын осыған аударды. Көпшілік құптаған сөз далада қалған жоқ. Жеміс сақтайтын, жас ет қоятын салқын қоймалар салынды.

Қазақ ауылдарының көбінде колхоздың жұмысбасты басшыларының жүре тындап, селқос қарайтын бір нәрсесі бар. Бұл — монша салу. Киров атындағы колхозда әдемі жаңа монша орнағанда осы ауылға көрші отырған «Еркіндік» колхозының председатели Қорабай Елеусізов:

— Монша салуға көңіл бөлмей келе жатқаньмыз рас еді. Көршіміздің үлгісі бұрынғыдан бетер ұялтып отыр,— деп шын мойындады.

### 3

Киров атындағы колхоздың өткен жылдағы табысы бір миллион 300 мың сомға жетті. Колхозшының әр еңбеккүніне үш сомнан ақша тиді. Жаңбырдың тапшылығынан егіннің шығымы тым төмен болды. Әр колхозшы бір еңбеккүніне бір килограмнан ғана астық алды. Еңбекке үлесерлік бұдан басқа дақылы, жемісі жоқ. Колхозшының алты ай қыс, алты ай жаз бойы сіңірген еңбегіне татырлық үлес тимеді. Бірақ лажы бар ма, көрпені бойға шақтап жамылуға тура келді.

Өткен жылдың сабағы алға әрі жауапты, әрі күрделі міндет тартты. Бір жылдың қорытындысына қарай отырып, қол жеткен табыстарды таразылап, жаңа председатель келер күнге көз жіберді.

Әсіресе егіннен мол өнім алудың амал-әдісін көп қарастырды. Өткен жылы егіннің көп жерде шықпай қалуын жауынның жаумауынан ғана көруге болмас еді. Егістік жер қыста баптап күтілмеді. Қалқа-бөгесін қойылмаған соң жауған қарды жел қуалап әкетіп, егістік өңір жалаңаш жатты. Қар еріп, көктем туғанда жер еркін сусындай алмады. Ылғалы аз топырақ тез қуаң тартты. Қырсыққандай жаңбыр да тапшы болды. Енді қайтіп егін бітік шықсын?

— Ерте бастан амалын таппасак, биыл да сондай күйге ұшырап қалмауымызға кім кепіл? — деді председатель егіс бригадирлерімен істің жайын кеңескен мәслихатта. Өзді-өзі пікір алысып, кең толғанып, көктемгі егіс науқанының жоспарын әзірледі.

Қыс бойы егіндік алқап жақсы күтіп бапталды. Колхоз көктемгі егіске жылдағыдан ерте шықты. Бірақ әуелгі күндері жұмыс тез ілгері басып кете алмады. Колхоз тұқым себуден аудан бойынша артта қалыңқырап қойды. Жаңа председатель аудандық партия комитетінің бюросына шақырылды.

Бюро мүшелері бірінен соң бірі сөз алып, Омаровты шыр үйіре жөнелді. Председательге тұс-тұстан сұраулар да жауып кетті.

— Аса маңызды көктемгі егіс науқанына мән бермей, жауапсыздыққа салынғаны үшін, жұмысты жөндеу ұйымдастырмай бетімен жібергені үшін Омаровқа партиялық қатаң шара қолданылсын! — деп дупарткомның бірінші секретары Рақым Берниязов сөзді келте қашырды.

— Бар кінәні мойынға аламын. Бірақ МТС жөндеген оялқалар егіске шықпас бұрын байқаудан өткізілмепті. Мүкнәт жөнделді, сақадай сай» деп МТС басшылары куәлік етті. Жақсы ондалғаны сол ма, егіске шыққан күні-ақ көбінің кем-кетігі, ақауы табылып тұрып қалды. Күнделік тұқым себу жоспары сол себептен орындалма- ны,— деп председатель мән-жайды әділ айтып еді.

Сол жолы бюрода «мүйізделіп» шыққан Омаровқа дупартком секретарының әсіресе «жұмысқа жауапсыз қарайсың» деген жазғыру сөзі қатты батты. Тіпті бюро үстінде «кателесесің» деп оның сөзін қайырып тастағысы да келді. Әдеппен сабыр тұтып қалып еді. Өзіне жүктел- ген міндетті қолынан келгенше, шама-шарқынша, шын беріліп атқарып келгеніне коммунистік ұжданы, өткен өмір жолы куә. 1939 жылдан бері партиялық аппаратта жауапты қызмет істеді. Партияның шақыруымен ауыл қызметіне баруға бел буған әйгілі отыз мыңшыларымыз- дың сапына қосылып, Омаров Нұрлан да былтыр жаз ортасында Жаңарқа ауданының Киров атындағы колхо- зына председатель болып келген. Ол сол жылы Осака- ровка аудандық партия комитетінің секретары еді. Ауыл- ға келгеннен бері колхозды биік өрге шығару үшін өз білгенін, қолдан келгенін аянып жатқан жері жоқ. Бұ- рын колхоз басқарған тәжірибесі мол адам емес қой, ша- руашылық жүйесінде қайсыбір істің мәнісін біле алмай, кемшілікке ұрынып қалуы да ықтимал.

Ауданнан көңілі жабырқап қайтқан председатель ауылға келе тез жадырап, қызу жұмыс құшағына еніп, ренішті ұмытып та кеткен еді.

\* \* \*

Бүгінгі кіші-гірім жетістік ертеңгі үлкен табысқа үміт артып, әр күн еңбек күйіне бөленіп өтіп жатты. Көктемгі себілген дән тез өніп, көк егін құлпырып жайқалып қал- ды. «Биыл егіннің әр гектарынан орта шамамен он бес- жиырма центнерден түсім алармыз» деген дәме бар. Та-

яудағы бірер жылда колхоз даласының өні мүлде өзгеріп жаңармақ. Егіс көлемі биылғы мөлшерден екі есе ұлғаймақ. Мал саны артады. Биылғы күзге қарай мол табысты шошқа фермасын ұйымдастырудың қамы ерте бастан жасалып қойды. Ауылдан 250 километр қашықта кең жайлау бар. Бұл колхоздың ірілі-уақты бар малы қысы-жазы сонда өрістеп келеді. Сол жайылым участогіндегі Дарат тоғанын үлкейтіп, келер көктемде оның атырабына түрлі жеміс, жүгері егіліп, 400 гектардан аса өңіріне егін салынбақ. Малшылар қыстауында ұн тартатын моторлы диірмен орнамақ. Сонда алыста жатқан малшыларға астықты ауылдан тартпайтын болады. Колхоз жуырда ғана токарьлық станоктер сатып алды. Аспалы көрікті ескі ұста дүкенінің орнына механикалық жаңа мастерской орнайды.

Бірыс-дәулет артқан сайын ауылдың ажары кіріп, рендене түсеріне күмән жоқ. Алдағы жылда үлкен мәдениет үйін салу жоспарда бар.

Жаңа председателді келген әзірде сыртынан сынап-мінеп, сөзді қырық саққа жүгірткен кейбір шүбәшылардың көңіліндегі күмәні де жұмыс өрге басқан сайын ыдырап тозып, сөне берді. Әрқашан да тұрмыс түзеліп, жағдай жақсара түскенде, өсек-аянның тынысы бітіп, қарасы өше бермек қой.

1956

Қарағанды облысы,  
Киров атындағы колхоз.

## МАЗМҰНЫ

Оның өмір жолы	3
Шәмшинур	23
Өмір күйі	31
Құрылысшының әңгімесі	40
Кеншілер	49
Жылдар сыры	67
Қарапайым адам	78
Қомбайншылар	85
Арамза қозы	90
Бакташының баласы	96
Омар атайдың немересі	102
Клавдия Максимовна	107
Жана председатель	117



Н. ГАБДУЛЛИН  
ПЕСНЯ ЖИЗНИ

Очерки

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1961

Редактор С. Бакбергенов. Художник П. Желяков.  
Худож. редактор Н. Гаев. Техн. редактор К. Фзритденов  
Корректор Б. Омаров.

Сдано в набор 4/X-1960 г. Изд. № 16. Подписано к печати 25/XI-1960 г.  
Формат 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>—3,87 п.л.—6,35 усл. печ. л. (уч.-изд. л. 6,4)  
УГ06299. Тираж 6500 экз. Цена 20 коп.

Заказ № 1996 Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР.  
г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.